

Б. ҚАЛИЕВ

**ҚАЗАҚ
ТІЛІНДЕГІ
ДАУЫСТЫ
ДЫБЫСТАРДЫҢ
РЕДУКЦИЯСЫ**



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АҚАДЕМИЯСЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

Б. ҚАЛИЕВ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ РЕДУКЦИЯСЫ

(Эксперименталды-фонетикалық зерттеу)



Қазақ ССР-інің „Ғылым“ баспасы
Алматы • 1984

Қалиев Б.Қ. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редуциясы.
- Алматы: Ғылым, 1984. - 116 б.

Кітапта қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың сандық және сапалық редуциясы мен қысқа дауыстылардың сөз құрамынан түсіп қалуы сөз болып, олар жартылай және толық редуция деп екіге бөлініп қарастырылады да, редуция құбылысының тек сөз екпініне ғана емес, сонымен бірге, басқа да толып жатқан қосымша факторларға байланысты әвандігі эксперименталды-фонетикалық зерттеу негізінде дәлелденеді.

Еңбек ғылыми қызыметкерлерге, аспиранттарға, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, мәттеп мұғалімдеріне арналады.

ҚАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қазақ ССР Ғылым академиясының
академигі І.Қ.КЕДЕСБАЕВ

РЕЦЕНЗЕНТТЕР

филология ғылымдарының кандидаттары
Ә.МҮНІСБЕКОВ, М.ИСАЕВ

Қ 4602000000-010 134.84
407(05) - 84

© Қазақ ССР-інің "Ғылым" баспасы, 1984

К І Р І С П Е

Тіл дыбыстары, әдетте, жеке дара өмір сүрмей, бір сөз ішінде болсын, бірнеше сөздер тіркесі келесінде болсын, бір-бірімен байланысып, өзара қарым-қатынаста қолданылады; тығыз бірлікте жұмсалынады. Сондықтан да, тіл білімінің "Фонетика" тарауында тек жеке дыбыстардың табиғаты мен ерекшеліктері ғана зерттелініп қоймай, сонымен бірге, олардың өзара қарым-қатынастары да қарастырылады. Өйткені осы қарым-қатынастың өсерінен дыбыстар біріне-бірі ықпал етіп, оейлеу процесі кезінде түрлі өзгерістерге ұшырайды да, оан қилы оттанкілер түрінде қолданылады.

Дыбыстардың қарым-қатынасынан туатын мұндай өзгерістер түркі тілдерінде де жоқ емес. Біз зерттеуге алып отырған қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редуциялануы – осындай қарым-қатынастан туған фонетикалық өзгерістердің бір түрі.

Тіл біліміндегі редуция¹ құбылысының немі мынада: қандай да болмасын белгілі бір дыбыс сөздегі фонетикалық жағдайына байланысты өзінің әдеттегі дыбысталу айқындылығын жойып, саны жағынан да, сапасы жағынан да әлсірейді. Кейде негізгі қасиеттерін мүлдем жоғалтып алып, "нольге айналады" немесе басқа бір дыбысқа ауысып кетеді.

Мұндай қасиет, әрине, көпшілік тілдерге тән. Алайда әр түрлі системадағы тілдердің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты ондағы болатын редуция құбылысы да әрқалай болады.

Дауысты дыбыстардың редуциялану құбылысы ешбір тілде өздігінен бола беретін нәрсе емес. Оған да белгілі бір фонетикалық жағдайлар, маңызды-маңызды факторлар қажет.

Айтаық, күшті фонетикалық жағдайда тұрған дауысты дыбыстың өзіне тән саны мен сапасы болады. Егер осы фонема әлсіз фонетикалық жағдайда келетін болса, онда ол өзінің бұл қасиеттерінен азды-көпті айырылады. Яғни, саны жағынан қысқарады, сапасы жағынан әлсірейді. Бір сөзбен айтқанда, редуцияға ұшырайды. Мыс.: жый, ж^нйың, жый^ну¹нел.

Осы үш сөздегі қысқа дауыстыларды бір-бірімен салыстырып

1. Р е д у к ц и я – латын тілінің *reductio* "кері кету", "кейін шегіну" /артқа жылжу/ деген мағынадағы өзінен жасалған термин. – А.Б.

қарасақ, біз "жиі" сөзіндегі [ы] дыбысына қарағанда "жиінің" сөзінің бірінші буынындағы [ы] дыбысының ері әлсіз, ері қысқа екендігін, ал осы екінші сөздің соңғы буынындағы [ы] дыбысына қарағанда үшінші сөздің ортаңғы буынындағы [ы] дыбысының әлде қайда әлсіз екендігін, кейде тіпті мүлдем түсіп те қалатындығын көреміз. Яғни, бір ғана [ы] фонемасы ер түрлі фонетикалық жағдайға байланысты түрліше дыбысталып тұр.

Дыбыстарда болатын мұндай өзгерістер, кейбір зерттеушілер айтқандай, тек қысандарға ғана емес, сол сияқты ашық дауыстыларға да, қала берді, дауыссыз дыбыстарға да тән нәрсе [50/281]².

Дауысты дыбыстардың редукциялануы бір сөз ішінде ғана емес [о¹ хім, п^шақ], түбір сөз бен қосымша аралығында да [орны + ы > орны, бала + лар > баллар~балдар], қала берді, тіркес көлемінде де [алып келіп бер > ап кеп бер > әпер] кездесе береді. Тек, өйтеуір, қолайлы фонетикалық жағдайда тұрса болғаны.

Соғарыда аталғаны "пышақ" сөзінің "п^шақ" түрінде, "орын" сөзінің "орны" түрінде, "алып келіп бер" тіркесінің "әпер" түрінде айтылуы тек қана қазақ тілі үшін емес, басқа түркі тілдері үшін де жат емес. Міне, бұлар – редукция мәселелері. "Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы" атты бұл еңбегіміз осы мәселеге арналады.

Мәселенің қойылысы, методологиялық принципі, зерттеу әдісі

Дауысты дыбыстардың редукциялану құбылысы – қызықты да күрделі проблемалардың бірі. Оның төңірегіне көптеген лингвистикалық мәселелердің басы жинақталған. Мәселен, түркі тілдеріндегі редукция құбылысы деп нені айтамыз? Қысандардың қатаң дауыссыздардың аралығындағы көмескіленуі ме, жоқ, әлде, оның сонор дауыссыздарынан кейінгі түсіп қалуы ма?

Егер редукция деп – бұлардың екеуін де емес – екпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың сан-сапа жағынан әлсіреуін, осы әлсіреудің нәтижесінде кейде сөз құрамынан мүлде түсіп қалуын

2. Дробь алдындағы цифр библиографияда берілген әдебиеттердің рет санын, ал одан кейін тұрған цифр сол кітаптың (журналдың) бетін көрсетеді. – К.Б.

айтатын болоақ, онда ол құбылысты қалай түсінуге болады? Дауысты дыбыстардың артикуляциясы жағынан тарылу³ ма, жоқ, елде, олардың айтылу күші жағынан әлсіреуі ме? Мүмкін, редукция дегеніміз – дауысты дыбыстардың тек созылыңқылығы жағынан қысқаруы шығар?

Түрқологиялық әдебиеттердің бәрінде де екпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың редукцияланатындығы көрсетіліп, оған көршілес дауыссыздардың әсері үлкен роль атқаратындығы айтылған. Олай болса, дауысты дыбыстардың редукциялануына негізгі әсер етуші күш қайсы? Екпін бе, жоқ, көршілес дауыссыздардың әсері ме?

Зерттеушілердің айтуларына қарағанда, түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың редукцияланып түсіп қалуы үшін, екпін мен көршілес дауыссыздардан басқа да толып жатқан факторлардың, атап айтқанда, дауысты дыбыстың өз сапасының, оның сөздегі және екпінге қатысты орнының, буын түрінің, сөйлеу қарқыны мен сөздердің қолданылу жиілігінің, т.б. маңызы зор көрінеді. Ендеше, дауысты дыбыстардың редукциялануы мен түсіп қалуына осы факторлардың қайсысы қаншалықты роль атқарады?

Қысқасы, дауысты дыбыстардың редукциялануы дегеніміз не? Ол қандай заңдарға негізделген? Теориялық принципте редукцияны туғызатын себептер қайсы? Оны қалай түсіндіруге болады? – деген мәселелердің бәрі де біз зерттеуге алып отырған тақырыпқа тікелей қатысты.

Олардың ішіндегі бір шама зерттелініп, басы ашылған нерсе редукция болатын жағдайлар деген мәселе ғана. Қалғандары күні бүгінге дейін өз шешуін әлі толық тапқан жоқ. Бұл мәнінде Ф.Г.Исхаков: "Өкінішке орай, түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың редукциясы әлі толық зерттелінбей отыр, оның заңдылықтары да анықталған жоқ", – деп жазды [65/66].

Түркі тілдеріндегі екпінсіз дауысты дыбыстардың редукциялануын зерттеудің қажеттілігі туралы В.А.Богородицкий былай дейді: "Біз татар тіліндегі екпінсіз дауыстылардың әлсіреуін жалпы қарастырдық. Түркі тілдері бойынша түбегейлі зерттеуді қажет ететін бұл мәселеге ғалымдар мүлде тоқталмай жүр, тоқ-

3. Т а р ы л у деп – созылыңқы дауыстылардың қысқа дауыстыларға, ашық дауыстылардың қысқа дауыстыларға ауысуын айтамыз. – Қ.Б.

талса, тиіп-қашып қана сөз өтеді. Шындығында, аталған мәселе түркі тілдерін салыстыра зерттеудегі негізгі пункттардың бірі болып саналады" [29/52].

Бұл пікір 1928 жылы жазылған "Қазан-татар диалектісіндегі түбір вокализм мен оның өзгерістері жайында" деген еңбегінде айтылған. Міне, содан бері жарты ғасырдан аса уақыт өтті. Осыны шалықты негізгі ішінде бұл мәселеге ешкімнің батылы жетіп, тірісе қоймаған болса, оның да өз негізі, өз себебі болды.

Өйткені, бұған дейін түркология ғылымы өте жас еді. Оның көп мәселелері зерттелініп үлгіре қойған жоқ болатын. Оның үстіне редуция сияқты өте нәзік фонетикалық құбылысты қазіргі заманның жемісі болып табылатын электро-акустикалық приборларсыз зерттеу - көңілдегідей нәтиже бермесі түсінікті. Сондықтан да, осыдан 55 жыл бұрын қойылған мәселені шешу бұған дейін мүмкін болмай келді. Ал қазіргі күні мұндай жағдай толығымен бар.

Олай болса, біздің басты міндетіміз - қазіргі кездегі тілдің бай материалдарды негізге ала отырып, жоғарыда айтылған мәселелерді жан-жақты зерттеу, оларды тиынақты түрде шешу. Қазақ тіліндегі редуция құбылысын басқа түркі тілдерінің материалдарымен салыстыра қарастырып, ол құбылыс жөнінде бір ізге түсірілген ғылыми қортындыларға келу. Бүкіл түркі тілдеріне ортақ бұл құбылыстың негізгі себебін, ішкі заңдарын, теориялық негіздерін айқындау.

Егер бұлай еткен болсақ, сөз болып отырған құбылыстың оны түгелдей ашылып, оны терең түсінуге мүмкіндік туған болар еді. Редуция мәселесіне байланысты күпиялар айқындалар еді. Мұның бәрі, әрине, түркология ғылымының одан әрі жетіліп, дами түсуі үшін пайдалы болмақ. Сондықтан да, бұл сияқты мәселелерді зерттеп білудің теориялық та, практикалық та маңызы өте зор.

Айталық, қазақ тіліндегі "тіс" сөзі мен "тісім" сөзінің бірінші бұнындарындағы қысқа дауыстыларды салыстырып, олардың әр түрлі дыбысталатындығына көз жеткізудің өзінен-ақ осы тәрізді дыбыстық өзгерістерді ұқыпты түрде зерттеудің маңыздылығы арта түседі. Өйткені, аталған тілдегі "тісім" сөзінің бірінші бұнынындағы [i] қысқаның өте қысқа дыбысталатындығы соншалық, ол әр уақытта "тосім" түрінде айтылып, естілуі жағиан сөздің түбірі "то" па, жоқ, әлде, "тіс" па - оны ажырату тыңдаушыға оңайға түспейді.

Бұл сияқты редукциялану, өсіресе, соңғы буынында қысқа ауыстырып бар кейбір әкі буынды сөздерге дауыстыдан басталған осыныша жалғауған кезде анық байқалады. Мысалы, "орын" сөзіне -жақ тәуелдік жалғауы қосылған кезде сөз "орын" болып өзгереді. ғни, "о-ры-ны" түріндегі үш буынды сөздің екінші буынындағы епінсіз қысқа дауысты түсіп қалады да, сөз әуелгі түбір формасын [орын] өзгертпін, "орн" түрінде дыбысталады және солай жалғанылады да.

Сөздердің морфологиялық жағынан өзгеруі деп біз осыны айтамыз. Олай болса, қысқа дауыстылардың редукцияланып түсіп қалуы түркі сөздерінің морфологиялық формасын өзгертуде маңызды роль атқарғандығы сөзсіз.

Сөздердің морфологиялық формасын өзгертуде себі тиген бұл сияқты фонетикалық құбылыстарды түбегейлі зерттеп білгенде ғана біз тіліміздің фонетикалық және морфологиялық ерекшелігін таныда, ондағы болған өзгерістерді анықтауда зор табысқа жете аламыз. Ұйтқені, дауысты дыбыстардың редукцияланып түсіп қалуы сияқты фонетикалық құбылыстарды ескермейінше, тіліміздің лексикасына да, грамматикалық құрылымына да ғылыми анықтама беруге болмайды.

Ендеше, қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциялануы мен түсіп қалуын зерттеу, ол құбылыстың мәнді-мәнді жақтарына терең талдау жасау және оны принципті түрде жаң-жақты түсіндіру тек аталған тіл үшін ғана емес, сонымен бірге жалпы түркологиялық тіл білімінің ілгері дамуы үшін де аса маңызды болмақ.

Бұл ретте біздің өзімізге дейінгі түркологтардан айырмашылығымыз сол – біз бір ғана қазақ тілінің материалдарымен шектелмей, басқа да түркі тілдерінің материалдарына сүйенеміз. Осы бай материалдарға жүгіне отырып, ғылыми қортынды жасау үшін, тек субъективтік әдісті ғана емес, оған қоса, эксперименттік әдісті де пайдаланамыз. Сондай-ақ, "редукция – тек епінсіздікпен ғана емес, сонымен бірге, басқа да толып жатқан фонетикалық факторларға байланысты құбылыс", – деген қағиданы құптаймыз және алғашқы зерттеушілер тәрізді тек "редукция құбылысы қалай болады" деген мәселені ғана сөз етпей, "редукция құбылысы неге болады" деген мәселені де қамтимыз.

Әрине, бұл айтылған мәселелердің көпшілігі тілдің теориялық проблемаларына жатады. Түркологияда тілдің теориялық жағы өлі де аз зерттелгендігін ескерсек, бізге объекті болып отырған

дауысты дыбыстардың редукциялануы мен түсіп қалуын зерттеудің маңызы оған да гөрі арта түседі.

Енді жұмысымыздың методологиялық принципі мен зерттеу әдісі туралы бір-екі сөз айталық.

Біздің советтік тіл білімінің негізгі бағыты – тілді тарихи тұрғыдан зерттеу, яғни тілдің тарихи дамуының заңдылықтарын ашуға талпыну. Бұл мақсатта салыстырмалы-тарихи әдістің маңызы өте зор. XIX ғасырда туған бұл әдіс, әсіресе 1950 жылы "Правда" газетінің бетінде өткізілген лингвистикалық дискуссиядан кейінгі 30-35 жылдың ішінде әжептәуір жетіліп, бұрынғыдан гөрі дами түсті.

Салыстырмалы-тарихи әдістің, әсіресе, советтік тұрмология ғылымын дамытудағы ролін ерекше атап өткен жөн. Өйткені, бұл әдістің түркі тілдері үшін маңызы өте зор. Туыс тілдер болып саналатын түркі тілдері салыстырмалы-тарихи әдіс үшін нағыз қолайлы объекті болып табылады. Сондықтан да, біз қазақ тіліндегі редукция құбылысын басқа түркі тілдерінің материалдарымен салыстыра зерттеуді жөн деп таптық. Редукция құбылысын салыстыра зерттеу салыстырмалы-тарихи фонетика үшін бай материал береді және жеке түркі тілдеріндегі осы құбылыстың даму, қалыптасу заңдылығын айқындауға көмектеседі. Өйткені, дауысты дыбыстардың редукциялануы түркі тілдерінің бөріңе де тән және барлық түркі тілдеріне ортақ байырғы сөздерде жиі кездеседі. Оның үстіне редукция құбылысының берер нәтижесі де көпшілік түркі тілдерінде бірдей.

Сөйтіп, түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың редукциялануы мен түсіп қалуын салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы зерттеу, сөз жоқ, бірден-бір қолайлы әдіс болып есептелінеді.

Алайда, қазір ғылым мен техниканың дамыған кезінде бұл сияқты әдіс өлі де жеткіліксіз. Сондықтан да біз жұмысымыздың тиісті тарауына эксперимент әдісін де пайдаландық. Себебі, электро-акустикалық аппараттарға сүйенілген эксперименттік әдіс редукция мәселесі үшін өте маңызды құрал болып саналады.

Ең соңында айтарымыз: жұмыстың өн бойындағы біздің басты критеріміз – тілдің материалдардан алынған лингвистикалық фактыларға сүйену болды. Осы мақсатта біз өз зерттеуіміз бен байқағандарымызға қоса, өзімізге дейінгі тұрмологтардың осы саладағы еңбектерін ешқашан да естен шығармағыз жоқ. Жұмысы-

мызда олардың ғылыми жетістіктерін толығымен пайдаланып отырдық, әрі оларға сілтеме жасауды да ұмытпадық.

Бірақ олардың соңынан "көзсіз" ілесе бергеніз жоқ. Керекті жеріңде өз пікірімізді дәлелдей отырып, оның ғылыми жағынан дәлелді болып шығуына талпындық. Ол ойымыздың қаншалықты дәрежеде іске асқандығын оқырман қауымының өздері де көре жатар.

Редукция құбылысының зерттелуі

Түркі тілдерінің фонетикасына арналған әдебиеттермен түгелдей танысып шыққаннан кейін, біз бұл тілдерде редукция құбылысын сөз ететін және монографиялық еңбектердің жоқ екендігін былай қойғанда, осы мәселеге байланысты бірде-бір мақала да жазылмағандығына көзіміз жетті. Солай бола тұрса да, түркологиялық әдебиеттердің тиісті тарауларынан қысқа дауысты дыбыстардың редукциялануы мен түсіп қалуы туралы пікірлерді жиі кездестіруге болады.

Тек ескерте кететін нәрсе, түркологтардың бұл мәселеге байланысты пікірлері бірін-бірі қайталап, толықтырып жатады. Әр автор әр түрлі түркі тілдерінің материалдарына сүйене отырса да, олардың редукциялануы мен түсіп қалу құбылысына байланысты айтарлары да, келтірер мысалдары да бір болып келеді. Бұлай болуы заңды да, өйткені түркі тілдері бір-бірімен туыс тілдер болғандықтан, ондағы болатын фонетикалық, грамматикалық және лексикалық, қала берді структуралық ұқсастықтар кімді болса да таңғалдырмауға керек.

Сондықтан да, біз дауысты дыбыс редукциясына байланысты түркологиялық әдебиеттерге шолу жасағанда осы мәселені сөз еткен барлық еңбектерге емес, тек олардың ішіндегі бастыларына ғана тоқталып, дауысты дыбыстардың редукциялануына байланысты алғаш құнды пікір айтқандар кімдер? Олар қандай мәселелерді көтерді? Кейіннен ол пікір жаңа ойлармен толықтырылды ма? Егер толықтырылса, оның иелері кімдер? – деген сияқты мәселелерге ғана көңіл бөлмекіміз. Оларға хронологиялық тәртіп бойынша талдау жасап, бұрын айтылып кеткен пікірді кейін тағы біреу қайталаған болса, ондайларға соқпай кетеміз. Бұлай ету – түркі тілдеріндегі редукция құбылысының зерттелу барысын, оның қаншалықты дәрежеде

зерттелгендігін және бұл мәселеде кімдердің еңбегі зор екендігін көрсетуде маңызды болып табылады.

Түркі тілдеріндегі редуция мәселесіне қатыс бар пікірді біз алғаш рет "түркі тілдерін зерттеудің пионері" болып есептелінетін ғалым – О.Н.Бәтлингтің еңбегінен кездестіреміз. Ол өзінің неміс тілінде жазылған "Якут тілі туралы" /1851/ деген кітабында түркі тілдерінің бірі – якут тіліндегі қысаң дауыстылардың түсіп қалатындығын көрсетеді: "Егер емі не көп буынды түбір сөздер /зат есімдер мен етістіктер/ дауыссыз дыбысқа аяқталып, соңғы буынында [ы], [і], [у], [ү] қысаң дауыстыларының бірі тұрса, онда бұл сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда өлгі қысаң дауысты түсіп қалады. Мыс.: алын+а > анна, ілін+ә > іниә, мурун+а > мунна, көгүс+а > көхсө, көйүн+әбін > көйиобүн. Ал дәл осындай жағдайда ашық дауыстылар келсе, олар мұндай өзгеріске ұшырамайды" /136/21/.

Редуцияға байланысты құнды пікірді біз Н.И.Ильминскийдің "Кыргыз /қазақ/ тілінің диалектілік ерекшеліктерін зерттеу материалдары" /1861/ деген еңбегінен де табамыз. Автор онда қазақ тіліндегі қысаң дауыстылардың дауыссызға аяқталған екі буынды сөздердің соңғы буынында келіп, оларға дауыстыдан басталған қосымша жалғанған кезде түсіп қалатындығын көрсетіп, мысалдар келтіреді: қийын > қийнау, жийын > жийнау /67/15/. Оған өрі Н.И.Ильминский қазақ тіліндегі үш буынды сөздердің бірінші және соңғы буындары екпінді болатындығын айта келіп: "Ортаңғы буындағы дауысты дыбыстың өте қысқа айтылатындығы соншалықты, ол тіпті естілмейді де". – дейді. Мыс.: бағ^ана, т.б. /67/15/. Әрине, бұл пікірдің редуция құбылысы үшін маңызы зор еді.

Бұдан кейінгі кезекте "түркологиялық фонетиканың атасы" болып саналатын В.В.Радловтың атақты "Фонетикасы" /1882/ тұр. Бізге бұл кітаптағы редуция мәселесіне байланысты пікірлерді түгелдей келтіруге тура келеді. Себебі, бұл еңбек өте ерте кезде басылып шыққандықтан ол барлық оқушылардың қолына түсе бермейді және оның өзі неміс тілінде жазылғандықтан еңбекпен танысу оқырмандардың бәріне бірдей оңайға соқпайды. Оның үстіне, В.В.Радловтың "Фонетикасы" түркі тілдеріндегі ең алғашқы салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы жазылған еңбектердің бірі.

Сонымен, автордың өзіне сөз берелік:

§118. "Егер дауыссыз дыбысқа аяқталған емі не оған да көп

буынды сөздердің /зар есімдердің/ соңғы буынында қысқа дауыстылар келіп, оған дауыстыдан басталған қосымша жалғанса, әлгі қысқа дауысты түсіп қалады. Мыс.: алт. *kālin* > *kald+i*, *qarun* > *qard+y*; тат. *uğun* > *uqn+y*, *bögen* > *börn+ə*, *qarun* > *qarn+y*, *bürk* > *bürk+i*; ұйғ. *könül* > *könn+i*, т.б. Кейбір түркі тілдері үшін мұндай құбылыс міндетті және сөз жасаудың морфологиялық факторы болып табылады" [138/91].

§119. "Көрсетілген құбылыс етістіктерде де кездеседі: *ältür* > *ält+ömän*, *zısqır* > *zısqar+a*, *utır* > *utr+amın*, *uñır* > *uñ+yır*, *jañır* > *jañ+a*, *tultır* > *tultır+a* [138/92].

§120. "Егер буын [p], [t], [q] дыбыстарының бірінен басталып, [s], [š], [č] дыбыстарының біріне аяқталса және оған кейін дауысты дыбыс келсе, онда қысқа дауысты қазақ тілі мен барлық батыс түркі тілдерінің бірінші буынында да түсуі мүмкін. Мыс.: *tis* /қаз./, *tış* /тат./ > *t'sim*, *t'šim*; *tüs* /қаз./, *töš* /тат./ > *t'süm*, *t'šöm*; *rys* /қаз./, *riš* /тат./ > *r'sur*, *r'šir*; *kisi* /қаз./ > *k'si*; *kisä* /қаз./ > *k'sä*; *ryšaq* /қаз./, *ryšaq* > *r'šaq*, *r'čaq* " [138/92].

§131. "Грамматикалық форма жасау кезінде де түркі тілдеріндегі кейбір сөздердің соңғы буынындағы дауыстылар түсіріледі. Мысалы, *kiši* деген сөзге барыс жалғауын жалғасақ, ұйғыр тілінде *kiškä* түрінде дыбысталады. *Pała* /алт./, *bała* /ұйғ./ сөздеріне көптіз жалғауын қосылса, алтай тілінде *pałdar*, ұйғыр тілінде *bałlar* болып айтылады. Сол сияқты, қазақ тілінде *аиғи* сөзі *аиғи* түрінде, *ағуған* сөзі *ағуан* түрінде қолданылады" [138/95].

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редуцияланып түсіп қалуы туралы мәлімет П.И.Мелиоранскийдің "Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы" /1894/ деген еңбегінде де жоқ емес. Онда автор В.В.Радлов көрсеткендей, екі буынды сөздердің бірінші буынындағы қысқа дауыстылардың /егер қатаң дауыссыздардың аралығында тұрса/ түсіп қалатындығын айтады. Мыс.: *пышак* > *п'шак*, *тусур* > *т'сур*, *кісі* > *к'сі*, *тісім* > *т'сім* [95а/20].

Н.И.Аммириң де өзінің "Чуваш тілін зерттеу үшін материалдар" /1898/ деген еңбегінде чуваш тіліндегі дауысты дыбыстардың түсіп қалатындығы туралы күнделікті пікірлер келтірген. Автордың айтуынша, [ä], [ä] жіңішке дауыстылары кейде сөз ішінде түсіріліп айтылады. Мысалы, жоғарғы чуваштардың сөйлеу тілінде "шоқам" /ой/ сөзіндегі жіңішке [ä] дауыстымен түсіріліп,

"шом" түрінде айтылады. Ал осы сөзден жасалған "шомла" /ойлау/ етістігі тіпті жазуда да [а] дыбысыномз-ақ белгіленеді [15/32].

Көрнекті ғалым Н.Ф.Катанов өзінің "Урянхай тілін зерттеу тәжірибесі" /1899/ деген еңбегінен дауысты дыбыстардың түсіп қалу құбылысына байланысты материалдарға жеткілікті дәрежеде орын берген.

Автор урянхай /тува/ тіліндегі дауыстылардың сөйлеу процесінде кейде түсіп қалатындығын айта келіп, ондай құбылысқа созылық /долгие/ дауыстылардан басқа қысқа дауыстылардың бәрі де ұшырай алатындығын ескертеді. Сөйтеді де, оларға мысалдар келтіреді. Мәселен, зат есімдерде: оғлум < оғулум, мойну < мойуну, орну < оруну, қатти < қалтти, қиры < қирыны, аны < алыны, әрі < әріні, қолум < қолулум, поргум < поругум; етістіктерде: тірліп < тіріл, қарліп < қаріл, қорнуп < қорун, қолурлуп < қолурул, қолжуп < қолужуп, қалгып < қалыгып, арган < арыған, қарлып < қарыл, қирған < қиры [70/54].

Енді 1903 жылы шыққан В.А.Богородицкийдің "Қырым-татар тілінің диалектілік ерекшеліктері жайында" деген еңбегіне тоқталмастан бұрын, одан сәл кейін жарық көрген Ф.Е.Корштың "Балдақ" сөзі және түркі тілдеріндегі дауыстылардың созылықтығы" /1909/ деген мақаласы туралы бір-екі ауыз айта кетелік. Онда Ф.Е.Корш [ы] дауыстысының өте қысқа айтылатындығын және оның кей жерде түсіп қалатындығын айтып, оған түркі тілдерінен мысалдар келтіреді: чагырмак > ч̄рмак, багырмак > б̄рмак, бағылдак > балдақ; агыз > агзы, бойун > бойну, т.б. [81/160-161].

Түркі тілдеріндегі редуция мәселесіне тікелей қатысы бар құнды пікірлерді біз В.А.Богородицкийдің жоғарыда аталған "Қырым-татар тілінің диалектілік ерекшеліктері жайында" /1903/ деген еңбегінен де табамыз. Автордың өзін тыңдалық: "Дауыстылар бір буынды сөздерде айқын және созылық дыбысталады. Мыс.: тіш... Егер осы сөз флексия жолымен тішім болып, екі буынды сөзге айналса, онда түбірдегі [і] қысқа дауысты созылық айтылудан қалады" [32/4]. "Екі буынды сөздердегі екпінсіз дауыстылар ашық-қысандығына қарай ер түрлі өзгереді: орташа-ашық дауысты аз, ал қысқа дауысты күшті редуцияланады" [32/4].

Байқаған боларсыздар, біз бұл кітапшадан түркі тілдеріне қолданылған "редуция" терминін ең бірінші рет кездестіріп,

оның өз екпінімен тығыз байланысты екендігінен хабардар болып отырмыз.

Бұған дейінгі біз талдау жасаған әдебиеттермен салыстырғанда, бұл еңбектің айырмашылығы сол – ол алғаш рет дауысты дыбыстар өздерінің сапалық ерекшеліктері мен екпінге байланысты түрліше күйде болатындығын көрсетеді. Екпінді буындағы дауысты мен екпінсіз буындағы дауысты дыбыс созылықтылығы жағынан бірдей емес екендігін айта отырып, В.А.Богородицкий орташа-ашық дауыстыларға қарағанда қысқа дауыстылар екпінсіз буында өте күшті редуцияланатындығын ескертеді. Бұған дейінгі фонетикалық әдебиеттерде мұндай факттың бар екендігі көрсетілгендігімен, оның қандай құбылыс екендігі туралы және не себептен түсіп қалатындығы туралы өз етілмейтін.

Осымен түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың редуциялану құбылысына қатысы бар Октябрь революциясына дейінгі әдебиеттер бітті. Сан жағынан өте аздығына қарамастан бұл әдебиеттерде редуция құбылысының көп мәселелері ежептәуір сөз етілген. Өсіресе, дауыс дыбыстардың түсіп қалу жағдайлары молырақ қарастырылған. Алайда оны ешкім де редуция деп атамайды. Тіпті, В.А.Богородицкийден басқа бірде-бір зерттеуші "редуция" терминін қолданған емес.

Түркі тілдері негізінен тек Октябрь революциясынан кейін ғана толық зерттелгендігін еске ала отырып, біз ендігі жерде совет дәуіріндегі әдебиеттерге талдау жасаймыз.

Өрине, совет дәуіріне тән фонетикалық әдебиеттер өте мол. Оның бәрін түгелдей қамту мүмкін емес. Сондықтан біз олардың ішінен, жоғарыда келіскеніміздей, тек редуция мәселесіне тікелей қатысы бар және оны зерттеуде жаңа белестерге көтерген тұрлогтардың еңбектеріне ғана тоқталамыз. Ондай маңызды еңбектер деп В.А.Богородицкийдің, Е.Д.Поливановтың, А.Боровковтың, Н.К.Дмитриевтың, И.А.Батмановтың, Н.А.Баскаковтың, Э.В.Саворьянның, А.Н.Кононовтың, І.К.Кеңесбаевтың, Ш.А.Аралбаевтың және Ш.Г.Киембаевтың зерттеулерін атауға болады.

Тағыда сол В.А.Богородицкийдің еңбектерінен басталық. Ол өзінің "Түркі-татар тіл біліміне кіріспе" /1922/ деген еңбегінде татар тілі дауыстыларының екпінсіз буында әлсірейтінін айта келіп, ол әлсіреудің дәрежесі дауыстылардың сапасына байланысты екендігін көрсетеді: "Табиғатынан қысқа дыбыстар екпінсіз

буында нольге дейін қысқарады. Үш буынды сөздің екінші буынында, /ʁ/ дауыссызынан соң, кейде ол сөз құрамынан мүлде түсіп қалады. Мыс.: *çil̞ik > çil̞ik̞it*, т.б. [30/49].

Кейін, 1928 жылы "Казан-татар диалектісіндегі түбір вокализм мен оның өзгерістері жайында" деген еңбегінде В.А.Богородицкий бұл пікірін толықтыра түсіп: "Өлсіреу тек қысаң дауыстыларға ғана емес, сонымен бірге, ашық дауыстыларға да тән. Айта кететін нәрсе, ашық дауыстыларға қарағанда қысаң дауыстыларда ол өлсіреу анық байқалады", - дейді. Мыс.: *u¹nām, ɔ¹lām*, т.б. [29/48].

1934 жылы жазылған "Басқа түркі тілдерімен өзара қарым-қатынастағы татар тіл біліміне кіріспе" деген еңбегінде де автор осы айтқандарын қайталай отырып, екпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың сан-сапа жағынан өзгеріске ұшырайтындығын, бірақ ол өзгеріс дауысты дыбыстардың ашық-қысаңдығына, буын түріне, екпінге қатысты орнына, көршілес дауыссыздардың әсеріне және іргелес буындағы дауысты дыбыстардың сапасына байланысты әр түрлі дәрежеде болатындығын ескертеді. Мыс.: *бар > бәрең, иң > иңәм > u¹nām > иңәм*, т.б. Автордың айтуынша, мұндағы /a/ ашық дауыстысы екпінсіз буында аздап қана өзгерген, ал екпінсіз /i/ қысаңы - өкпәтәуір өлсіреген. Тіпті нольге дейін қысқарған десе де болғандай [31/28-30].

Редуцияға қатысы бар кейбір пікірлер Е.Д.Поливановтың "Қарақалпақ тілінің кейбір фонетикалық ерекшеліктері" /1933/ деген еңбегінде де кездеседі. Автор онда қарақалпақ тіліндегі шығу тегі жағынан қысаң дауыстылар болып келген /i/. /y/. /ɛ/. /и/ дыбыстарына жан-жақты тоқтала келіп, олардың сан-сапа жағынан редуцияланатындығын айтады [100/13].

Үйгір тіліндегі редуция құбылысы туралы А.Боровков: "Екпінсіз /a/. /ə/ дауыстылары көп буынды сөздерде өрі қысқа, өрі өлсіз айтылып, сапасы жағынан көмесі дыбысқа айналады. Мыс.: *paχta > paχtisi, baɫa > baɫiɫiri*", - дейді [36/7-8].

Н.К.Дмитриев "Түркі тілінің құрылысы" /1939/ деген еңбегінде түркі тіліндегі қысаң дауыстылардың кейде түсіп қалатындығын айтып, оған *boɣuɫ > boɣuɫi, aɣix > aɣixi, buɣuɫ > buɣuɫi, q̄õnũl > q̄õnũli, oq̄ul > oq̄uli* деген мысалдарды келтіреді [48/13]. Көңіл бәлетін нәрсе, автор бұл құбылысты өзіне дейінгілер тәрізді "оинкопа" деп қарамай, редуция деп біледі. Бұл Н.К.Дмитриев-

тің өзіндік пікірі еді. Өйткені оған дейінгілердің бәрі де оны редукция құбылысының қатарына жатқызбайтын.

Кейін ол "Құмық тілінің грамматикасы" /1940/ деген еңбегінде қысқа дауыстылардың редукцияға икемді екендігіне тоқталып, олардың сөздегі алатын орнына, буын түріне, екпінсіздігіне байланысты сан жағынан түрліше өзгеріске түсетіндігін аскертеді. Кейде оның мүлде түсіп қалатындығын айта келіп: "Дыбыстардың бұл сияқты түсіп қалуы - олардың бірте-бірте редукциялануының нәтижесі", - деп жазады [49/23/].

Н.К.Дмитриев бұдан кейінгі еңбектерінде де редукцияны тек қысқа дауыстыларға байланыстырып, оларды "редукцияланған дауыстылар" дейді. Автордың айтуынша, редукцияланған дыбыстар өте қысқа айтылады, екпінсіз буында тек сан жағынан өзгереді. Мұндай өзгеріс көбінесе екі буынды сөздердің бірінші буынында /б^ілім, к^іші, т.б./, үш буынды сөздердің ортаңғы буынында /яп^тра, қыс^тра, т.б./ анық байқалатын көрінеді [46/9-17/].

Сөйтіп, Н.К.Дмитриев б^ілім, яп^тра тәрізді сөздердегі екпінсіз қысқа дауыстылардың өте қысқа айтылуына қоса, урын > урыны, бурун > бурны тәрізді сөздердегі қысқа дауыстылардың мүлде түсіп қалуын да редукция деп білген.

И.А.Батманов та редукция дегенді тек қысқа дауыстыларға байланыстырады. Ол екі және одан да көп буынды сөздердің бірінші буындарында тұратын қысқа дауыстылар, егер қатаң дауыссыздардың қоршауында тұрса, редукцияланып /сөйлеу тілінде түсіріліп/ айтылатындығын көрсетеді. Мыс.: түштү > тштү, киши > киш, тышии > тшии, бычак > бчак, т.б. [25/84/]. Ал айыл+ы > айлы дегендегі қысқа дауыстының түсіп қалуын "синкопа" деп атап, оны өз алдына басқа құбылыс ретінде қарастырады [26/76-78/].

Н.А.Баскаков болса, редукция деп - дауысты дыбыстардың екпінсіз буындағы әлсіреуін және осы әлсіреудің нәтижесінде сөз құрамынан мүлде түсіп қалуын түсінеді. Бірақ ол мұны Н.К.Дмитриев пен И.А.Батманов сияқты тек қысқа дауыстыларға ғана тән деп қараған жоқ. Н.А.Баскаков қысқа дауыстылар тәрізді анық дауыстылардың да екпінсіз позицияда редукциялана алатындығын келтіреді. Мәселен, ол өзінің "Ноғай тілі мен оның диалектілері" /1940/ деген еңбегінде ноғай тіліндегі қысқа дауыстылардың екі буынды сөздердің бірінші буынында өте күшті редукцияланатындығын /мыс.: қ^нзыл, т^илек, т^урак, т^уштү, т.б./, ал үш буынды

сөздердің ортаңғы буынында олар тіпті түсіп те қалатындығын көрсетеді [20/7-12].

Н.А.Баснаков кейіннен жазған "Қарақалпақ тілі" /1952/ деген еңбегінде редуция мәселесіне қайта оралып, оны бұрынғыдан гөрі жетілдіре түседі: "Екпінге және сөздегі орнына қарай қысаң дауыстылар үшке жіктелінеді: а/ редуцияланбаған қысаң дауыстылар. Олар сөздің соңғы - күшті екпінді буынында тұрады. Мыс.: арық, билим, толук, ушлюк; ә/ редуцияланған қысаң дауыстылар. Олар сөздің бірінші - әлсіз екпінді буынында тұрады. Мыс.: к^ныл, б^нлек, т^нсым; б/ күшті редуцияланған қысаң дауыстылар. Олар сөздің ортаңғы - екпінсіз буынында, р-н, в-з, в-с, в-л, и-н, й-р дауыссыздарының аралығында ұшырасады. Мыс.: мур^ннун > мурнун, ор^нн > орн, ав^узы > авзы, дав^нсым > давсым, ав^нлин > авлин. Соңғы жағдайда қысаң дауыстылардың оозылыққылдығы нольге тең болады". - дейді ол [19/42].

Қарақалпақ тілінің қысаң дауыстылары үшін айтылған бұл пікір өте құнды. Оны тек жалғыз қарақалпақ тілі үшін емес, бүкіл түркі тілдерінің қысаң дауыстылары үшін де айтуға болады.

Х.А.Аралбаев өзінің "Қазіргі қарақалпақ тілінің фонетикалық системасы" /1949/ деген кандидаттық диссертациясында қарақалпақ тілі дауысты дыбыстарының /ашық, қысаң/ сөз ағымындағы ер түрлі фонетикалық жағдайларына /екпінге, көршілес дауыссыздарға, буын түріне, сөздегі орнына, т.б./ қарай сан жағынан түрліше өзгеретіндігін жазады. Мәселен, автордың айтуынша, қарақалпақ тіліндегі дауыстылар үяң дауыссыздардың аралығынан гөрі қатаң дауыссыздардың аралығында қысқа дыбысталады; сол сияқты, ашық буындағы дауыстыларға қарағанда түйік буындағы дауыстылар біраз келте айтылады [5/43].

Автор оған өрі екпінді буындағы дауыстылардың өрі күшті, өрі анық-айқын айтылатындығын, ал екпінсіз дауыстылардың әлсіз айтылып, сан-сапа жағынан редуцияланатындығын, мұндай қасиет, әсіресе қысаң дауыстыларда басым кездесетіндігін көрсетеді. Х.А.Аралбаевтың айтуынша, қысаң дауыстылар екі буынды сөздердің бірінші буынында ежептеуір редуцияланып, бірақ ашқашанда түсіп қалмайтын болса /мыс.: к^ныл, п^нлек, к^нтық, к^нсен, т^нкен, т.б./, ал үш буынды сөздердің ортаңғы буынында олар өздерінің фонематикалық-күшін мүлде жоғалтады. Мыс., орн, аузы, беркі, ерні, т.б. [5/32-35].

Қазақ тілі дауысты дыбыстарының редуциялануы мен түсіп қалуы жайындағы пікірлерді біз "Қазіргі қазақ тілі" /1954/ атты кітаптың академик І.К. Кеңесбаев жазған "Фонетика" бөлімінен де кездестіреміз.

Автор онда белгілі бір дауысты дыбыстың сөздегі алатын орнына байланысты әр түрлі айтылатындығын /редукцияланатындығын/, кейде мүлде түсіп қалатындығын айта келіп, оны екпінге және көршілес дыбыстардың ауанына байланыстырады. Мәселен, автордың айтуы бойынша, қазақ тіліндегі көп буынды сөзде бірнелі [а] келгенде кей уақыт екінші буындағы [а] күңгірттеу әстіледі. Мыс.: шағ^алалар, қал^алар, т.б. Бұл сөздердің екінші буынындағы [а] өзге буындардағы [а] - ға қарағанда күңгірттеу. Ал "бал^алар" сөзіндегі [а] дыбысы /-да буынындағы/ ауызекі тілде редуцияланып, "баллар" немесе "балдар" түрінде айтылады [88/105].

Одан әрі І.К. Кеңесбаев ерін > ерні, мұрын > мұрны, көңіл > көңлі сөздерін мысалға келтіре отырып: "... Осындағы [ы] немесе [і] дыбысының түсіп қалуы - өзі тектес дыбыстың сөз соңынан жалғануына байланысты", - деп жазады. Яғни, автор "... белгілі бір дыбыстың түсіп қалуы сөздегі өзге дыбыстардың ауанымен байланысты" екендігін айтады [88/106].

Э.В. Сәвортян "Түрік әдеби тілінің фонетикасы" /1955/ деген еңбегінде редуция деп - қысқа дауыстылардың екпінсіз буындағы өзгерісін түсінген. Оның айтуынша, қысқа дауыстылар ашық дауыстыларға қарағанда өлсіз, тұрақсыз. Сондықтан да, олар редуцияға тез беріледі.

Автордың көрсетуінше, қысқа дауыстылар тек қана екпінсіздікке емес, сонымен бірге, буын түріне, көршілес дауыссыздардың сапасына, сөздегі және екпінге қатысты орнына, сондай-ақ, сөйлеу қарқындылығына байланысты әр түрлі дәрежеде редуцияланады, кейде түсіп те қалады. Олар екпін алдындағы ашық буында, егер шұғыл мен сонор немесе ұяң дауыссыздардың аралығында келсе, өте күшті редуцияланып, созылықтылығы жағынан қысқа айтылады, сапасы жағынан көмескі дыбысталады. Мыс., б^уров, қ^изил, сар^им-сақ, т.б. [120/33-80].

Э.В. Сәвортян түрік тіліндегі коупи > коуи дегендегі қысқа дауыстының түсіп қалуын "редукция болатын жағдайларда іске асады", дейді, бірақ оны редуция деп атамайды [120/82].

Түрік тілдеріндегі редуция мәселесіне Х.Ғ. Кіекебаев әжеп-

тауір үлес қосты. Ол өзінің "Башқұрт тілінің фонетикасы" /1958/ деген еңбегінде түркологияда бірінші рет "дауысты дыбыстардың редукциясы" деген жеке тақырып беріп, онда башқұрт тіліндегі редукция мәселесіне жан-жақты тоқталады. Ә.Ғ.Киембаев редукцияны сөз екпініне байланыстырып, оны толы болмаған /жартылай - К.Б./ редукция және толы редукция деп екіге бөледі [74/43].

Автордың айтуынша, егер қысқа дауысты екпінсіз бұнында күшсіз айтылып, бірақ өзінің өдеттегі сипатын жоғалтпаса, яғни тек саны жағынан өзгеріп, қысқа айтылса, ондай редукцияны, өдетте, толы болмаған редукция дейді. Мыс., торм^ошо, бел^еме, т.б. Ал екпінсіз бұныдағы дауысты күшсізденудің арқасында бүтіндей түсіп қалса, яғни өзінің сипатын да, санын да жоғалтып, нольге тең болса, ол құбылысты, өдетте, толы редукция дейді. Мыс., уинн+а > уйна, сариг+ай > сарғай [74/46].

Бұлай жіктеу басқа түркологтарда кездеспейтін ерекшелік еді. Зерттеушілердің көпшілігі ойын > ойна дегендегі қысқа дауыстының түсіп қалуын "толы редукция" демеі, "түсіп қалу", болмаса "синкопа" құбылысы деп қарайтын. Яғни, сөз болып отырған құбылысты Н.К.Дмитриев пен Ә.Ғ.Киембаевтан басқа түркологтар редукция деп атамайтын.

А.Н.Кононов өзінің "Қазіргі өзбек әдеби тілінің грамматикасы" /1960/ деген еңбегінде редукция деп, - дауысты дыбыстардың өлсіреуін түсінеді де, оны негізінен қысқа дауыстыларға тән деп қарастырады. Мыс., к^иши, п^ишиқ, т^уриб, т^ушасизми, езд^э < езди, и^ичи < ишчи, и^ичи < ичди, т.б. [79/19-45].

Айта кететін нәрсе, А.Н.Кононов бұл өлсіреудің негізгі себебін көпшілік түркологтар сияқты екпінсіздікке қоса, басқа да жағдайларға, атап айтқанда: а/ буын түріне, б/ көршілес дауыссыздардың сапасына, в/ дауысты дыбыстардың сөздегі орнына /басы, ортасы, аяғы/, және г/ сөйлеу қарқындылығына - байланыстырады [79/45].

Ал урин+и > урни төрізді сөздердегі қысқа дауыстылардың түсіп қалуын А.Н.Кононов: "Дауысты дыбыстардың түсіп қалуы олардың өлсіреуімен тығыз байланысты, яғни редукцияланудың тікелей нәтижесі", - деп біледі [79/45].

Редукция құбылысына қатысқан бар пікірлерді біз тек осы талдау жасалған еңбектерден ғана емес, басқа да толып жатқан фонетикалық әдебиеттерден кездестіреміз. Бұл жерде оның беріне

қатып өту шарт емес. Тіпті, шарт бола қалған күнде де, ол
ма маңызды болып табылмаған болар еді. Өйткені, олардағы ай-
тылған пікірлердің жоғарыда біз тоқталған еңбектердегі айтылған
пікірлерден ешбір айырмашылықтары жоқ. Бәрінде де өздеріне
йінгі түрнологтардың айтып кеткендері қайталанылып, қосымша
салдармен толықтырыла түседі.

Олай болса, біз редукция мәселесіне қатысы бар түрнология-
лық өлебиеттерге шолу жасауды осымен аяқтаймыз. Жоғарыдағы ай-
тылғандарға қарағанда, редукция құбылысы түрнологтардың назары
артедан-ақ аударып отырған және оған тіл мамандары өз еңбектері-
мен жеткілікті дәрежеде орын берген. Әсіресе, әрбір түркі ті-
ліндегі екпінсіз қысқа дауыстылардың белгілі бір фонетикалық
жағдайда редукцияға ұшырайтындығы, кейде сөз құрамынан мүлде
түсіп қалатындығы әжептәуір сөз болған.

Бірінші тарау

РЕДУКЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР

1. Дауысты дыбыстар және олардың қасиеттері мен ерекшеліктері

Біздің негізгі объектіміз – қазақ тілінің дауыстылары және олардың өзгерістері болғандықтан, алдымен жалпы дауысты дыбыстар дегеніміз не, олардың қандай қасиеттері мен ерекшеліктері бар? – деген мәселелерге қысқаша тоқталу – артық болмас деп ойлаймыз.

Дауысты дыбыстар – дауыс шымылдығы /желбезегі/ арқылы жасалған үннің периодтық тербелісі болып табылады. Олар акустикалық жағынан музыкалы үнге не дыбыстар. Академик І.К. Кеңесбаевтың сөзімен айтқанда: дауыс шымылдығы біркелкі дірілдеп тұрады, ауыз қуысы құтылып отырады. Оған дыбыстау мүшелерінің қызметі қосылса, неше түрлі дауысты дыбыстар жасалынады [73/233].

Әрбір дауысты дыбыстың өзіне тән созылыңқылығы, күші, әуені болады. Осы үш түрлі акустикалық компоненттеріне қарай тілдегі дауысты дыбыстардың түрлерін, олардың қасиеттері мен ерекшеліктерін ажыратамыз. Айталық, дыбыстың созылыңқылығы /длительность/ – тербелістің санына немесе мөлшеріне байланысты. Негүрлым тербеліс саны көбейсе, солгүрлым дыбыс созылыңқылығы ұзарады, керісінше, негүрлым тербеліс саны азайса, дыбыс созылыңқылығы солгүрлым қысқарады. Дыбыс күші /интенсивность/ – тербелістің амплитудасына байланысты. Егер тербеліс амплитудасы негүрлым үлкен болса, дыбыс та солгүрлым күшті болады. Керісінше, тербеліс амплитудасы негүрлым кіші болса, дыбыс күші де солгүрлым әлсіз болады. Ал дыбыс әуені /частота основного тона/ – тілдегі дауыстылардың негізгі тонымен байланысты қасиет. Дауысты дыбыстар бір-бірінен осы негізгі тондары арқылы ажыратылады. Олай болса, тіл дыбыстарының созылыңқылығы мен күші және әуені дегеніміз, сайып келгенде, дауысты дыбыстардың сандық, сапалық ерекшеліктері болып табылады.

Сапа – дыбыстың тембрлік сипаттамасы, яғни артикуляциялық, акустикалық жағынан тіл дыбыстарының спектрлық құрылысындағы ерекшелігі. Басқа сөзбен айтқанда, әрбір дыбысты бар ететін ері оны басқа дыбыстардан айыратын маңызды сипаттардың белгі-

ердің, қасиеттердің жиынтығы – сапа болып табылады. Жоғарыда айтылған дыбыс өуені дегенді біз осындай сипаттардың бірлігі ретінде дыбыс сапасы деген ұғыммен парапар санаймыз.

Сан – әрбір дыбысты жасауға кететін уақыт мөлшері. Яғни, қандай да болмасын дауысты дыбыстың жасалуы үшін, дыбыстау мүшелеріміздің жұмысы белгілі бір уақыт аралығына созылады. Жоғарыда айтылған дыбыс созылықтылығы мен дыбыс күші дегенді сол дыбысқа тән сандық сипаттардың жиынтығы ретінде қарастырамыз. Өйткені, тәрбеліс саны мен амплитудасы неғұрлым көбейген сайын оған кететін уақыт мөлшері де көбейе береді.

Дауысты дыбыстардың арасындағы бұл айырмашылықтарды жақсы білу үшін, әрбір дыбысқа тән күш және қысым күші⁴ деген категорияларды ажырата білу керек.

Күш немесе интенсивтілік – дыбыс күші, яғни әрбір дыбысты жасауға жұмсалатын күш пен қуаттың /энергияның/ мөлшері, шамасы. Басқа сөзбен айтқанда, тіл дыбыстарын айту кезіндегі күштілік, қарқындылық немесе әлсіздік, солғындық. Оны біз дем шығару кезіндегі ауа қысымының күшіне байланыстырамыз. Интенсивті дыбыс күшті айтылады, созылықты дыбысталады.

Бірақ интенсивтілік дегенді қысым күш деген ұғыммен шатастырмау керек. Қысым күш дегеніміз – дыбыстау мүшелері бұлшық еттерінің күш салуы немесе сығылу, жиырылу дәрежесі. Күш сала артикуляцияланған дыбыс анық, айқын айтылады, ал аз қысым күшімен жасалған дыбыс көмескі, әлсіз дыбысталады.

Қысым күш – дыбыстардың жасалу шарттарының бірі. Өйткені қандай да болмасын белгілі бір дыбыс дыбыстау мүшелеріміздің қысым күшіне жасала алмайды, тіпті мүмкін де емес. Бір сөз ішіндегі бірдей фонемалар бір-бірінен тек осы айтылу қысым күшінің дәрежесі арқылы ғана ажыратыла алады. Олай болса, екпінсіз буындағы дауысты дыбыстың редуциялануы осы дыбыстау мүшелеріміздің аз қысыммен жасалғандығынан болатын нәрсе.

Л.В.Щербаның айтуынша, күшті қысыммен жасалған дыбыс жақсы естіледі; анық, айқын, ашық дыбысталады. Ал аз ғана қысым күшімен жасалған дыбыс әлсіз айтылып, сапасы жағынан нашарлайды

4. Күш дегенді орыс тіліндегі "интенсивность", ал қысым күш дегенді "напряженность" ұғымдарының баламалары ретінде қолданып отырыңыз. – К.Б.

[132/76]. Сол сияқты, қысым күші үлкен дауысты дыбыс қысым күші аз дауыстыға қарағанда созылыққилығы жағынан ұзақтау айтылады.

Есте болатын нәрсе, интенсивтілігі пен қысым күші дегендерді бір-біріне қарсы қойға да болмайды. Олар бір-бірімен тығыз байланыста. Мәселен, екпінді дауысты әрі интенсивті, әрі қысым күші жағынан зор, ал екпінсіз дауысты, керісінше, әрі интенсивсіз, әрі қысым күші жағынан әлсіз [57/185].

Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстар фонематикалық қызметі мен сандық ерекшелігіне қарай созылық /долгие/ және қысқа /краткие/ фонемалар болып екіге бөлінетіндігі өздеріңізге белгілі. Олардың бір-бірінен айырмашылығы – тек уақыт мөлшерінде ғана. Айталық, қысқа дауыстыларға қарағанда созылық дауыстылар ұзағырақ айтылады.

Созылық дауыстыларды қанша болса да созып айта беруге болады, бұдан сөздің мағынасы өзгермейді. Ал қысқа дауыстыларда мұндай қасиет жоқ. Оларды соза беруге болмайды, егер соза қалсақ, сөздің мағынасы өзгеріп кетеді немесе сөйлеу нормасы бұзылады. Есесіне, қысқа дауыстыларды нольге дейін қысқарта беруге болады.

Егер түркологияда қысқа және созылық дауыстылардан басқа жартылай созылық дауыстылар /полудолгие/ мен редуцияланған дауыстылар /сверхкраткие/ бар болатын болса, олар жеке фонемалар емес, сол созылық және қысқа фонемалардың оттенкілері деген сөз. Яғни, жартылай созылықтар созылық дауыстылардың оттенкісі, ал редуцияланған дауыстылар қысқа дауыстылардың оттенкісі. Өйткені жартылай созылық дауыстылар мен редуцияланған дауыстылар фонематикалық мән атқармайды.

Сөйтіп, дауысты дыбыстарға төң сапа мен сан, яғни оларды айтуға қажетті артикуляциялық және акустикалық әрекет пен сол әрекетке кететін уақыт мөлшері дыбыстардың өмір сүру формасы болып табылады. Дыбыстардың бұл екі жағын бірінен-бірі бөліп қарауға болмайды. Олар бірімен-бірі тығыз байланыста және бірінен-бірі сап болады.

Егер белгілі бір фонетикалық жағдайда дауысты дыбыс өзгерді дейтін болсақ, ол тек сапа жағынан ғана өзгермейді, сонымен бірге сан жағынан да құбылады. Мысалы үшін, орыс тіліндегі дауысты дыбыстардың редуциялануын алып көрелік. Бұл құбылыс кейбір зерттеушілер түсіндіргендей тек сапалық өзгеріс емес

17/267. Оған таза сапа не сан тұрғысынан қарау жеткіліксіз. Біздің ойымызша, бұл тілдегі редуция қыбылысы дауысты дыбыстарға тең сандық, сапалық жақтарын бірдей есепке алғанда ғана түсінуге, дұрыс ұғынуға болатын сияқты.

Осы тәрізді, бір сөз көлеміндегі дауысты дыбыстарды жоғары айтылған сандық, сапалық ерекшеліктеріне қарай екпінді және екпінсіз дауыстылар деп екіге бөліп қарастыру да әдетке айналған. Бұлай бөліну негізінен дұрыс та. Өйткені, екпінді бұндағы дауысты дыбыс пен екпінсіз бұндағы дауысты дыбыстың арасындағы айырмашылық әжептәуір үлкен.

Сөзге не сөз тіркесіне жұмсалатын күшпен қуаттың басым көпшілігі екпінді бұндағы дауыстыларға жұмсалады да, екпінсіз бұндағы дауыстылар дыбыстау мүшелеріміздің аз қысқымен жасалады. Сондықтан да, екпінді бұндағы дауысты дыбыс өрі күшті, қаржылы, өрі созылыққы айтылады. Ал екпінсіз бұндағы дауысты дыбыс өзінің әдеттегі анық, айқын артикуляциясын жоғалтып алады да, көмескі дыбысталады; созылыққылығы жағынан қысқарады. Бір сөзбен айтқанда, редуцияға ұшырайды [33/40-41, 131 /87, 57/238/.

Олай болса, екпінді дауысты дегеніміз негізінен: артикуляциясы /айтылуы/ жағынан - толық, ашық; акустикалық /естілуі/ жағынан - анық, айқын; осы екі жағынан бірдей - күшті және созылыққы дыбыс. Ал екпінсіз дауысты болса, осыған керісінше: артикуляциясы жағынан - тар, қысаң; акустикалық жағынан - көмескі, күңірлі; барлық жағынан бірдей - әлсіз өрі қысқа дыбыс.

Екпінсіз дауыстыларға тең әлсіреу, яғни сап-сапа жағынан редуциялану - кейбір түркологтар көрсеткендей, тек қана қысаң дауыстыларға ғана емес, екпінсіз бұндағы барлық дауыстыларға, тіпті дауыссыз дыбыстарға да тең. Егер түркологияда: редуцияға ең қысаң дауыстылар ғана берілген, - деген пікір етек жайған болса, ол ашық дауыстылар мен дауыссыз дыбыстар редуцияланбайтын деген сөз емес. Ашық дауыстылар мен дауыссыз дыбыстар да қысаң дауыстылар тәрізді редуцияға түсе алады. Ол үшін тек қана айлы фонетикалық жағдайда тұруы шарт.

Ашық дауыстылар мен қысаң дауыстылардың арасындағы айырмашылық мынада: ашық дауыстылар ауыздың кең ашылуынан /яғни неғұнәм тілдің төмен түсуінен/ жасалынады да, дыбыс ашық, анық, айқын айтылады; соған байланысты созылыққы дыбысталады. Ал қысаң дауыстылар болса, ауыздың тар ашылуынан жасалынып, ашық

дауыстыларға қарағанда көмескі, күңгірт дыбысталады, әлсіз ады-
тылады; сондықтан да, созылыққылығы жағынан келте /қноқа/ естол-
леді.

Осы ерекшеліктеріне қарай ашық, қысаң дауыстылар әр түрлі
дережеде редуцияланады. Мәселен, табиғатынан көмескі, күшсіз
келте болғандықтан қысаң дауыстылар екпінсіз буында одан әрі
әлсіреп, күшті өзгеріске түседі. Ал ашық дауыстылардағы ондай
өзгеріс қысаң дауыстылардағыдай айқын емес. Себебі, олар қысаң
дауыстыларға қарағанда әлде қайда күшті, созылыққы дыбыстар.

Егер ашық дауыстылар екпінді буынды анық, айқын, ері со-
зылыққы айтылып, күшті дыбысталатын болса, екпінсіз буында одан
да күшсізденеді, созылыққылығы жағынан қысқарады [20/7, 73/232].
Бірақ, олар мұндай қасиеттерге бай болғандықтан онша көп ойсы-
рай қоймайды. Ал қысаң дауыстылар екпінді буынның өзінде ашық
дауыстылармен салыстырғанда анықтығы, айқындығы жағынан онша
күшті болмағандықтан /мұның өзін бір рет екпінсіздену деп атау-
ға болар еді/ екпінсіз буында одан әрі әлсіреп, созылыққылығы
жағынан да, қысым күші, айқындығы жағынан да әлсіз редуция-
ланады. Кейде әуелі мүлдем түсіп қалуға дейін барады.

Оның себебі де бар: егер қысаң дауыстылар өншейінде /екпін-
ді буынның өзінде/ созылыққылығы жағынан қысқа, дыбысталу жа-
ғынан көмескі, күңгірт дыбыстар болатын болса, екпінсіз буында
олардың одан әрі қысқаруға да, көмескіленуге де /қысқасы, одан
әрі редуциялана беруге/ мүмкіндіктері жоқ. Сондықтан да, олар
ға тек сөз құрамынан түсіп қалу ғана қалады.

Мейлі ашық дауыстылар болсын, мейлі қысаң дауыстылар бол-
сын олар сөйлеу тілінде түрлі оттенкілер түрінде қолданылады
[57/41]. Біз енді осы мәселелерге аздап тоқталамыз.

Оттенкі мәселесінің бізге керекті сол - біздің зерттеу
объектіміз болып отырған дауысты дыбыстардың редуциялану де-
геніміздің өзі осы ұғымға келіп тіреледі. Өйткені, оттенкілер
де, редуцияланған дауыстылар да сөз екпініне, көршілес дауыс-
сыздардың сапасына, дауысты дыбыстардың сөздегі орнына, т.б.
факторларға байланысты және осы айтылғандардың әсерінен жаса-
лынады. Фонема оттенкілері сияқты редуцияланған дауыстылар да
негізгі дыбыстан бөлініп шығып, фонематикалық роль атқармайды.

Түркі тілдерінің әрқайсысындағы фонемалар саны бұл күнде
түгелімен анықталған нәрсе. Алайда біз түркі тілдерінің қай-

сысынан болса да, сөйлеу процесі кезіндегі дыбыстардың саны тілдегі фонемалар санынан әлде қайда артық екендігін көрсетеді.

Әрбір тілдің өзіндік ерекшелігіне қарай ондағы оттеңкілер саны да әр түрлі болады. Мәселен, орыс тіліндегі әрбір дауысты дыбыс 5-6 түрлі оттеңкіде қолданылатын болса, түркі тілдерінде-дауыстылар 3-4 түрлі оттеңкіде ғана айтыла алады.

Бұлардың ішінде бір оттеңкі негізгі немесе басты оттеңкі деп есептеледі. Ол басқа оттеңкілерге қарағанда, анық, айырылғынсыз, артикуляциясы жағынан күшті айтылады. Сөздегі басқа оттеңкілерді өзінше икемдеп, бағындырып тұрады.

Ескерте кететін нәрсе, белгілі бір фонеманың негізгі оттеңкісі сол фонеманың өзінше белгілі дәрежеде парапар деп санау керек. Айырмашылығы – фонема деген жалпы ұғым, ал негізгі оттеңкі – конкретті ұғым екендігінде.

Редуцияланған дауысты, әрине, негізгі оттеңкі бола алмайды. Ал – фонеманың негізгі емес оттеңкілерінің бірі. Біздің ойымызша, негізгі емес оттеңкілердің бәрі де белгілі дәрежеде редуцияланған дыбыстар болып саналуы керек.

Көпшілес дыбыстардың әсерінен болған дыбыстық оттеңкіні Р.Зиндер комбинаторлы оттеңкі деп, ал екпін мен буын түріне байланысты оттеңкіні позициялық оттеңкі деп атайды [57/43].

Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың редуциялануы күбылмалы да комбинаторлы-позициялық өзгерістер деп қараған мақұл. Биткені, к¹сі, т¹сі тәрізді сөздердегі екпінсіз қысқа дауыстылардың көмексіленуі де, бал^влар, мағ^нна, топ^нрақ тәрізді сөздердің екінші буындарындағы дауысты дыбыстардың түсіп қалуы да дәл осындай фонетикалық жағдайлардың бәрінде бола беретін күбылыстар.

Дауысты дыбыстардың оттеңкілері де редуцияланған дауыстылар сияқты күші мен әуаны /негізгі тоны/ және созылмалылығы жағынан ерекшеленеді. Негізгі оттеңкі мен негізгі емес оттеңкілер арасындағы немесе толық дыбыс пен редуцияланған дыбыстардың арасындағы бұл айырмашылықты тіл иелері ажырата біледі, акустикалық приборлар ол айырмашылықты көрсете алады.

Алайда, бұл сияқты айырмашылықтардың сөз мағынасына тигізетін зияны жоқ. Сондықтан да, орфографияда әрбір фонеманы өзіннің барлық оттеңкілерімен қосып, бір ғана өріппен белгілейміз. Сол

сияқты, редуцияланған дауысты дыбыстарды да қашан сөз құрамына мүлдем түсіп қалғанға дейін немесе басқа бір дыбысқа ауысқанға дейін бір ғана өріппен белгілей береміз.

Редуцияланған дауысты дыбыстардың, мейлі немескі айтылмай, мейлі мүлдем түсіп қалсын, сөз мағынасына тигізер зияны жоқ дегенді айтқанда, біз сөз ішіндегі редуцияланған дыбыстардың сол сөздің мағынасын өзгертуге әсері болмайтындығын білдіргіміз келеді. Болмаса, сөздің мағынасын айқындай түсуде редуцияланған дауысты дыбыстардың маңызы өте зор. Өйткені, редуцияланған дыбыс қаншалықты редуцияланбасын сөздің айтылуы мен қабылдануы кезінде лингвистикалық мәнге, сөз жоқ, ие бола алады.

Мысалы үшін, жоғарыдағы к'ісі, т'ісі сөздеріндегі екпінсіз [i] қысаңдарын алып қаралық. Олар әдетте өте қысқа, өрі жүзде және немескі айтылып тұр. Егер біз осы жағдайдағы [i] қысаңның екпін түсіре, соза дыбыстасак, оның айтылу нормасы бұзылады. Сол сияқты, ойын+н, ерін+і деген сөздердің ортаңғы буындарындағы қисан дауыстыларды түсіріп айтсақ қана сөздің мағынасы айқынырақ бола түседі.

Сөйтіп, әрбір сөздің мағынасын айқындауда тек сол сөздің құрамына кіретін жеке фонемалар ғана емес, фонетикалық оттеніктер де, немесе редуцияланған дауыстылар да маңызды роль атқарады екен [57/47, 125/43].

Ендеше, дауысты дыбыстардың белгілі бір фонетикалық жағдайда редуциялануы – тіл атаулының қажетті заңы. Оны керекті жерінде сақтап отыру – ұлттық тілдің әдеби нормасын құрметтегендік болып табылады.

2. Редуция дегеніміз не?

Түрмологияға редуция терминінің орыс тіл білімі арқылы келгендігі көпшілікке аян. Сондықтан да, біз алдымен орыс тіл біліміндегі редуция құбылысына азлап тоқталалық та, содан кейін барып түркі тілдеріндегі редуцияның ерекшелігі туралы айталық. Бұлай етіп мәселенің басын ашып алу – ойымызды дәл беру үшін маңызды болмақ.

Орыс тіл білімінде редуция деп – екпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың сан-сапа жағынан өзгеруін айтады: "Редуция –

Изменение звука, состоящее в менее отчетливом выражении его качественных и количественных характеристик вследствие ослабления мускульного напряжения в органах речи и сокращения продолжительности фонации" ⁵. Сондықтан да, ондағы редуция сапалық және сандық редуция болып екіге бөлінеді.

Сапалық редуция дегеніміз – тіл дыбыстарының әуені жағынан өзгеруі, яғни екпінсіз буындағы дауыстылардың сапасы жағынан әлсіреуі.

Екпінсіз буындағы дауысты дыбыстар дыбыстау мүшелеріміздің қысым күшімен жасалғандықтан, олар аз болсын, көп болсын әйелдер бір сапалық қасиетінен айырылады; әдеттегі ашық, айқын дыбысталуы жоғалтады. Мұндайда оларды ешбір толық дыбыстардың қатарына жатқызуга болмайды. Мысалға орыс тіліндегі потолок, города, катор, комок, весна, земля сөздерін аламыз.

Бұл сөздердің бәрінде де екпін соңғы буындарға түсіп тұр. Алғашқы екі сөздің /потолок, города/ бірінші буындарындағы [o] дауыстысының сапасы жағынан күшті редуцияланғандығы соншалықты, ол дыбыстың орнына анық емес [ы] дауысты айтылады. Ал сол сөздердің екінші буындарындағы [o] дауыстысы мен катор, комок сөздерінің бірінші буындарындағы [a], [o] дауыстыларының орнына көмескі [a] дыбысы айтылады. Соңғы весна, земля сөздерінің бірінші буындарындағы [a] дауыстыларының орнына әлсіздеу келген [и] дауыстысына жақын басқа бір келте дыбыс естіледі.

Орыс тілінде сапасы жағынан әлсіресе [o], [a], [e] ашық дауыстылары күшті редуцияланады. Ал қысқа дауыстылар /ы, и, у/ болса, онша көп редуцияланбайды. Тіпті олар екпінсіз буында аздап қана келте айтылғандығы болмаса, сапасы жағынан мүлде редуцияланбайды десе де болғандай. Өйткені, қай буында /позицияда/ келмесін, бәрібір, қысқа дауыстылар өздерінің негізгі әуенін сақтайды.

Сандық редуция кезінде екпінсіз буындағы дауысты дыбыс тек қана сан жағынан өзгереді. Яғни созылықтылығы жағынан қысқарады, қысым күші жағынан әлсірейді. Мұндай қысқару мен әлсіреу кейде дыбыстың толық жоғалуына дейін өкпе соғуы мүмкін. Бірақ дыбыс сапасы /әуені/ негізінен сақталынады.

Түркі тілдеріндегі редуция құбылысына келсек, мұндағы редуция құбылысының орыс тіліндегі редуция құбылысымен ұқсас мақтары да, ұқсас емес мақтары да бар. Ұқсас жағы сол – екі

5. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов, М., 1966, с. 382.

тілде де редукция құбылысы негізінен лебізді екпіннің әсеріне болады: екпін түскен буындағы дауысты күшті, қарқынды айтылып, анық-айқын дыбысталады; екпінсіз буындағы дауысты күшсіз айтылып, әлсірейді, көмескі дыбысталады. Бір сөзбен айтқанда – редукцияға ұшырайды.

Ұқсас емес жағы – бұл тілдерге тән лебізді екпін табиғатының түрліше болуы мен олардың орындарының әр қалай екендігінде. Айталық, түркі тілдеріне қарағанда орыс тіліндегі лебізді екпін әлде қайда күшті, әуенді және қарқынды. Сондықтан да, орыс тіліндегі екпінсіз дауыстылар сапалық редукцияға күшті беріледі. Ал түркі тілдеріндегі лебізді екпін орыс тілімен салыстырғанда әлсіз. Сондықтан болу керек, түркі тілдеріндегі екпінсіз дауыстылар сапа жағынан орыс тіліндегідей күшті редукцияланбайды.

Сол сияқты, орыс тіліне тек бір-ақ екпін тән. Ол сөздің белгілі бір буынына /не басқа, не ортаңғы, не аяққы/ түседі де, екпінсіз дауысты екпін түскен буыннан неғұрлым алыс тұрса, сол неғұрлым күшті редукцияланады. Ал түркі тілдерінде кейде негізгі екпінге қоса қосымша екпін болады. Негізгі екпін сөздің соңғы буынына, қосымша екпін сөздің бас буынына түсетін болғандықтан редукцияға ұшырайтын дыбыс – осы екеуінің аралығында жатқан яғни екпінге іргелес тұрған екпінсіз буындағы дауысты. Мыс.: мағана > мағына > магна; қыз^нмет > қызмет; бал^лар > баллар ~ балдар еріні > ерні, т.б.

Проф. Н.К.Дмитриев түрік тілінде орыс тіліндегі сияқты күшті редукцияның болмайтындығын сол тілдегі екі екпіннің /негізгі және көмекші/ әсерінен деп біледі [48/15].

Түркі тілдеріндегі редукция құбылысының орыс тіліндегі редукция құбылысынан тағы бір айырмашылығы – түркі тілдеріндегі ашық дауыстылар /ұйғыр тілінен басқалары/ орыс тіліндегі ашық дауыстыларға қарағанда сан-сапа жағынан тұрақтылау. Керісінше, орыс тіліндегі қысқа дауыстылар бұл жағынан әжептеуір тұрақты болса, түркі тілдеріндегі қысқа дауыстылар оған қарағанда әлде қайда тұрақсыз. Олар екпінсіз буында сан жағынан өте күшті редукцияланады; кейде сөз құрамынан түсіп те қалады.

Бұл айырмашылықтар, әрине, осы тілдердің өзіндік ерекшеліктерімен, сол тілдерге тән дыбыстық заңдылықтарымен түсіндіріледі.

Сөйтіп, қандайда болмасын белгілі бір тілдегі дауысты дыбыстардың редукциялануы – лебізді екпіннің әсерінен болады. Ал

ардың редуциялану дәрежесі - сөз екпінінің күшіне /қарқынды-
ғына/. дауысты дыбыстардың сапалық ерекшеліктері мен олардың
эдегі фонетикалық жағдайларына байланысты түрліше болады.

Ескерте кететін нәрсе, қайсыбір түркологтар редуция құбы-
лысы мен қысқа дауыстылардың өзіне тән келетіні, айқынсыздық
сияпаттарды бір-бірінен ажыратып қарамайды. Сондықтан болу ке-
сімі, өзбек тілі фонетикасын зерттеушілердің кейбірі қысқа дауыс-
тылар екпінді буында да редуцияланады дегенді айтады [77,21/
09/133, 79/45]. Мәселен, В.В.Решетов: "Өлсіреу мен дауысты ды-
быстардың толық редуциясы тек екпінсіз буында ғана емес, соң-
ай-ақ, екпінді буында да болуы мүмкін. Мыс.: бир > б"р > бр". -
ейді [110/18].

Біздің ойымызша, бұл - редуция емес. Ол түркі тілдерінің,
әсіресе, жылдам сөйлейтін түркі халықтарының /мыс., өзбек, үй-
ғыр, азербайжан, түрікмен т.б./ қысқа дауыстыларына тән дыбыс-
тық ерекшелік болып табылады. Оны редуция құбылысымен шатастыр-
мау керек. Редуция дегеніміз тек екпінсіз буында ғана болатын
нәрсе.

3. Қазақ тіліндегі екпін туралы

Қазақ тілінің фонетикасын зерттеуші ғалымдардың бәрі бұған
дейін "бұл тілге лебізді екпін тән, ол негізінен сөздің соңғы
буынына түседі" деп келсе, соңғы кезде қазақ тілінде екпіннің
бар екендігіне күмән келтірушілер табылып жүр. Екпіннің тілде
болу-болмауы редуция құбылысы үшін принципті мәселе екендігін
біз жоғарыда айттық. Сондықтан біз ендігі жерде осы тілдегі ек-
пін мәселесіне тоқталалық. Ол үшін: Екпін дегеніміз не? Қазақ
тілінде екпін бар ма? Болса, ол табиғаты жағынан қандай екпін?
Аталған тілде екпін сөздің қай буынына түседі? Оның тілімізде-
гі атқаратын фонологиялық қызметі қандай? - деген сұрақтарға
байланысты өз ойымыздың басын ашалаық.

Екпін деп - сөздегі не сөз тіркесіндегі /ритмикалық топта-
ғы/ бір буының басқа буындарға қарағанда күш салына, ерекшеле-
не айтылуы айтамыз. Ол ерекшелену негізінен акустикалық үш
компонент арқылы, атап айтқанда: дыбыстың күші, созылмалылығы,
негізгі тоны - жағынан байқалады. Ескерте кететін нәрсе, ек-
пінді буы барлық тілде осы үш компоненттің үшеуімен бірдей

еракшеленуі шарт емес. Бір тілдердегі екпінді дауысты осы компоненттердің біреуі не екеуі арқылы еракшеленсе, екінші бір тілдерде ол жоғарыдағы үш компоненттің үшеуімен бірдей айырықшалануы мүмкін. Ол – әрине, әр тілдің өз еракшелігіне байланысты құбылыс.

Қазақ тілінде екпін бар ма?

Күнгі кешеге дейін бұл тілді зерттеушілердің бәрі бірдей қазақ тілінде екпін бар деп білді және оның фонетикалық жүйесін сол құбылысқа /екпінге/ байланыстыра қарастырып келді. Тек соңғы жылдары ғана филология ғылымдарының кандидаты Ә.Жүнісбеков "қазақ тілінде сөздің екпін жоқ" деген пікір ұсынып жүр [45/107]. Бұл, әрине, соны пікір емес. Мұндай ойды түрік тіліне қатысты 1940 жылы К.Грөнбек, 1953 жылы Л.Старостов айтқан болатын [137/378, 116/116].

Ә.Жүнісбековтің "қазақ тілінде сөздің екпін жоқ" дегендегі сүйенетін бірінші дәлелі: қазақ тіліндегі екпін орыс тіліндегі екпін сияқты күшті қарқынмен, көтеріңкі дауыспен айтылмайды; оның сөз мағынасын ажыратуға күдіреті жетпейді, – дейді. Екінші дәлелі: жалпы тілдегі екпіннің сөз мағынасын ажыратудан басқа тағы бір қызметі бар, ол – сөздегі дыбыстардың басын қосып, жинақтап, бір бүтін ету. Түрік тілдеріндегі ондай рольді сингармонизмі атқарады⁶. Олай болса, қазақ тілі үшін екпін қажетсіз болып табылады, – дейді [44/59-62].

Қазақ тілінің екпінін орыс тілінің екпінімен парапар деп білген кісіге және қазақ тілінен тек орыс тіліндегідей екпінді іздеген кісіге, әрине, қазақ тілінде ондай екпін жоқ. Өйткені қазақ тіліндегі екпін орыс тіліндегідей өте күшті қарқынмен көтеріңкі айтылмайды. Және де қазақ сөздері орыс тіліндегі сияқты екпінінің әрқалайлығына қарай мағынасы жағынан әр уақыт айырықшалана бермейді. Бұл тұрғыдан Ә.Жүнісбековтің "қазақ тілінде орыс тіліндегідей екпін жоқ" деген пікірімен шартты түрде келісуге болады.

Ал шындығына келсек, қазақ тілінде де екпін бар. Өзінің табиғаты жағынан ол да орыс тіліндегі сияқты лебізді екпін. Одан жалғыз-ақ айырмашылығы – қазақ тіліндегі екпін орыс тілін-

6. Бұл пікірді алғаш рет 1882 жылы В.В.Радлов айтқан болатын. Қараңыз: *Phonetik.*, 97-б. – К.Б.

ті екпінмен салыстырғанда әлдеқайда әлсіз [138/97, 95a/72, 12, 61/50]. Ол орыс тіліндегідей тым күшті айтылмайды, сөз-
нің мағынасын ажыратуға шамасы жетпейді. Өйткенімен де, қазақ
тіліндегі екпінді буын мен екпінсіз буындағы дыбыстарды салыстыр-
ғанда олардың арасынан әжептәуір айырмашылықты табуға болады.
Екпінді дауысты екпінсіз дауыстыға қарағанда анық-айқын шығып,
жітірек айтылады, созылықырақ дыбысталады.

Бұл жерде "түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде сөз-
нің екпін жоқ" деушілердің пікіріне "түркі тілдерінде бір емес,
екпін /сөздік екпін/ бар, негізгі екпін сөздің соңғы буы-
нына, ал көмекші екпін басқа буынға түседі", - деуші жолдастары-
мыз [138/97, 128/66, 48/15, 20/13, 72/21] пікірлерін қарсы қой-
ып келеді. Сөбебі, біріншіден, түркі тілдерінде екі екпін
ар деуші ғалымдардың пікірі негізсіз емес. Екіншіден, зер саға
араған кісіге түркі тілдеріндегі күшті буын сөздің соңғы және
бірінші буыны екендігін және редукция құбылысының көбінесе осы
кі буынның аралығында жатқан екпінсіз буында болатындығын бай-
лау онша қиынға түспейді [127/140, 7/154-156].

Рас, Ә.Хүнісбеков қазақ тілінде екпін мүлде жоқ демеуі.
Ал І.К.Кенесбаев пен В.Н.Зиновьевтің ізімен екпінді "сөздің
екпін" және "ритмикалық екпін" деп екіге бөледі де, қазақ тілін-
де сөздік екпін жоқ, ритмикалық екпін бар деп тұжырымдайды
[44/62-71]. Ал І.К.Кенесбаев пен В.Н.Зиновьев болса, қазақ ті-
лінде бұл екпіндердің екеуі де бар деп, оларға тіл фактілеріне
мысалдар келтірген [72/20-21, 61/50-53].

Ә.Хүнісбековтің қазақ тілінде сөздік екпін жоқ деген пікі-
рімен келіспегенімізбен, оның ритмикалық екпін туралы айтқан-
дарымен есептеспеуге болмайды. Өйткені тіл фактісінің өзі соны
растайды.

Біз үшін қазақ тіліндегі екпіннің бар-жоқтығы, оның өзін-
дік ерекшелігі ғана емес, сонымен бірге, екпінді буын акустика-
лық компоненттердің қайсысы /күші, созылықылығы, негізгі тоны/
арқылы айырықшаланады? - деген мәселенің де маңызы зор. Өйтке-
ні редукция құбылысының характері мен түрі, оның редукциялану
дәрежесі тілдегі екпіннің ерекшелігіне тікелей байланысты. Сон-
дықтан, біз бұл жерде "Қазақ тіліндегі екпінді буын қай мағы-
нан, яғни, анығырақ айтқанда - екпінді дыбыс жоғарыда көрсетіл-
ген үш компоненттің қайсысы арқылы ерекшеленеді?" - деген сұ-
раққа жауап іздестірілдік.

Қазақ тіліндегі екпін мәселесін эксперименттік әдіс арқылы зерттеушілердің бірі – Ж.Аралбаев пен Ө.Жүнісбеков өздерінің "Қазақ тілінің екпіні жайында" /1968/ деген мақаласында: "Соңғы бұндағы дауысты алдыңғы буындарға қарағанда созылық және интенсивті айтылады", – деп жазды [8/66]. М.К.Исаев "Қазақ тіл сөздерінің фонетикалық құрылымы мәселесіне" /1970/ атты кандидаттық диссертациясының авторефератында: "Қазақ тілінде екпін соңғы буынға түседі. Ол үш компоненттің үшеуі арқылы бірдей ерекшеленеді", – дейді [63/15]. 1971 жылы М.Райымбекова қазақ тіліндегі екпін мәселесіне арнап, эксперименттік зерттеуге сүйенілген "Қазақ тілінің екпіні жайында" атты мақала жариялады. Ол: "Екпінді дауысты тек интенсивтілігі мен негізгі тоны жағынан ғана айырықшаланады, ал созылықтылығы жағынан ерекшеленбейді", – деп қорытты [105/80]. С.Татубаев та қазақ тіліндегі екпін мәселесіне арнап, "Қазақ тіліндегі екі буынды сөздердің екпіні жайында" /1973/ атты мақала жазды. Бұл да эксперименттік әдіске негізделген. Оның келген қортындысы мынандай: "Ни основной тон, ни длительность, ни интенсивность слога не могут служить абсолютным показателем ударной позиций". "Преобладающими являются случаи, когда второй слог имеет большую длительность по сравнению с первым" [123/87].

Біздің ұғуымызша, автор бұл жерде "екпінді буын екпінсіз буынмен салыстырғанда үш компоненттің ешқайсысымен де ерекшеленбейді, егер ерекшелене қалса, ол тек созылықтылығы жағынан ғана байқалады" деген екі үшті пікір айтып отыр.

Қазақ тілінің екпін мәселесін зерттеу бұлармен ғана біткен жоқ. 1976 және 1979 жылдары А.А.Есентемирова екпін мәселесіне арнап екі мақала жариялады. Екеуі де эксперименттік зерттеуге сүйенілген. Оның біріншісіндегі екпінге байланысты пікірі жоғарыдағы М.Райымбекованың пікірімен бірдей [54/38-39]. Ал екінші мақаладағы қортындысы бұдан сәл басқарак. Онда автор: "Қазақ тіліндегі басты сөздік екпін мынандай физикалық компоненттерден тұрады: негізгі тонның биіктігі және созылықтылық. Ал интенсивтіліктің екпін тудыруда фонологиялық мәні жоқ, – деп түйіндейді [155/189].

Сөйтіп, 6 зерттеу – 6 түрлі қортынды. Олардың бәрі де қазақ тілінің материалдарына сүйенгенімен және бір-ақ түрлі әдіс-

а /эксперименталды әдіске/ негізделгенімен келген қортындылары іріне-бірі кереғар. Мәселен, М.К.Исаев "екпінді бұны үш компоненттің үшеуі арқылы ерекшеленеді" десе, С.Татубаев ол "үш компоненттің ешқайсысымен ерекшеленбейді" - дейді. М.Райымбекова екпінді дауысты созылықтылығы жағынан емес, күші мен негізгі тоны жағынан ерекшеленеді" десе, А.А.Есентемирова "екпінді бұны үш жағынан емес, негізгі тоны мен созылықтылығы жағынан айырықшаланатын", - дейді.

Бұл мәселеге қатысты басқа тұры тілдеріндегі екпін мәселесін эксперимент арқылы зерттеуші ғалымдардың пікірлері де қазақ тіліндегі сияқты әр қили. Келген қортындыларына қарай жүйелесек, оларды шартты түрде үш топқа жіктеуге болады. Бірінші топқа - екпін тек бір-ақ компонент арқылы ерекшеленеді деушілер жатады. Ол қай компонент дегенге келгенде олар тағы да іштей бөлініп кетеді. Мәселен, В.А.Богородицкий [31/65], Г.Шараф [128/22-25], С.Атамирзаева [11/84] екпінді бұны созылықтылығы жағынан ерекшеленеді десе, А.Моллаев [96/112] оны негізгі тоны жағынан ғана айырықшаланатын дейді. Екінші топқа - екпінді дауысты екі компонент арқылы ерекшеленеді деушілер жатады. Ол компоненттер деп - Т.К.Ахиятов [13/73], Н.Д.Дьячковский [52/77], А.Орусбаев [98/54], В.И.Котлаевтер [84/58-62] дыбыстың күші мен созылықтылығын айтса, У.Ш.Байчұра [17/267-268] мен А.Сапаев [113/9-12, 114/471-473] дыбыстың негізгі тоны мен күшін көрсетеді. Ал үшінші топқа - екпінді дауысты үш компоненттің үшеуі арқылы бірдей ерекшеленеді деушілер жатады. Олар: А.Махмудов [94/57], Ш.М.Абдуллаев [2/177], Х.К.Сыдыков [119/90-92], Т.Д.Потапова [101/89-90], т.б.

Менің қазақ және қарақалпақ тілдеріне байланысты өз зерттеулерім екпінді дауысты тек екі компонент арқылы, яғни күші мен созылықтылығы жағынан ғана ерекшеленетіндігін көрсетті [69/11, 91/74]. Екпінді дыбыс екпінсізге қарағанда аздап күштірек айтылады және созылықты дыбысталады. Ал негізгі тоны жағынан онда елеулі айырмашылық байқалмайды /Ол туралы күнның екінші тарауында толығырақ сөз болады. - К.Б./.

Бұл айтылғандарды растайтын тағы бір дәлеліміз - фонологиялық заң бойынша екпінді бұны аталған үш компоненттің қай жағынан ерекшеленсе, екпінсіз бұны сол жағынан әлсіреуге тиіс. Айталық, егер екпінді бұныдағы дауысты дыбыс негізгі тоны жағы-

нан ерекшеленетін болса, онда екпінсіз буындағы дауысты дыбыс осыған қарама-қарсы негізгі тоны жағынан әлсіреп, сапалық өзгеріске ұшырауы керек. Түркі тілдерін эксперимент арқылы зерттеуші ғалымдардың барлығы ұйғыр тілінен басқа тілдерде ондай негізгі сапалық редуцияны байқаған емес. Рас, А.Моллаев [96/112] қазақ екпінді дауысты тек негізгі тоны жағынан ерекшеленеді дегенді айттып жүр. Біздің ойымызша, бұл мәселе елі де түбегейлеп зерттелмей түсуі керек ететін сияқты.

Енді қазақ тіліндегі екпіннің орны дегенге келсек, зерттеушілердің басым көпшілігі оны сөздің соңында деп есептейді. Шындығында да, қазақ тіліндегі сөздік екпін негізінен сөздің соңына буынна түседі. Бұл, әсіресе, түбір тұлғалы есім сөздер мен етістіктерде анық байқалады. Дегенмен, сөздік екпін қазақ тілінде әр уақыт соңғы буынға түседі деу шындыққа сай келе бермейді. Ол кейде қосымшаға, кейде түбірдің соңғы буынна, кейде тіпті түбір сөздің бас буынна /одағайларда, күшейткіш тәтеулерде/ түсуі мүмкін. Бұл – басты мән-мағынаны /коммуникацияны/ сөздің қай бөлшегі арқалап тұруына, басқаша айтқанда, сөйлеу кезінде негізгі ойды қайда аударуымыздың керектігіне байланысты екпін әр жерде тұра беруі мүмкін деген сөз. І.К.Кеңесбаевтың "Қазақ тіліндегі кейбір қосымшалар /мәселен, жіктік жалғауы, т.б./ мен тұлғалар /етістіктің -шы/-ші, -ма/-ме жұрнағы, оның есімінің -дай жұрнағы, шылау сөздер мен көмекші сөздер, т.б./ екпінді өз бойына тарта алмайды" деуі тегіннен тегін болмаса керек [73/279-80].

Сөз тілдік қатынасқа түскенде әр уақыт жеке-жеке қолданылатын бермей, көп ретте ол ритмикалық топ құрап, бір-ақ екпінге ие болып барып жұмсалатындығы, ол екпіннің ритмикалық екпін деп аталатындығы туралы айтқан ғалымдардың /І.К.Кеңесбаев, В.Н.Зиновьев, Ө.Түнісбеков/ пікірлерін біз жоғарыда келтірдік. Аталған жолдастар дұрыс көрсеткендей, ритмикалық екпін көбінесе ритмикалық топтың соңғы сөзіне, оның соңғы буынна түседі. Бұл жерде біз сөйлеу тәжірибесінде ритмикалық топ құрамының өзгеруіне байланысты ритмикалық екпін түсетін сөз де басқа-басқа болатындығын баса айтқымыз келеді.

Қазақ тілі фонетикасын зерттеуші ғалымдардың бұл тілдегі екпіннің қызметі /функциясы/ туралы айтқан пікірлері де әр түрлі. І.К.Кеңесбаев екпіннің қызметі – "сөз бен сөздің, бір

өз тобы мен екінші сөз тобының шегін бөліп, жігін ажыратып
ұрады" десе [72/19-20]. В.Н.Зиновьев: Екпін "сөзді фонетикалық
ірілікте ұстайды", - дейді [61/48]. Ә.Хүнісбаевтің де екпін-
інің қызметі туралы пікірі осыған жақын. Ол: "Екпін сөздегі
фонетикалық басын қосып, оны бір бүтін күйге келтіреді", - дей-
ді [44/61]. М.Қ.Исаев пен С.Татубаев болса, "екпіннің қызметі -
сөз айыру, сөз ажырату" десе [63/19, 123/82], ал А.А.Есентеми-
рова оны - "сөз құрастыру, сөз жасау", - деп біледі [55/183].

Біздің өз ойымызша, қазақ тіліндегі екпіннің қызметі -
мейлі ол қосымшаға түссін, мейлі түбір сөздің соңғы бұйынна
түссін, айтауір, сөздің /немесе тіркестің/ атам-жеңім жып,
қоғамдап, бір бүтін күйге келтіріп, жеке-жеке мән-мағынаға ие
/яғни белгілі бір коммунификация атқаратын/ әрбір сөз бөлім сөзді,
тіркес пен тіркесті бір-бірінен шектеп, бөліп тұру.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақ тіліндегі екпіннің қыз-
меті жағныан тілдегі сингармонизм құбылысымен сәйкес келуі,
Ә.Хүнісбаев айтқандай, оның "қажетсіздігін" туғызбайды, қайта,
керісінше, сол сингармонизмнің өзі - бір кездегі бірінші бұйын-
ға түскен екпіннің өсерінен жасалған құбылыс [82/166, 81/161,
127/88]. Қазіргі кезде қазақ тіліндегі екпін мен сингармонизм
бірінше-бірін сүйеу болып, бірімен-бірі септесіп, қоғамдасып қыз-
мет атқарады.

Олай болса, түркі тілдеріндегі екпіннің орыс тіліндегідей
қарқынды, күшті болмай, оған қарағанда әлсіздеу, нашарлау болу
сәбепін бұл тілдердегі екпін мен сингармонизм құбылыстарының
бір жерде тұтылып, бір ғана қызмет атқарып, жарыса қолданылып
жүргендігінен іздестірген жөн.

4. Екпін мен редуция құбылысының байланысы

Сөйтіп, біз редуция құбылысын екпінмен тығыз байланысты
деп білеміз. Бір біз ғана емес, түркологтардың түгелге жуығы
солай деп қарайды. Алайда бұл пікірге қарсы дау айтушылар да
жоқ емес. Л.Н.Старостов "Түрік тілінің екпіні жайында" /1953/
деген еңбегінде: "Түрік тіліндегі дауыстылардың редуциясы
екпінге байланысты емес", - деп жазды [116/116]. Бұл ойлы соңғы

кезде М.И.Трофимов та қолдап жүр. Оның айтуынша, түркі тілдердегі редуция кейде екпінді /бірінші/ бунда, мыс.: $q^h y l$, $p^l i r$ кейде ортаңғы бунда - онда да барлық жағдайда емес, бірінші-ащық бунда ғана, мыс.: $o r l y < o y u l$, $b a l l a r < b a l a l a$ болады. Егер редуция екпіннің әсерінен болса, онда ол езі екпінді болғандықтан бірінші бунда болмас еді де /М.И.Трофимов түркі тілдерінде екі екпін бар. Бірі - сөздің басқы - бірінші бунына, екіншісі - соңғы бунға түседі деп біледі. - Қ.Б./, керісінше, ортаңғы бунның тек ащық бунында ғана емес, оның бітеу, түйық бундарында да кездесер еді, - дей келіп, ол: "Между тюркским ударением, падающим на последний слог слова и на оба крайних слога, с одной стороны, и теми или иными фонетическими процессами в различных тюркских языках, с другой, не прослеживается никакой обязательной связи, и поэтому обличать нами русскую редуцию гласных было бы неоправданно", - деп тұжырымдайды [124/48-49].

Біздің ойынша, авторда екі түрлі жаңсақ пікір қалыптасқан сияқты. Оның біріншісі - $q^h y l$, $p^l i r$ деген төрізді екі бунды сөздердің бірінші бунның екпінді деп білуі; екіншісі - ортаңғы бун екпінсіз болғандықтан ондағы дауысты дыбыс сөзсіз редуцияланып, түсіп қалуға тиіс деп ұғынуы. Біздің М.И.Трофимовтың бірінші пікіріне берер жауабымыз: Кез келген сөзден екі екпін іздеуге болмайды. Түркологтардың айтуына қарағанда, бас бунға түсуге тиіс делініп жүрген көмекші /қосымша/ екпін тек 4-5 бунды сөздерде ғана кездеседі [138/97, 25/63, 73/278]. Олай болса, жоғарыдағы екі бунды сөздердің бірінші бундары екпінді емес - екпінсіз.

Ал екінші пікіріне айтарымыз: Рас, екпінсіз бун мейлі аз болсын, мейлі көп болсын әр уақыт редуциялануға тиіс. Бірақ, есте болатын нәрсе, екпінсіздік редуцияланудың тек бірінші ғана шарты. Сөздегі екпінсіз дыбыстар толық дәрежеде редуцияланды деп айту үшін, оған екпінсіздікке қоса, одан басқа да толып жатқан фонетикалық факторлар қажет /Ондай фонетикалық факторлар жайында біз екінші тараудың "сандық редуция" деген тақырыпшасында тоқталамыз/. Егер біз түркі тілдерінің бұл ерекшелігін ескермесек, ондағы редуцияны орно тіліндегі редуция құбылысына жақындатудың "көмесі" сонда болады.

Бұл айтылғандардан шығатын қортынды: дауысты дыбыстардың

редукциямен екпінге тығыз байланысты, ол – тек екпінсіз буында болатын құбылыс. Яғни, екпінсіздік – редукция құбылысының ең бірінші және басты шарты.

Ендігі жерде біз осы пікірімізді негіздеп көрелік. Ойымыз жүйелі болу үшін, әңгімені алдымен түркі тілдеріндегі екпін мәселесінен басталық.

Түркологтардың жазғандарына қарағанда, түркі тілдеріндегі екпін тым ерте кезде сөздің бас буынына түссе керек. Мәселен, В.Грёнбек өзінің „Forstudier til turkisk Lydhistorie“ (København, 1902/ деген еңбегінде: әуелгі кезде түркі тілдеріндегі екпін бірінші буында болған, – деген пікір айтады. Оған дәлел ретінде ол сары (> сары)...төрізді сөздердің соңындағы дауыссыз дыбыстардың түсіп қалуын келтіреді. Бұл автор сөз соңындағы дауыссыз дыбыстардың түсіп қалуын – көне дәуірдегі екпіннің бірінші буында тұрған кезінің бір айғағы деп біледі. Х.Педерсен „Türkische Lautgesetze“ /Leip., 1903/ деген еңбегінде: бірінші буындағы ол екпін музикалы еді, – деген жорамал айтады [111/33].

Біз В.Грёнбек пен Х.Педерсеннің бұл еңбектерінің тип нұсқаларымен таныса алғамыз жоқ. Сондықтан жоғарыда айтылған тұжырымдардың дәлдігі туралы үзілді-кесілді пікір айту қиын. Есесіне, өзіміздің қолда бар еңбектерге жүгінсек, мәселен, Ф.Е.Корштың 1909 ж. жазған „Балдақ“ сөзі және түркі тілдеріндегі дауыстылардың созылқылығы" және "Түркі тайпаларының ежелгі халық өлеңдері" атты мақалаларынан бұл мәселе туралы толығырақ мағлұмат алуға болады.

Ф.Е.Корш алғашқы аталған еңбегінде: екпін түркі тілдерінде әуелгі кезде бірінші буынға түскен, – дегенді айтса [81/161], келесі еңбегінде осы бірінші буындағы екпіннің өсерінен түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың гармониясы жасалды, – деген пікірді келтіреді [82/166].

Зерттеушінің айтуына қарағанда, сөздің соңғы буынындағы екпінсіз дыбыстардың /дауысты-дауыссыз/ түсіп қалуы, осыған байланысты бірінші буында кепінен жасалған созылқы дауысты дыбыстардың пайда болуы және сингармонизм құбылысының тууы – бір ғана себептен, атап айтқанда, екпіннің бірінші буында тұрғандығынан болған көрінеді. Бұған мысал ретінде Ф.Е.Корш шор тіліндегі аас "ауыз" сөзінің көне түркі тілі мен қазіргі шығыс және оңтүстік түркі тілдерінде кездесетін ағыз нешесе сол-

түстік түркі тілдеріндегі авыз, ауыз сөздерімен түбірлес екендігін айта келіп, оны екпіннің бірінші буына түскендігінен болған құбылыс деп біледі [81/161].

Түркі тілдерінде алғашқы кездегі екпіннің бірінші буында болғандығын Ф.К. Корштан кейін А.Н. Самойлович, Е.Д. Поливанов, Б.Я. Влассов, т.б. ғалымдар атап көрсеткен [112/21, 99а/119, 38/112].

Олай болса, біз үшін ең маңызды факт – түркі тілдеріне тән екпіннің еуел баста сөздің бас буынында тұруы. Ал одан да гөрі маңызды нәрсе – қазіргі түркі тілдеріндегі екпіннің сөздің соңғы буынына түсетіндігі. Түркологтардың бәрі дерлік осы екі жағдайдың арасын да мойындайды. Ендеше, қазіргі күндегі сөз соңына түсетін екпін кейіннен болған өзгеріс екендігі сөзсіз. Бізге екпін мәселесінің маңыздылығы да осы өзгерісінде.

Бірақ Х. Педерсеннің жоғарыда айтылған: түркі тілдерінің бірінші буынындағы екпін барлық уақытта музыкалы болды, – деген пікірмен келісуге болмайтын сияқты. Өйткені бірінші буындағы екпін, Х. Педерсен айтқандай, музыкалы болса, онда ол, көпшілік түркологтар ойлағандай, сингармонизм заңын да, сөздің соңғы буындарындағы дауысты-дауыссыз дыбыстардың түсіп қалуын да, соған байланысты бірінші буындағы кейіннен жасалған созылықты дауыстылардың пайда болуын да туғыза алмаған болар еді.

Ендеше, ол – лебізді екпін. Тіл тууының алғашқы дәуірінде пайда болған музыкалы екпін көп ұзамай лебізді екпінге ауысып кеткен.

Мұны былайша түсінген жөн: Түркі тілдері пайда болуының алғашқы дәуіріне тән екпін – музыкалы екпін /Ол кездегі сөздердің көпшілігі бір буынды болған/. Музыкалы екпін, әдетте, бірінші буына түскен. Оған бір дәлел – қазіргі кездегі кейбір түркі тілдерінде сақталынған бір буынды сөздердегі алғашқы /первичный/ созылықты дауыстыларының сол кезде жасалғандығы [24/40-42].

Сөйтіп, уақыт өте берді, тіл дами түсті. Кейін тілдің даму барысында музыкалы екпін лебізді екпінге ауысты. Осы ауысуға байланысты түркі тілдерінің көпшілігінде алғашқы созылықты дауыстылар жойылып, қысқа дауыстыларға өзгерді. Ал ашық дауыстылар болса, өзінен гөрі қысқадау басқа бір дауысты дыбысқа тарылды [75/14, 128/240-243]. Сонымен бірге, тілде бұрынғыдай

так бір буынды сөздер ғана емес, екі-үш буынды сөздер де пайдала болды. Бірақ көп уақытқа дейін екпін бірінші буындағы орнын өзгерткен жоқ. Сондықтан да, сөздің бас буынында тұрған лебізді екпін ондағы дауысты дыбыстарды күшейтіп, басқа екпінсіз буындардағы дауыстыларға ықпал жасады да, оны өзіне үйлестірді немесе керексіз етіп тастады.

Жоғарыда айтылған сингармонизм заңы да, сөз соңындағы екпінсіз дыбыстардың редуцияланып түсіп қалуы мен соған байланысты кейіннен жасалған сознылық дауыстылардың тууы да, яғни, осы кезде пайда болған деп тұжырымдауға болады.

Сонымен, көне дәуірдегі бірінші буында тұрған үнді екпін лебізді екпінге ауысты делік. Кейіннен тағы да тілдің даму барысында, дәлірек айтқанда, түркі тілдеріне төн агглютинация құбылысының жетілуіне байланысты өлгі сөз басындағы лебізді екпін сөз соңына көшті.

Ендіме, бір кездегі сөз басында тұрып, бірнеше фонетикалық құбылыстардың тууына /оларды біз жоғарыда атап өттік/ себеп болған лебізді екпін қазіргі күнде сөздің соңғы буынына түсетін болса, онда оның тағы да көптеген фонетикалық құбылыстар туғызғандығында сөз жоқ.

Ондай құбылыстар деп – біз регрессивтік ассимиляцияны, екпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың редуциялануын, анкопа, синкопа атты сөз ішіндегі қысқа дауыстылардың түсіп қалуын және элизия деп аталатын құбылыстарды атаған болар едік.

Сөз басындағы екпінді дауысты күшті фонетикалық жағдайда тұрғандықтан өзінен кейінгі екпінсіз дауыстылардың бәріне де ықпал етіп, үстемдік жүргізеді. Оларға жасалу жолы жағынан да, орны жағынан да өсер етіп, өзіне қарай икемдейді. Осының арқасында бір сөз не сөз тіркесті көлеміндегі дауыстылардың бәрі де бірінші буындағы екпінді дауыстыға қарай үйлесті де, бүткіл түркі тілдеріне ортақ сингармонизм құбылысы пайда болды.

Кейін – сөз басындағы лебізді екпіннің сөз соңына көшуіне байланысты – үстемдік ететін дауысты дыбыс бұрынғыдай сөздің бас буынында емес, соңғы буынында тұратын болды. Дауыстылардың бір-біріне өсері сөздің бас буынынан емес, соңғы буынынан басталды. Сөйтіп, регрессивтік ассимиляция жасалды. Бұл – регрессивтік ассимиляция прогрессивтік ассимиляцияға қарағанда кейінгі кезде туған құбылыс деген сөз /127/63/.

Сонымен, "өзгермейтін темір заң" аталған сингармонизм құбылысында басты роль атқаратын бірінші буындағы дауысты дыбыс қазіргі кезде әлсіреп, екпінсіз буындардағы дауыстыларға тең қасиет көрсетсе, яғни регрессивті ассимиляцияға ұшырайтын болады /мыс.: бұл жыл > быйыл > биыл т.б./ немесе редуциялана алатын болса /біл > білім т.б./ ол, әрине, сол сөз соңына түсетін дәлелді екпіннің әсерінен болған өзгеріс.

Бұл жерде түркі тілдеріндегі екпіннің сөз басынан, сөз соңына көшуіне не себеп болды деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Оған үзілді-кесілді жауап беру қиын. Түркологтардың ешқайсысы да бұл сұраққа жауап ізвестірімейді. Тек Г.Х.Ахатов ғана "Бірі татар тілінің екпіні қайында" деген еңбегінде: "Өне түркі тіліндегі бірінші буында кездесетін созылық дауыстар өзінше екпін ұстап тұрады. Егер ол созылық дауысты өзінше созылықтық қасиетін жойып алса /не себептен екендігін автор айтпайды/, екпін одан кетіп, келесі екпінші буынға барады. Ол буындағы дауысты дыбыстың өзгеруіне /тарилуына/ байланысты екпін тағы да жылжиды. Сөйтіп, екпін ақырында соңғы буынға жетеді", - дегенді айтады [12/189].

Бұл пікірмен келісе қоян болмайтын сияқты. Өйткені екпін бірінші буынға сол буында созылық дауысты бар болғандықтан түсіп тұрған жоқ, керісінше, бірінші буындағы созылық дауысты дыбыстың өзі сол буынға түскен екпіннің әсерінен жасалынған. Олай болса, түркі тілдерінде екпіннің бірінші буыннан соңғы буынға көшуінің себебі, Г.Х.Ахатов айтқандай, дауысты дыбыстарда болған өзгеріс емес, қайта, дауысты дыбыстарда болған өзгерістің өзі осы екпін орнының өзгергендігінен болған нәрсе [24/40-41, 75/14, 128/240-243].

Бірінші буындағы екпіннің соңғы буынға көшуіне - түркі тілдерінің дамуы, дәлірек айтқанда, агглютинация құрылымының тууымен жетілуі себеп болған [89/67-74]. Өйткені түбір сөзді де, оған қосылған жалғау-жұрнақтарды да бүтін етіп жинақтап тұру қызметін - тек сөз соңында тұрған екпін ғана мүлтіксіз атқара алады.

Түркологиялық әдебиеттердің бәрінде де: Хиатус /зияние/ деген түркі тілдеріне жат нәрсе. Сондықтан да, егер екі не үш сөз аралығында дауысты дыбыстар қатар келсе, алғашқы сөздің соңғы дауыстысы түсіп қалады, - делінген. Мыс.: торы ат > тор ат; қара ағаш > қарағаш, т.б.

Түркі тілдерінің акцентуациялық заңы бойынша, сөз соңындағы дауысты дыбысқа екпін түсуі керек. Олай болса, сөз соңындағы екпінді болып табылатын дауысты дыбыстардың түсіп қалуын қалай түсіну керек? Бұл жағдай түркі тілдерінің акцентуациялық заңына қарсы келіп тұрған жоқ па?

Әлбетте, жоқ! Әкіміне мынада: Егер орыс тілінде әрбір мағыналы сөзге жеке екпін түсетін болса, түркі тілдерінде әрбір сөздің жеке екпінге ие болуы шарт емес. Түркі тілдерінде кейде бір-ақ сөз тіркесіп келіп, бір-ақ екпінге ие болуы мүмкін. Жоғарыда келтірілген мысалдарда екпін әр сөзге емес, бүкіл сөз тіркесіне түседі. Дәлірек айтқанда, ондай тіркестердің соңғы сөзі бұны/ екпінді болып, басқа екпінсіз бұныдардағы дауыстыларды редуцияға ұшыратады да, айтылуда сөз құрамынан түсіп қалады.

Бұларға қоса біз қазақ тілінде кездесетін неғып /< не қылып/, аппарат /< аппарат < алып бер/, әкед /< алып кел/ тәртізді т.б. сөздердің де осы сөз тіркесіне түсірілген екпіннің әсерінен болған формалар деп атаған болар әдіс. Үйінені мұның бәрі де тіркестің соңғы бұнына /сөзіне/ түсірілген екпіннің әсерінен болған өзгерістер. Сол сияқты, түркі тілдерінің бәріне де ортақ "ойна" /< ойына/, "аузы" /< ауыз-и/ тәртізді сөздердегі қысқа дауыстылардың түсіп қалуы да осы сөз соңына түскен ледізді екпіннің әсерінен болған құбылыс.

Нағыз екені белгісіз, Ф.Е.Корш мор тіліндегі "аас" /< ағыз/ формасына қоса, "ойна", "аузы" формаларын да бірінші бұныға түскен екпіннің әсері деп қарайды [81/161]. Біздің ойымызша, "аас" формасы бірінші бұныдағы екпіннің әсерінен жасалғанымен, "ойна", "аузы" формалары сөздің бас бұнына түсірілген екпіннің әсерінен емес, керісінше, сөздің соңғы бұнына түсірілген екпіннің әсерінен жасалған.

Ендеше, екпінсіз бұныдағы дауыстылардың редуциялануы, кейде осы редуцияланудың салдарынан сөз құрамынан мүлдем түсіп қалатындығы - сөз екпіннен тығыз байланысты нәрсе. Түрмологиялық еңбектерде де редуция құбылысын осы сөз соңына түсірілген ледізді екпінмен байланыстырады. Бұлай болуы заңды да. Өйткені дауысты дыбыстардың редуцияға ұшырауының бірден-бір себебі - фонациялық ауаның қарқындылығына негізделген ледізді екпін болып есептеледі.

Ледізді екпін түскен бұныдағы дауысты дыбыс ерекше күшпен

айтылып, анық-айқын дыбысталады. Екінсіз буындардағы дауыстыларға қарағанда ол қарқынды шығып, созылықты айтылады. Бірақ түркі тілдеріндегі екпінді дауыстының созылықтылығы орыс тілімен салыстырғанда онша үлкен емес. Сондықтан болу керек, түркіологтардың көпшілігі: түркі тілдеріндегі екпінді дауысты күшті айтылу керек, ал оның созылықты болуы шарт емес, - дегенді айтты [26/35, 77/95, 109/130].

Біздің өз зерттеу қортындымыз бойынша, қазақ сөзлерінің екпінді дауыстысы екпінсіз дауыстысына қарағанда әжептәуір созылықты айтылатындығы дәлелденді [68/530-33, 69/9-11]. Мұны басқа түрколог-экспериментаторлар да дәлелдеп жүр. Олар өздерінің жасаған эксперименттік қортындысына сүйене отырып, екпінсіз буындағы дауысты дыбысқа қарағанда екпінді буындағы дауысты дыбыстың созылықтылығы бір жарым, екі есе артық әкөнділігін көрсетеді [29/47, 128/24-25, 18/70-71, 14/28-35, 62/14, 42/148].

Экспериментаторлардың ішінде тек У.Ш.Байчұра мен М.Райымбекова ғана "түркі тілдеріндегі екпінді дауыстылардың созылықты болуы міндетті емес. Созылықты бола қалған күнде де ол екінші-үшінші қатардағы мәселе. Дауысты дыбыстардың созылықтылығы жағынан өзгеруі көбінесе көршілес дауысыздарға тәуелді". - деген пікір айтады [16/44, 104/18-19]. Мұны дұрыс айтылған пікір деп ойламаймыз.

Өйткені екпінді буындағы дауысты дыбыстың күшті және созылықты айтылуы бір-бірінен бөліп қарауға бомайды, олар тығыз байланыста. Сондықтан да, түркі тілдеріндегі екпінді тек қана лебізді деу жеткілісіз. Ондағы екпінді орыс тіліндегі сияқты динамикалық-квантитативтік екпін деп атаған жөн. Бұған қосарымыз: түркі тілдеріндегі лебізділік пен созылықтылық деген орыс тілімен салыстырғанда онша күшті емес.

Сөйтіп, түркі тілдеріндегі екпін, негізінен, лебізді екпін. Ол - дауысты дыбыстың күшіне және созылықтылығына негізделеді. Есте болатын нәрсе, лебізділік негізгі қасиет болады да, созылықтылық оған қосымша болады /Орыс тілінде де солай/.

Лебізді екпіннің әсерінен болған екпінсіз буындардағы дауысты дыбыстардың редукциясы тек түркі тілдерінде ғана емес, индоевропа тілдерінде де, атап айтқанда, славян, герман тілдерін былай қойғанда, сонау ерте дәуірдегі латын, италиян, ирланд тілдерінде де болыпты. Мәселен, латын және италиян тілдеріндегі

бірінші буынан басқа буындардағы кездесетін дауысты дыбыстардың аусуы /чередованиям/ осы лебізді екпіннің өсерінен деп түсіндіріледі. Бұл тілдерде лебізді екпін бірінші буынға түссе керек [40/133, 37/387].

Ал күшті, қарқындылығы жағынан екпінді буын мен екпінсіз буындарының арасығында айырмашылықтары жоқ эстон, француз, испан тілдерінде немесе музыкалы /тоникалық/ екпін тән швед, норвеж, саро, литва, қытай және жапон тілдерінде дауысты дыбыстардың жоғарыда айтылғандай редуциялануы жоқ көрінеді [41/110]. Бұл тілдердің дауыстылары, нейлі екпінді буында тұрсын, нейлі екпінсіз буында тұрсын, өздерінің сандық-сапалық қасиеттерін өзгертпейді. Сол сияқты, полеоазият, эвенск, эвенки тілдерінде де дәл осы орыс немесе түркі тілдеріндегі сияқты екпінсіз дауысты дыбыстардың редуциялануы оларда кездеспейді. Бұл, біздің ойымызша, ол тілдердегі екпін характерінің өзгешелігінен болуы керек.

Сонымен, екпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың редуциялануы әр түрлі системаға жататындықтарына қарамастан, лебізді екпінді бар тілдердің бәріне де тән құбылыс. Сондықтан да, оны фонематикалық универсалды құбылыс дейміз. Өйткені лебізді екпін тән тілдердің бәрінде де екпінсіз буындағы дауысты дыбыстар белгілі бір дәрежеде редуциялана алады. Айырмашылықтары – ол тілдердегі екпін орнының әрқалай болуына байланысты редуцияға ұшырайтын дауысты дыбыстардың бірде бас буында, бірде соңғы буында тұруында. Мәселен, екпінді сөздің бас буынына түсетін фин, чех, латыш, венгер, монғол, қалмақ және кейбір финно-угор тілдері мен екпінді сөздің соңғы буынына түсетін түркі тілдерін салыстырып көрелік.

Түркі тілдерінде екпін сөздің соңғы буынына түсетіндіктен, бұл тілдерде редуцияға сөздің ортаңғы және бас буындарындағы дауыстылар ұшырайды. Ал жоғарыда аталған тілдерде екпін сөздің бас буынына түсетіндіктен, редуцияға сөздің соңғы жақтарындағы /буындарындағы/ дауыстылар ұшырайды.

Проф. Б.Я.Владимирцов монғол тіліндегі екпін бірінші буынға түсетіндіктен ол буындағы дауысты өрі күшті, өрі анық-айқын жасалып, созылыққы айтылатындығын, ал басқа екпінсіз буындардағы дауыстылар әлсіз және қысқа айтылып, жасалуы жағынан көмескіленетіндігін айтады [38/64-97].

Сол сияқты, қалмақ тілінде де екпін бірінші буында тұрғандықтан, басқа буындарда кездесетін созылғы дауыстылар /долгие гласные/ редуцияланып, жартылай созылғы дауыстыларға /полудолгие гласные/ айналады, ал қысқа дауыстылар болса, мүлдем түсіп қалады. Бір ғана мысал: нохаі > нохаа > ноха /ит/ [99/38].

Финно-угор тілдерін аламық. Ол тілдерде де әуел баста екпін сөздің бас буынына түскен көрінеді. Қазір де бұл ерекшелік онша зор өзгеріске түсе қойған жоқ. Сондықтан бұл тілдерде де бірінші буындардан басқа буындардағы дауыстылар редуцияға ұшырайды: сан-сапа жағынан нашарлап, қысым күші азаяды; артикуляциясы жөмескіленеді. Мәселен, иарий тілінде бірінші буыннан басқа буындағы дауыстылар сан-сапа жағынан редуцияланған. Оған себеп – екпіннің бірінші буында тұруы [39/186].

Егер қазіргі түркі тілдерінде екпінді сөздің бас буынына түсірсек, сөздің соңғы буындарындағы дауыстылар редуциялана ала ма еді? Сөз жоқ, редуциялана алады. Н.А.Баснаков пен А.И.Ишкеева-Грекул хакас әдеби тіліндегі "ағас" /ағаш/, "абаи" /акем/ сөздерінің сол тілдің сағай диалектісінде ағыс, абы түрінде дыбысталануын айта келіп, оны әдеби тілдегі сөз соңына түсірілетін лебізді екпіннің көрсетілген диалектіде сөздің бас буынына түсірілгендігінің белгісі деп біледі [23/327].

Лебізді екпін төн тілдердегі редуцияланудың екінші бір айырмашылығы – олардағы екпін күшінің әр түрлі дәрежеде болуына байланысты. Лебізді екпінді күшті тілдерде екпінсіз дауыстылардың редуциялануы да күшті болады. Керісінше, екпін күші онша емес тілдерде дауысты дыбыстардың редуциялануы да онша күшті болмайды. Мәселен, орыс тілі мен түркі тілдерін салыстырарлық. Екеуіне де лебізді екпін төн, сондықтан екеуінде де екпінсіз дауыстылар редуцияға ұшырайды. Бірақ түркі тілдеріндегі лебізді екпін орыс тіліндегі лебізді екпінге қарағанда күшті, қарқынды емес. Осыған орай ондағы редуция күбылысы да онша күшті, қарқынды болмайды [3/69/, 118/86, 120/142, 116/117].

Қысқасы, түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың редуциясы ең алдымен екпінге байланысты. Ол – сөздің соңғы буынына түскен лебізді екпіннің нәтижесі. Өйткені түркі тілдеріндегі лебізді екпін фонациялық ауаның қарқындылығына негізделеді де, екпін түскен дауысты екпінсіз дауыстыға қарағанда күшті айтылып, анық-айқын естіледі және созылғы дыбысталады. Ал екпінсіз дауысты,

керісінше, әрі күшсіз, әрі қысқа айтылып, көмескі, күңгірт тартады. Созылықтылығы жағынан келте айтылып, күші жағынан әлсірейді. Бір сөзбен айтқанда, екпінсіз буындағы дауыстылар редуцияға ұшырайды.

Осы тараудың басында біз әрбір дауысты дыбысқа тең дыбыс күші, созылықтылығы, әуені деген компоненттері болатындығын және олардың өзара тығыз қарым-қатынаста жұмсалатындығын сөз еткенбіз. Егер дауысты дыбыстар екпінсіз буында редуцияланады дейтін болсақ, ол редуциялану осы компоненттердің бірінің не бір-нешеуінің әлсіреуі, жетуі арқылы іске асады. Айталық, кейде екпінсіз дауысты күші, созылықтылығы және әуені жағынан бірдей редуциялануы мүмкін. Кейде тек күші мен созылықтылығы жағынан ғана редуцияланып, ал әуені жағынан редуцияланбауы мүмкін, немесе керісінше. Ол әрбір тілдің өзіндік ерекшелігіне байланысты. Мәселен, орыс тілінің екпінсіз дауыстылары осы айтылған үш жағынан бірдей редуцияланады. Яғни күші жағынан әлсіреп, созылықтылығы жағынан кемиді; әуені /негізгі тоны/ жағынан көмескіленеді. Осы ерекшелігіне қарай ондағы редуция күбылмалы сандық және сапалық редуция болып екіге бөлінеді.

Мейлі сан жағынан редуциялансын, мейлі сапа жағынан редуциялансын екпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың редуциялануы бір қалыпты болмайды. Олар бір жерде аз ғана редуцияланады, екінші жерде күшті редуцияланып, кейде тіпті айтылу да сөз құрамынан мүлде түсіп те қалады. Бұл да әрбір тілдің өзіндік ерекшелігіне, сөз екпінсіздігінің қарқындылығына және басқа да фонетикалық жағдайларға байланысты. Біз оларға келесі тарауларда тоқталамыз. Бұл жерде тек екпінсіз дауыстылардың редуциялануы жоғарыда айтылғандай сандық және сапалық редуция деп бөлінумен қатар олардың редуциялану дәрежесіне қарай жартылай редуция және толық редуция деп тағы да екіге бөлінетіндігін ғана ескертіміз келеді.

Екінші тарау ЖАРТЫЛАЙ РЕДУКЦИЯ

Жартылай редукция дегеніміз – екпінсіз дауыстылардың әлсіреуі. Ол әлсіреу әдетте екі жақтан болады: бірі – сапа жағынан, екіншісі – сан жағынан.

Бұл оияқты сандық-сапалық өзгерістерді дәл анықтау электроакустикалық құралдарсыз мүмкін емес. Сондықтан да, біз қазақ тіліндегі екпінсіз дауыстылардың жартылай редукциялануын зерттеу үшін лингвистикада кеңінен таралған және әбден мойындалған эксперименттік әдіске сүйендік.

Эксперимент Ленинград университетінің Л.В.Щерба атындағы эксперименталды-фонетикалық лабораториясында 1965-66 жылдары жүргізілді.

Іріктеліп алынған сөздерді микрофон алдында оқу үшін ана тілінің өлеби нормасын жақсы білетін дикторлар таңдалынып, олар лабораторияның тиісті камераларына шақырылды.

Дауысты дыбыстардың осциллограммасын түсіру үшін Н-102 типті осциллографты пайдаландық. Осциллограмманы түсіру кезіндегі киноплёнканың қозғалу жылдамдығы 250 мм/сек болды.

Сөздерді магнитофонға жазу үстінде де, дауысты дыбыстардың осциллограммасын түсіру кезінде де, екпінді-екпінсіз буындардағы дауысты дыбыстардың спектрін алу жағдайында да эксперимент түгелімен совет экспериментаторларының инструкциясы бойынша жүргізілді. Яғни эксперимент үшін қажетті шарттар түгелімен сақталды.

Мәселеге тікелей көшпестен бұрын, алдымен түркі тілдеріндегі эксперименталды-фонетикалық зерттеудің жөйі туралы бір-екі сөз айта кетелік.

Түркі тілдерінің фонетикасына эксперименттік зерттеу жүргізу В.А.Вогородицкийдің еңбектерінен басталады. Оның эксперимент қортындыларына сүйеніп жазған "Қырым-татар тілінің диалектілік ерекшеліктері жайында" /1903/, "Қазан-татар диалектісіндегі түбір воколизм мен оның өзгерістері жайында" /1928/, "Басқа түркі тілдерімен өзара қарым-қатынастағы татар тіл біліміне кіріспе" /1934/ деген еңбектері түркі тіл білімі үшін құндылығын күні бүгінге дейін жоғалтқан жоқ.

В.А.Богородицкийдің шәкірті Ғ.Шарафтың "Татар дауныстарының сонорлық созылыңқылығы" /1928/ деген еңбегі де эксперимент қортындыларына негізделген. Ол тек совет ғалымдарына ғана емес, сонымен бірге шетел түркологтарына да белгілі және жалпы түркология ғылымына қосылған зор үлес болып табылады.

Түркі тілдерінің фонетикасына эксперименттік зерттеу өсірісе 1950 жылдан кейін күшті қарқынмен алға басты. Оған дәлел ретінде 1951 жылы жазылған азербайжан тілінің фонетикасы туралы Ә.А.Кязимовтың, чуваш тілінің фонетикасы туралы Е.Н.Степанованың кандидаттық диссертацияларын, одан кейінгі жылдары жарық көрген якут тілінің фонетикасы туралы П.П.Барашковтың /1953/, тува тілі туралы А.Ч.Кунааның /1957/ және татар тілін басқа түркі тілдерімен салыстыра зерттеген У.Ш.Байчураның /1959, 1961/ еңбектерін атауға болады. Сол сияқты, якут тілі туралы О.С.Чорнилова /1959/ мен Н.Д.Дьячновскийдің /1966/, өзбек тілі туралы А.Махмудов /1960/ пен С.Атамирзаеваның /1963/, азербайжан тілі туралы А.А.Ахундов /1964/ пен Ш.М.Абдуллаевтің /1964/, түрікмен тілі туралы А.А.Одековтың /1964/ кандидаттық диссертациялары да түркі тілдерін эксперимент арқылы зерттеудің тарихына қосылған зор табыстар.

Бұл айтылған еңбектерде түркі тілдерінің дауысты дыбыстары эксперименттік әдіс арқылы жан-жақты қарастырылады. Дауысты дыбыстардың әр түрлі фонетикалық жағдайларға байланысты түрліше өзгеретіндігі, екпінсіз буында өжептәуір әлсірейтіндігі біршама сөз етіледі.

Ал қазақ тілінің дыбыстары болса, эксперименттік әдіс арқылы В.М.Шварцманның /1955/ және У.Ш.Байчураның /1959/ өздері зерттеп отырған тілдерімен салыстыру мақсатында алған тип-қашты мысалдарынан басқа бізге дейін шын мәнінде зерттелінген жоқ еді. Біз осы тақырыпты еңсерген кезде А.А.Арабаевтың басшылығымен Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының жанындағы эксперименталды-фонетикалық лабораторияның бір топ ғылыми қызметкерлері /Ә.Ләтіпбеков, М.Райымбекова, С.Татубаев, А.Қоңқаров, т.б./ қазақ тілінің дауысты-дауыссыз дыбыстарына эксперименттік приборлар арқылы жүйелі түрде зерттеулерді бастаған болатын. Бірақ олардың зерттеу қортындыларының шығуына

әлі алыс еді. Және олардың ешқайсысы да дауысты дыбыстардың редуциясын объект етпеген.

Мәселенің осы жағын ескеріп, біз қазақ тілінен 300-ден аса жеке сөздер мен сөйлемдер таңдадық та, олардың осциллограммаларын түсірдік. Кейбір сөздердегі дауыстылардың спектрлерін алдық. Соң арқылы аталған тілдердегі дауысты дыбыстардың өзгерістерін, түрлі фонетикалық факторлардың ол өзгерістерге етер әсерін және басқа мәселелерді қарастыруға тырыстық. Бұл ретте біз, әсіресе, екпінді-екпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың сандық және сапалық қасиеттеріне көп көңіл бөлдік. Өйткені, түркі тілдерінің екпінсіз дауыстылары туралы біреулер тек сандық жағынан редуцияланады десе [86/303, 117/86-90, 94/40-41], екінші біреулер ол сапалық жағынан ғана редуцияланады дейді [96/112]. Ал үшінші бір ғалымдар олар сандық және сапалық жағынан бірдей өзгереді дегенді айтады [29/49/, 20/14, 120/54, 5/30-31]. Бұл тараудағы біздің мақсатымыз - түркі тілдерінің бірі қазақ тілінің дауыстылары осы аталғандардың қайсысы жағынан өзгертіндігіне көзімізді жеткізу болды.

1. Қазақ тіліндегі сапалық редуция мәселесі

Алдымен, сапалық редуция жөніндегі түркологтардың пікір-


7. Ескерту: Қолдарыңыздағы зерттеу 1965-66 жылдары жүргізіліп, 1967 жылы жазылып біткенімен, әр түрлі себептерімен күні бүгінге дейін баспа бетін з жарияланбай келді. Содан бері 15 жылдай уақыт өтіпті. Осы екі аралықта түркі тілдерінің фонетикалық күйесіне, оның ішінде дауысты дыбыстарға байланысты біраз эксперименттік зерттеулер жүргізіліп, олардың барлығы болмаса да басым көпшілігі баспадан шығып та үлгерді. Біз оларға қазақ тілі туралы Ө. Хұнісбековтің [43, 44], Д.А. Аралбаевтің [7], М. Райымбекова [104] мен М.К. Исаявтардың [63], қырғыз тілі туралы Т.К. Ахматов [13], М.М. Исаясов [62], А. Орусбаев [98], Х.К. Сыдықовтардың [119], түркімен тілі туралы А. Сапаев [113] пен А. Моллаевтің [96], қарақалпақ тілі туралы А. Даулетовтің [42] және тағы басқалардың еңбектерін жатқызыңыз. Кітабімізді баспаға өзірлеу үстінде біз бұларға тиісті жерлерде ғана болмаса үнемі сілтеме жасап отыруды көн деп таппадық. Өйткені олардың өздері біздің кандидаттық диссертациямыз бен авторефератымызға, қарық көрген мақалаларымызға сілтеме жасап отырған. Бір жақсы жері, бірді-екілі жерде болмаса, осы зерттеулердің көпшілігі біздің негізгі ойларымыз бен пікірлерімізді дәлелдеп, оларды одан әрі толықтыра, дамыта, жетілдіре түскен екен. Біз оған шексіз қуаныштымыз. - К.Б.

көріне келетін болсақ, оларды шартты түрде екі топқа бөлуге болады: Бірінші топтағы түркологтар түркі тілдеріндегі екпінді-екпінсіз дауыстылардың сапа жағынан бірдей емес екендігін айта келіп, екпінсіз буындағы дауыстылардың сапалық өзгеріске ұшырайтындығын көрсетеді [29/49, 19/110]. Мәселен, В.А.Богородицкий: "Екпінсіз дауыстылар тек созылыңқылығы жағынан ғана өзгеріп қоймайды, олар, сонымен бірге, сапалық жағынан да өзгереді", - деп жазды [29/49].

Ұйғыр тілін зерттеушілер болса, екпінсіз буындағы мұндай сапалық өзгерістің нәтижесінде ашық дауыстылардың қысқа дауыстыларға ауысып кете алатындығын айтады [36/7, 121/142].

Бұл топтағы түркологтардың кейбіреулері алғашқылар төрізді екпінсіз буындағы дауыстылар аз да болса да сапалық өзгеріске ұшырайды деп біледі. Бірақ ол өзгерістің себебін олар сияқты тек екпінсіздіктен ғана деп емес, сонымен бірге оны дауысты дыбыстардың өз сапасынан, көршілес дауыссыздардың әсерінен, буы түрінен, т.б. іздестіреді [120/54, 5/30-31, 76/13].


Ал екінші топтағылар: түркі тілдеріндегі дауыстылар сапа жағынан өзгермейді. Олар кейлі екпінді буында тұрсын, кейлі екпінсіз буында тұрсын, бәрібір анық-айқын айтылып, күшті дыбысталады, - дейді [117/92, 86/303, 94/40-41, 53/153].



1-сурет

Бұл айтылғандарға қарағанда, түркі тілдеріндегі екпінсіз дауыстылардың сапа жағынан өзгерісі әлі де толық зерттелмегендігіне көз жеткізу оша қиын емес. Сондықтан да, біз қазақ тіліндегі екпінді-екпінсіз дауыстылардың аралығында қандайда болмасын сапалық айырмашылықтың бар-жоқтығын айқындау мақсатында, осы тілден алынған бір топ сөздердің дауыстыларына спектрографиялық зерттеу жүргіздік.⁸ Мысал үшін, қазақ тілінің тық, тықып, тыкпыштық және шат, шатпақ, шатпақтап сөздеріндегі екпінді-екпінсіз дауыстыларды алып қарастыралық.

1-суретте бір буынды "тық" сөзіндегі /ы/ қысанының иілмелі спектрі көрсетілген.⁹ Бұл дыбысқа төн күшей жиіліктері 120-160 гц, 400-500 гц және 1000 гц аймақтарында /салаларында/ байқалады. Бұлар /ы/ қысанының форманттары болып саналады. Күшей аймақтарының аралығындағы цифрлық қатынастар мынадай: 120-160 гц саласында байқалатын негізгі тонның күшей дәрежесі /мөлшері/ 160 мвольтқа тең, 400-500 гц саласындағы бірінші формант - 275 мвольт, ал 1000 гц саласындағы екінші формант - 250 мвольт.¹⁰




2-сурет

8. Дауысты дыбыстардың сапа жағынан өзгеруін анықтау үшін спектрографиялық зерттеудің маңызы өте зор. Қараңыз: [57/49].

9. Иллюстрация үшін бір ғана диктордың бірнеше спектрограммаларын келтірдік. Қолда бар басқа да материалдарды көлемі шағын жұмысқа сыйғызу мүмкін болмай шықты. - К.Б.

10. Бұл шама милливольт /мвольт/ арқылы белгіленеді. - К.Б.

2-суретте де осы позициядағы /ы/ қысаңның иілмелі спектрі көрсетілген. Бірақ бұл бір буынды "тық" сөзіндегі /ы/ қысаңның спектрі емес, екі буынды "тықпыш" сөзінің бірінші буынындағы қысаң дауыстының спектрі. Мұнда да 120-160 гц, 400-500 гц және 1000 гц саласындағы жиіліктер күшейеді. Ол - көрсетілген позициядағы қысаң дауысты ешқандай да сапалық өзгеріске ұшыраған жоқ деген сөз. Алайда, екпінсіз дыбыстың интенсивтілігі жағынан күрт төмендегендігі байқалады. Яғни, дауысты дыбысқа тән күшейе салалары емео, сол салалардың күшейе дәрежесі ғана өзгерген. Аяталық, 120-160 гц саласындағы негізгі тон - 27 мвольт, 400-500 гц саласындағы бірінші формант - 40 мвольт, ал 1000 гц саласындағы екінші формант - 35 мвольт.




3-сурет

Дәл осындай спектрлік картинаны біз 3-суреттен де көреміз. Онда да жоғарыда көрсетілген позициядағы, бірақ "тықпыштық" деген үш буынды сөздің бірінші буынындағы /ы/ қысаңның иілмелі спектрі берілген. Бұл жерде де жоғарыда айтылған үш түрлі жағдайдағы жиілік салалары күшейген. Ендеше, форманттар арасындағы айырмашылық бұл жерде де байқалмайды ¹¹.

11. Спектрдегі форманттық айырмашылықты былай ажырату керек: екпінді-екпінсіз буындардағы дауысты дыбыстардың күшейе жиіліктері бірдей болса, онда форманттық өзгеріс жоқ, ал олардың біреуі оңға не солға жылжыған болса, онда бір өзгерістің болғаны. Біздің спектрлерімізде екпінді-екпінсіз дауыстылардың күшейе жиіліктері бірдей, яғни олар бір жерде түйіскен. Бұл - екпінді-екпінсіз дауыстылардың арасында ешқандай да форманттық өзгеріс жоқ деген сөз. - Қ.Б.

Алайда, интенсивтілігі жағынан өлсіреуі барған сайын төмендеген. Ол, әсіресе, бір буынды сөздегі қысқа дауыстымен салыстырғанда анық байқалады. Салыстырып көріңіздер: соңғы позициядағы қысқа дауыстының 120-160 гц саласындағы негізгі тон 20 мвольт, ал 400-500 гц саласындағы бірінші формант - 55 мвольт, 1000 гц саласындағы екінші формант - 20 мвольт.

Енді осы "тықыштық" сөзінің өзіндегі [ы] қысқандарының жинақтала көрсетілген спектрлерін берелік /4-сурет/. Оларды бір бірімен салыстыру осы үш позициядағы [ы] қысқа форманттарының қаншалықты өзгергендігі туралы толық мағлұмат бере алады.




4-сурет

Көріп отырсыздар, салыстырып отырған дыбыстардың форманттары арасында ешқандай да өзгеріс жоқ. Өйткені, екпінді буындағы дауыстыға қарағанда екпінсіз буындағы дауыстылар өзгерлі деп айту үшін, оның формант салалары не оңға, не солға жылжыу керек еді. Біз келтіріп отырған суретте олар бір қалыпты, яғни ешқайда да жылжымаған. Екпінді-екпінсіз дауыстылар тек күшей салаларының дәрежелері /қарқын, күші/ жағынан ғана ерекшеленіп тұр.

Біз жоғарыда тек [ы] қысқаына ғана тоқталдық. Қазақ тіліндегі басқа қысқа дауыстылар да дәл осындай спектрлік суреттер бере алады. Бұл жерде оларды қайталап жатпай-ақ, біз енді


осы тілдегі ашық дауыстылардың біріне тоқталалық.

5-суретте "шат" сөзіндегі [а] ашық дауыстысының иілмелі спектрі көрсетілген. Дауысты дыбысқа төн күшеу жиіліктері




5-сурет

120 гц, 550-650 гц, 1000 гц салаларында байқалады. Ал олардың күшеу дәрежелері: 120 гц саласында 90 мвольтқа, 550-650 гц саласында 180 мвольтқа, 1000 гц саласында 300 мвольтқа тең.



6-сурет


6-суретте "шатпақ" сөзінің бірінші буынындағы [а] дауыстысының иілмелі спектрі берілген. Мұны 5-суреттегі спектриен салыстырсақ, күшей жиіліктері жағынан ешқандай айырмашылық байқалмайды. Өйткені, бұл жерде де дыбыс тонының күшеюі сол бұрынғыдай 120 гц, 550-650 гц және 1000 гц салаларында байқалады. Бірақ соңғы позициядағы дыбыс интенсивтілігі жағынан әжептәуір әлсіреген. Мәселен, зерттеуге алынып отырған 6-суреттегі [а] дыбысының күшей дәрежесі мынандай: 120 гц саласындағы негізгі тон - 42 мвольт, 550-650 гц саласындағы бірінші формант - 70 мвольт, ал 1000 гц саласындағы екінші формант - 80 мвольт.



7-сурет


7-суреттен де дәл осындай картинаны көреміз. Онда "шатпақтап" деген үш буынды сөздің бірінші буынында тұрған [а] дауыстысының иілмелі спектрі көрсетілген. Бірақ бұл жерде де форманттық өзгеріс жоқ. Күшей жиіліктері алғашқы сөздердегідей 120 гц, 550-650 гц және 1000 гц салаларында ерекшеленеді. Ал интенсивтілігі жағынан байқалатын олардағы айырмашылық елеуір: 120 гц саласындағы негізгі тонның күшей дәрежесі - 92 мвольт, 550-650 гц саласындағы бірінші формант - 52 мвольт, 1000 гц саласындағы екінші формант - 58 мвольт. Мұны бір буынды сөздегі дауысты дыбыстың күшей дәрежесімен салыстырып қарасақ, аталған айырмашылықты анық байқауға болады.

Енді осы жоғарыда айтылған үш жағдайдағы [а] дауыстысының салыстырмалы спектрін береміз /8-сурет/.



8-сурет

Көріп отырсыздар, бірдей фонетикалық жағдайдағы, бірақ
 епінді-епінсіз позицияда келген дауыстылардың аралығындағы
 форманттық өзгеріс туралы бұл жерде сөз болуы да мүмкін емеу.
 Өйткені, көрсетілген суретте олардың күшейілуі бірдей.



9-сурет

9-суретте "шатпақтап" сөзіндегі [a] дауыстыларының жинақтама көрсетілген спектрлері берілген. Әр буындағы дауыстылардың спектрлерін өзара салыстыра қарасақ, жоғарыда айтылғандай, ешқандай да форманттық өзгерістің жоқ екендігін көреміз. Барлығында да [a] дыбысына тең бірдей жиілік салалары күшейеді. Тек соңғы буындардағы дауыстылар алғашқы буындардағы дауыстыларға қарағанда ежаптәуір интенсивті айтылып тұр. Бұл – әрбір дыбысқа тең форманттар саласының күшею дәрежесі сол дыбыстың интенсивтілігіне тығыз байланысты екендігін көрсетеді.

Қазақ тіліндегі басқа ашық дауыстылар да дәл осындай.

Олай болса, ашық дауыстылар да қысқа дауыстылар тәрізді ежпінсіз буында форманттары жағынан өзгермейді. Олар тек жиілік салаларының күшею дәрежелері жағынан ғана ерекшеленеді. Бірақ, ескерте кететін нәрсе: ежпінсіз буындағы қысқа дауыстылар сол позициядағы ашық дауыстыларға қарағанда интенсивтілігі жағынан өте күшті өлсірейді.

Сөйтіп, алынған спектрографиялық анализдің мәліметтеріне сүйене отырып, мынандай қортынды жасауға болады: қазақ тіліндегі ежпінсіз дауыстылар өздерінің форманттық құрылымы жағынан ешқашан да ежпінді дауыстылардан ерекшеленбейді. Олар бір-бірінен тек күшею жиіліктерінің дәрежесі жағынан ғана ажыратылады. Бұл – аталған тілдегі дауыстылар, мейлі ашық болсын, мейлі қысқа болсын, әрбір, олар ежпінсіз буында өздерінің дыбыстық форманттарын өзгертіп жіберердіктей сапалық өзгеріске ұшырамайды деген сөз.

Егер сапалық редуция деп орно тіл білімінде қалыптасып кеткендей, ежпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың форманттары жағынан өзгеруін, яғни сапа жағынан күшті редуцияланып, басқа дыбысқа ауысып кетуін айтатын болсақ, онда мұндай өзгеріс қазақ тілінде жоқ.

Түркі тілдерінің дауысты дыбыстарын эксперименттік әдіс арқылы зерттеген басқа түркологтар да ежпінсіз дауыстылардың форманттары жағынан өзгеріп, басқа бір дыбысқа ауысып кету құбылысының кездеспейтіндігіне қарап, түркі тілдерінде сапалық редуция жоқ, тек сандық редуция бар деген қорытындыға келген [94/40-41, 117/92, 86/303, 4/93].

Мынадағында да, ұйғыр тілінен басқа түркі тілдеріндегі

дауыстылар екпінсіз буында қаншалықты редуцияланбасын, бәрібір, олар ешқашан да басқа бір дауысты дыбысқа ауысып кетпейді. 12.

2. Қазақ тіліндегі сандық редуция

Сөйтіп, қазақ тіліне сапалық редуция тән емес екен. Олай болса, біз ендігі жерде сөз болып отырған тілдегі сандық редуция мәселелеріне тоқталалық.

Сандық редуция дегеніміз – екпінсіз буындағы дауыстыларға жұмсалатын күш пен қуаттың /энергияның/ азаюына байланысты олардың әлсіз айтылып, дыбыстау күшінің кемуі, созылықтылығы жағынан қысқаруы. Бір сөзбен айтқанда, екпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың сандық қасиеттері жағынан әлсіреуі.

Қазақ тіліндегі бұл әлсіреу екі жақтан болады: бірі – дауысты дыбыстың күші жағынан, екіншісі – созылықтылығы жағынан. Әрбір дауысты дыбысқа тән бұл қасиеттерді бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Олар бірімен-бірі тығыз байланыста және бірінің өзгеруіне екіншісі себеп болады.

Айталық, қандайда болмасын дауысты дыбыстың созылықтылығы сол дыбысқа жұмсалатын фонациялық ауаның күшіне байланысты. Егер фонациялық ауа қарқынды шығып, күшті айтылса /яғни дауысты дыбыс дыбыстау мүшелерінің үлкен қысым күшімен жасалынса/, онда дауысты дыбыс созылықты дыбысталады. Ал, керісінше, дыбыстау мүшелерінің күш салуы аз болып, фонациялық ауа әлсіз шықса, онда ол келте айтылып, өзінің екпінді буындағы айқындылығынан айырылады. Дәл осы тәрізді, созылықты айтылған дыбыс күшті болады, ал келте айтылған дыбыс әлсіз, кемсокі дыбысталады.


Егер біз екпінсіз буындағы дауысты дыбыс созылықтылығы жағынан қысқарады десек, оның күші жағынан да әлсірейтіндігін, немесе, керісінше, егер ол күші жағынан әлсірейді десек, оның созылықтылығы жағынан да қысқаратындығын әр уақытта есте ұстауымыз керек.

Біз жоғарыда түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тілін-

12. Екпінсіз дауыстылардың сапалық редуцияға ұшырауы ұйғыр тілінің барлық дауыстыларына емес, тек /а/, /ә/ ашық дауыстыларына ғана тән нәрсе. Олар сөйлеу процесі кезінде кемсокі айтылатын /и/, /е/ дыбыстарының біріне ауысып кете алады. Мысалы: бала > балиси, ал > елип, бекумет > некумити, т.б. Қараңыз: 121/121, 36/7-8, 121/142/.

дегі екпінді дауыстыларға тең қасиеттер деп – олардың артикуляциялық қысым күшін /яғни дыбыстарды жасауға кететін күш пен қуаттың мөлшерін/, дыбысталу айқындылығын және созылыққы айтылатындығын көрсеттік. Бұл қасиеттер, сөз жоқ, екпінсіз буында көдімгідей өлсірейді. Дәлірек айтқанда, екпінсіз дауыстылар екпінді дауыстыларға қарағанда артикуляциялық дыбыстау аппаратының аз қысым күшімен жасалғандықтан, олар айтылу күші жағынан нашарлайды, интенсивтілігі жағынан бөсеңдейді, яғни айқындылығы жағынан кемескіленеді. Мұндай өзгеріс, әрине, дыбыстың созылыққылығына да әсер етпей қалмақ емес. Олай болса, екпінсіз дауысты созылыққылығы жағынан да қысқарады. Қазақ тіліндегі екпінсіз дауыстылардың сандық редуциясы деп біз, міне, осыларды айтамыз.

Алынған осциллограммаларға қарамақ та, екпінді буындағы дауысты дыбыстың амплитудасы екпінсіз буындағы сол дауысты дыбыстың амплитудасына қарағанда тіккен екендігін көреміз /10-суретке қараңыз/. Ол – екпінді дауысты екпінсіз дауыстымен салыстырғанда интенсивті айтылады деген сөз.



10-сурет

Интенсивті дыбыс күшті айтылады және созылыққы дыбысталады. Ал интенсивсіз дыбыс әрі өлсіз, кемескі, әрі келте айтылады. Дыбыстардың интенсивті-интенсивсіз болуы олардың екпінді-екпінсіз болып бөлінуіне байланысты.

Ендеше, тағы да қайталап айтамыз, дауысты дыбыстардың редуциялануының бірден-бір себебі – көпшілік тілдерге тән лебізді екпін болып есептелінеді. Екпін түскен буындағы дауысты дыбыс күшті айтылып, екпінсіз буындағы дауыстыларды редуцияландырады.

Түркі тілдерінің фонетикасын эксперимент арқылы зерттеген түркологтардың түгелге жуығы екпінді буындағы дауысты дыбысқа қарағанда екпінсіз буындағы дауысты дыбыстың созылыққылығы жағынан қысқа екендігін дәлелдеп жүр. Бірақ екпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың қысқару дәрежесі деген мәселеге келгенде олардың арасында бірізділік байқалмайды. Бір топ түркологтар екпінді буындағы дауысты дыбыстың созылыққылығы екі есеге жуық қысқа екендігін көрсетсе [29/47, 123/25, 14/28], екінші бір топ түркологтар олардың арасындағы бұл айырмашылықтың оңта үлкен емес екендігін айтады [16/61, 94/18, 18/70].

Қазақ тілінің қысқа дауыстыларына жүргізілген біздің өз экспериментіміз де екпінді дауысты мен екпінсіз дауыстылардың арасындағы созылыққылық жөніндегі айырмашылықтың әжептәуір екендігін көрсетті.

Біздің ойымызша, мұндай айырмашылық, біріншіден, екпіннің әсерінен болса, екіншіден, экспериментке түскен сөздерді оқу кезіндегі жеке сөздерге тән санау интонациясының әсерінен болуы керек. Әйтпесе, қазақ тіліне тән лебізді екпін дауысты дыбыстарды соншалықты созылыққы етуі мүмкін емес /1-2 таблицаларға қараңыз/.

Екпінсіз дауыстылардың редуциялану дәрежесі әрбір тілге тән екпін ерекшелігіне /күшті немесе әлсіздігіне/ тәуелді екендігін біз бірінші тарауда айтқанбыз. Бұл жерде қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редуциялану дәрежесі тек екпін ерекшелігіне ғана емес, сонымен бірге басқа да толып жатқан факторларға байланысты екендігін ескертіміз келеді.

Қазақ тіліндегі ондай факторлар деп, біз мыналарды айтамыз: 1/ дауысты дыбыстардың өз сапалары, 2/ көршілес дауыссыздардың әсері, 3/ дауыстылардың сөздегі алатын орны /басы, ортасы, аяғы/ мен 4/ екпінге қатысты орны, 5/ буың түрі, 6/ сөздердің бір буынды немесе көп буынды болуы және 7/ сөйлеу қарқындылығы, т.б.

Біз енді осциллограммалық анализге сүйене отырып, қазақ

тіліндегі қысқа дауыстылардың созылыңқылықтарына жоғарыда аталған факторлардың қаншалықты әсер ететіндігін қарастырып көрелік.

1. Қазақ тілінің дауыстылары ең алдымен өздерінің сапасына байланысты түрліше созылыңқылықта айтылады. Мәселен, қысқа дауыстылар ашық дауыстыларға қарағанда әр уақытта қысқа болады.

Бірдей фонетикалық жағдайдағы қазақ тілі дауыстыларының созылыңқылықтарын бір-бірімен салыстырып көрелік ¹³:


Дауыс- тылар	Сөздер	11-дигтор	12-дигтор	Сөздер	11-дигтор	12-дигтор
А	тас	150	160	тақ	135	140
Ә	тәс	125	130	тәк	130	120
Е	тес	120	125	тек	125	100
О	тос	130	150	тоқ	125	110
Ө	төс	140	145	төк	130	95
Ү	түс	75	70	түк	70	55
Ү	түс	75	80	түк	65	50
Ы	тыс	80	70	тык	85	65
І	тіс	80	60	тік	90	55

Таблицеда көрсетілгендей қазақ тіліндегі ашық дауыстыларға қарағанда қысқа дауыстылардың созылыңқылығы 1,5-2 еседей кем. Сған 11-суреттегі ашық, қысқа дауыстылардың осциллограммаларын салыстыру арқылы да көз жеткізуге болады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың созылыңқылығы олардың сапалық ерекшеліктеріне байланысты түрліше болатындығын Н.И. Ильминский де байқаған. Ол аталған тілдегі [o], [ə] дауыстыларына қарағанда [y], [y] дауыстыларының созылыңқылығы жағынан өлде қайда қысқа екендігін жазды [67/122]. Аталған заңдылықты басқа түркі тілдерінен де кездестіруге болады [16/76-95, 94/15, 10/150].

II. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың созылыңқылығы тек дауысты дыбыстардың өз сапасына ғана емес, сонымен бірге көршілес тұрған дауыссыз дыбыстардың сапасына да байланысты болады.

13. Дауысты дыбыстардың созылыңқылығы миллисекундпен /мсек/ белгіленеді. Бұдан былайғы жерде біз олардың сандық мөлшерін мақтаның ішіне алып көрсетеміз. - Қ.Б.



11-сурет

Айталық, қатаң дауыссыздармен көрші тұрған қысқа дауыстылар ұяң дауыссыздармен көрші тұрған қысқа дауыстыларға қарағанда қысқа айтылады. Мы: тік /55/ - біз /110/, шыт /60/ - қыз /100/, оуқ /60/ - бүз /125/, күш /75/ - жүз /130/, т.б.

Дауысты дыбыстардың созылықтылығы көршілес дауыссыздардың айтылу жолына да байланысты: ызындар дауыстыларды созылықты өтеді де, шұғылдар - қысқартады. Бұл - ызың дауыссыздар дауысты дыбыстардың созылықты айтылуына мүмкіндік жасама, шұғыл дауыссыздар, керісінше, дауыстылардың қысқа айтылуына себеп болады деген сөз. Мыс: тіс /60/ - тік /55/, күш /80/ - күт /55/, түс /80/ - түп /60/, т.б.

Сол сияқты, үнді дауыссыздар да өздерінің жасалу жолына қарай көршілес дауыстылардың созылықтылығына әр түрлі әсер етеді. Мәселен, [и], [у] үнділерінен бұрын тұрған дауысты әжептәуір созылықты айтылса, [л], [р] үнділерінен бұрын тұрған сол дауысты оған қарағанда қысқарақ дыбысталады. Ал мұрын жолды [м], [н], [ң] үнділерінен бұрын тұрған дауыстының созылықтылығы одан да қысқа болады. Мыс: қий /100/ - қыр /80/ - қын /60/, іл /120/ - ін /105/, жуу /120/ - күл /100/ - жұм /90/, үр /130/ - үл /120/ - үн /110/, күй /110/ - күл /95/ - күн /65/, т.б.

Жалпы алғанда, дауысты дыбыстардың созылықтылығына әсер ету дәрежесі жағынан сонорлар /үнділер/ қатаң мен ұяң дауыссыздарының аралығынан орын алады /1-2 таблицаларға қараңыз/.

1-таблица

Қазақ тілі қысқа дауыстыларының
дауыссыздар алдындағы созылықтылығы
/мсек/

Фонетикалық жағдайы Дыбыстар	Қатаңдар	Сонорлар	Ұяңдар
	а л д ы н д а		
Ешпінді			
Н	95,0	110,0	130,0
І	107,5	112,5	135,0
Ү	103,3	116,6	140,0
У	95,0	102,5	140,0
Орта есеппен:	100,2	114,0	136,2
Ешпінсіз			
Н	45,0	56,2	70,0
І	42,5	60,0	80,0
Ү	55,0	65,0	90,0
У	55,0	57,5	90,0
Орта есеппен	49,3	59,6	82,5

2-таблицада көрсетілген қысқа дауыстылардың орта есеппен алынған созылықтылықтарын салыстыру мынандай қортындыға келуге мүмкіндік береді: қазақ тіліндегі қысқа дауыстылардың өз құрамындағы ең қысқа айтылатын жері қатаң-шұғыл дауыссыздардың /п, т, к, ж/ аралығында байқалса, керісінше, ең созылық айтылатын жері ұяң-ызың дауыссыздардың /ж, з/ аралығы. Бұл заңдылық басқа түркі тілдеріне де тән [16/79, 10/142-143, 85/26/].

Көпшілік зерттеушілер көршілес дауыссыздардың әсері дегенді айтқанда ұяңдарға қарағанда сонор дауыссыздармен көрші тұрған дауыстылардың созылық айтылатындығын ескертеді. Мәселен, А.Махмудов өзбек тілінің дауыстыларын эксперимент арқылы зерттей келе осындай қортындыға келген [94/16/]. Ал қазақ тілінің қысқа дауыстыларына жүргізілген зерттеу – сонор дауыссыздармен көрші тұрған дауыстыға қарағанда ұяң дауыссыздармен көрші тұрған дауысты созылық болатындығын көрсетті.

2-таблица

Қазақ тілі қысқа дауыстыларының дауыс-
сыздар аралығындағы созылыңқылығы /мсек/14


Фонетикалық жағдайы	Қатаң мен қатаң	Қатаң мен соңар	Ұяң мен қатаң	Қатаң мен ұяң	Соңор мен соңор	Ұяң мен соңор	Ұяң мен ұяң
Дыбыстар	а р а с ы н д а						
Н	68,0	70,0	-	100,0	90,0	103,3	122,5
І	61,2	66,6	65,0	100,0	90,0	92,5	115,0
Екінді Ұ	63,0	91,6	77,5	-	97,5	93,3	120,0
Ү	68,0	80,0	85,0	-	100,0	91,2	130,0
Орта есеппен	65,0	77,0	75,8	100,0	94,3	95,0	121,8
Н	21,0	40,0	-	52,5	50,0	58,3	72,5
І	27,0	33,3	45,0	50,0	50,0	52,5	70,0
Екінсіз Ұ	22,0	53,3	40,0	-	57,5	56,6	65,0
Ү	17,0	38,3	52,5	-	60,0	58,7	80,0
Орта есеппен	21,7	34,8	45,8	51,2	54,4	56,6	71,8

Біз жоғарыда дауысты дыбыстардың ең қысқа айтылатын жері қатаң дауыссыздардың аралығы дедік. Екінсіз буындағы қысқа дауыстылар егер қатаң дауыссыздардың аралығында келсе, өкпетәуір кемескіленеді. Олардың айқындылығы жағынан нашарлап, созылыңқылығы жағынан қысқартындылығы соншалықты, қазақ тіліне ең жақын тіл – қарақалпақ тілін зерттеушілер үшін бұл позицияда қысқа дауыстылардың бар-жоқтығы да күдікті болып шыққан. Сондықтан болу керек, оны орфографияда белгілеу керек пе, жоқ па деген мәселе кезінде күн тәртібіне қойылыпты [19/109].

Алайда, қазақ тіліне жүргізілген эксперименттік анализ сөз болып отырған жерде қысқа дауыстылардың бар екендігін

14. Екінді дыбысқа бір буынды сөздердегі қысқа дауыстылар алынды да, екінсіз дыбысқа солармен бірдей фонетикалық жағдайдағы екі буынды сөздердің бірінші буынында тұрған қысқа дауыстылар алынды. – К.Б.

дәлелдеп берді. Бірақ өте қысқа, әрі көмескі. Дыбысталуы жағынан да айқын емес. Осциллограммадағы суретіне қарасақ, бұл фонетикалық жағдайдағы қысқа дауыстылардың тәрбеліс амплитудасы мүлде жоқ екенін, тек дауыссыздарға ұқсас "оурет" қалдырып, созылмалылығы жағынан ғана байнеленгенін көреміз /12-суретте қараңыз/.



12-сурет

Бұл жерде мына нәрсені ескерте кеткен жөн: көршілес дауыссыздардың әсері дегенді айтқанда біз дауысты дыбыстың алды-артында тұрған дауыссыздардың бәрі де белгілі дәрежеде әсер ете алатындығын естен шығармауымыз керек. Гөп олардың әсер ету дәрежесінде ғана. Мәселен, дауысты дыбыстан бұрын тұрған дауыссыздарға қарағанда одан кейін /сон/ келген дауыссыздардың мәні зор. Өйткені дауысты дыбысқа одан бұрын тұрған дауыссызбен салыстырғанда одан кейін келген дауыссыз күшті әсер етеді.

Ш. Қазақ тілі дауысты дыбыстарының созылмалылығы езі тұрған буының түріне де байланысты болады. Алынған эксперименттік материал бітеу /ДсДтДс/¹⁵ буындағы дауыстыға қарағанда түйік /ДтДс/ буындағы дауысты дыбыстың, ал түйік буындағы дауыстыға қарағанда ашық /ДоДт/ буындағы дауысты дыбыстың созылмалы

15. Дс - дауыссыз, Дт - дауысты деген сөз. - К.Б.

айтылатындығын көрсетеді. Мысалы: иін /90/ - іін /105/ - іні /65-120/, шыт /60/ - ыт /95/ - шыты /25-145/, т.б. Болмаса, ми-на сөздердегі екпінсіз дауыстылардың созылықшылықтарын салыстырып көрелік: бала /100-145/ - балдан /90-110/, түстік /40-65/ түсік /50-70/, түйпір /40-60/ - түйір /50-60/, т.б.

Басқа сөзбен айтқанда, буынның ашық болуы ондағы дауысты дыбысты созылыққы етеді де, керісінше, түйық болуы ондағы дауысты дыбысты созылықшылығы жағынан қысқартады [30/60, 128/13, 6/154]. "Ашық буындағы дауыстылардың созылықшылықтарына қарағанда, түйық буындағы дауыстылардың созылықшылықтары аз, бірақ бұл айырмашылық онша үлкен емес", - дейді У.Ш.Байчұра татар тілі туралы [16/61]. Қазақ тілінде де сөз ішіндегі ашық, түйық, бітеу буындардың арасындағы бұл айырмашылық онша үлкен емес.

Ашық буындағы дауысты дыбыстың созылыққы болатын себебі - ол буындағы дауысты дыбыстан кейін ешбір дауыссыз келмейді. Сондықтан да, оның айтылу созылықшылығына көршілес дауыссыздардың кедергісі жоқ. Ал түйық, бітеу буындарда мұндай кедергі бар.

Сөйтіп, дауысты дыбыстың ең қысқа айтылатын жері - бітеу буын да, ал ең созылыққы айтылатын жері - ашық буын. Орташа созылықшылық түйық буындардағы дауыстыларға тән. Саянып келгенде, бұл фактор бұдан кейін айтылатын дауысты дыбыстардың сөздегі алатын орны деген фактормен /ҮІ пункт/ түгелдей сай келеді. Мәйлі сөздегі алатын орны де, мәйлі буын түрі де - бәрібір, олар бір-бірінен онша алмақ емес.

IV. Жоғарыда біз қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың созылықшылығы дауысты дыбыс тұрған буынның ашық, түйық, бітеу болуына байланысты түрліше өзгертіндігін айтқан едік. Бұл жерде сөз болып отырған тілдегі дауысты дыбыстардың созылықшылығы тек өзі тұрған буынның түріне ғана емес, көршілес буынның түріне де тәуелді екендігін айтқан абзал. Яғни, бірдей фонетикалық жағдайда тұрған дауыстылар өзінен кейінгі буынның ашық, түйық, бітеу болып келуіне қарай түрліше созылықшылыққа ие бола алады. Айталық, ашық буынмен көрші тұрған буындағы дауысты аздап созылыққы айтылады, ал түйық буынмен көрші тұрған буындағы дауысты оған қарағанда қысқа. Мысалы, бір ғана диктормен оқылған мына сөздердің бірінші буындарындағы дауыстыларды салыстырып көрелік: жікті /50-130/ - жіксіз /40-100/, балала /90-80-160/ - балалар /80-70-100/, т.б.

Бұл сөздердің соңғы буындары ашық не бітеу болып келген. Ал олардан бұрын тұрған буындардың жағдайлары бірдей. Солай бола тұрса да, ондағы дауысты дыбыстардың созылыңқылықтары әр түрлі. Бұл айырмашылық соңғы буындардың әрқалай болуымен түсіндірілуге тиіс [31/66, 128/25, 94/27].

Ү. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың созылыңқылықтарына тек қана көршілес дауыссыздар ғана емес, сонымен бірге, көрші буындағы дауысты дыбыстың сапасы да әсер ете алады екен. Мәселен, егер көрші буындағы дауысты дыбыс өзінің жасалуы жағынан ашық дауысты болса, онда біз зерттеуге алып отырған буындағы дауысты өзінің созылыңқылығын азайтады. Керісінше, көрші буындағы дауысты дыбыс ашық болмай, қысаң болса, онда өлгі дауысты бұрынғыға қарағанда созылық дыбысталады. Мысалы, тіліміздегі "бадақ" /80-90/ сөзі мен "балық" /90-50/ сөздеріндегі екпінсіз [а] ашық дауыстыларын, немесе "балық" /90-50/ сөзі мен "былық" /50-60/ сөздеріндегі екпінді [ы] қысаңдарының созылыңқылықтарын салыстыралық. Екі жағдайда да ашық дауыстымен көрші тұрған дыбыс, қысаң дауыстымен көрші тұрған дыбысқа қарағанда қысқарақ айтылып тұр.

Сол сияқты, "кұрақ" және "кұрық" деген екі сөздегі екпінсіз [ү] қысаңдарының созылыңқылықтарын салыстырып көредік. "Кұрақ" сөзіндегі екпінсіз [ү] қысаңының созылыңқылығы 40 msec, ал "кұрық" сөзіндегі екпінсіз [ү] қысаңының созылыңқылығы 55 msec. Яғни, бірінші сөздегі [ү] қысаңы екінші сөздегі [ү] қысаңына қарағанда аз да болса да келте айтылады. Ол, әрине, бұл сөздердің соңғы буындарындағы дауыстылардың әр түрлі болуына байланысты.

Олай болса, бұдан шығатын қортынды мынау: сөз ішіндегі дауыстылар тек өзімен көршілес тұрған дауыссыз дыбыстардың әсеріне ғана ұшырап қоймай, сонымен бірге көрші буында тұратын дауысты дыбыстардың ықпалына да ұшырай алады екен.

ҮІ. Қазақ тіліндегі қысаң дауыстылардың созылыңқылығы олардың сөздегі алатын орнына да /абсолюттік басы, ортасы, абсолюттік соңы/ байланысты. Айталық, сөздің абсолюттік басындағы, яғни дауыссызбен тек бір-ақ жағынан жектесіп тұрған дауысты дыбыстың созылыңқылығын басқа бірдей фонетикалық жағдайдағы, бірақ екі жағынан да дауыссыздардың қоршауында келген өлгі дауысты дыбыстың созылыңқылығымен салыстырсақ, сөз жоқ, бірінші жағдайда

ұзындау болып шығады. Мыс.: іс /100/ - тіс /60/, із /135/
- біз /110/, ыт /95/ - шыт /60/, т.б.

Сол сияқты, эксперименттік зерттеу сөздердің абсолюттік басындағы дауыстыларға қарағанда абсолюттік соңындағы дауыстылардың созылңқы дыбысталуындығын көрсетті.¹⁶ Себебі, дауысты дыбыстар бұл жағдайда өзінен кейін келген дауыссыз дыбыстың әсерінен қысқара алмайды. Дауысты дыбыстан кейін келіп, оның созылңқылығына әсер ететін дауыссыз дыбыс бұл жерде жоқ.¹⁷ Сондықтан да, сөздің абсолюттік соңында келген дауысты дыбыс өзінен соң тұрған дауыссыз дыбыстың әсеріне ұшырамай, толық артикуляцияланып, созылңқы айтылып тұр. Мыс.: іс /100/ - кісі /? - 145/¹⁸, із /135/ - ізі /80-140/, ыт /95/ - шыты /25-145/, т.б.

Сөйтіп, дауыссыздардың қоршауында тұрған сөз ішіндегі дауыстыға қарағанда сөздің абсолюттік басындағы дауысты, ал сөздің абсолюттік басындағы дауыстыға қарағанда абсолюттік соңындағы дауысты созылңқы айтылады екен. Бұлай болуы заңды да. Өйткені сөздің абсолюттік басы мен абсолюттік соңында келіп, дауыссыздармен тек бірақ жағымен іргелесіп тұрған дауысты дыбыстардың созылңқылығы сөз ортасында келіп, екі жағынан бірдей дауыссыздардың қоршауында тұрған дауыстылардың созылңқылығына қарағанда ұзындау келеді. Себебі, алғашқы екі жағдайдағы дауысты дыбыстарға көршілес келген дауыссыз дыбыстардың әсері тек бір-ақ жақты болады.¹⁹

16. Сөздің абсолюттік соңындағы дауысты дыбыстардың созылңқы айтылатындығын В.А.Богородицкий де, Ғ.Шараф та айтқан. Мәселен, В.А.Богородицкий оның себебін сөздің абсолюттік соңында тұрған дауысты дыбыстан кейінгі жерде емқандай да дауыссыз дыбыстың болмағандығынан деп біледі. Бұл пікірді кейіннен Ғ.Шараф та жақтайды. Қараңыз: /31/62-63, 128/32/.

17. Егер бұл жерде дауысты дыбыстан кейін келген дауыссыз болса, онда ол біз зерттеуге алып отырған дауысты дыбыстың толық артикуляциялануына кедергі келтіріп, оны аз да болса да созылңқылығы жағынан қысқартқан болар еді. - Қ.Б.

18. Екінсіз қысқа дауысты көмескіленіп, оның созылңқылығын дәл анықтау мүмкін болмаған жағдайда біз оның орнына сурақ белгісін /?/ қойдық. - Қ.Б.

19. Не алдынан, не артынан тіркесіп келіп, дауысты дыбысқа бір жақты ғана әсер еткендіктен дауыссыз дыбыстар өзімен іргелес тұрған дауысты дыбыстарды екі жағынан бірдей келген дауыссыздар сияқты жеткілікті дәрежеде қысқарта алмайды. - Қ.Б.

Ал сөздің абсолюттік басындағы дауысты дыбысқа қарағанда абсолюттік соңындағы дауысты дыбыстың созылықы болуы олармен іргелесіп тұрған дауыссыз дыбыстардың орнына байланысты.

Егер дауыссыз дыбыс дауыстыдан соң келсе, онда ол дауысты дыбысқа күшті әсер етеді. Ал дауысты дыбыстан бұрын келсе, онда оның әсері онша күшті емес. Яғни, дауысты дыбыстан бұрын тұрған дауыссызға қарағанда дауысты дыбыстан кейін келген дауыссыздардың әсері басымырақ келеді [16/95, 94/21, 97/65]. Сөздің абсолюттік басындағы дауыстыға қарағанда абсолюттік соңында тұрған дауысты дыбыстың созылықы айтылуының сыры, міне, осында.

Қазақ тіліндегі мына сөздердің дауыстыларын салыстырып қараңыз: із /135/ - біз /110/ - ізі /80-140/, ыт /95/ - шыт /60/-шыты /25-145/, т.б. Бұл мысалдарда қысқа дауыстылар сөздің басына, ортасына, аяғына орналасқан. Осы орындарына байланысты олардың созылықтылықтары да әр түрлі. Мәселен, "шыт" деген сөздегі [ы] қысқанының абсолюттік созылықтылығы 60 мсек болса, ол дауыстының "ыт" деген сөздегі созылықтылығы 95 мсек, ал "шыты" сөзінің ең соңында тұрған [ы] қысқанының созылықтылығы - 145 мсек.

Сөйтіп, бұл айтылғандар жоғарыда келтірген пікірімізді тағы да дәлелдей түседі және сөз болып отырған фактордың, сайып келгенде, көршілес дауыссыздардың әсері деген мәселеге /II пункт/ келіп тірелетіндігін дәлелдейді.

III. Дауысты дыбыстардың созылықтылығы тек екпінге ғана емес, сонымен бірге екпінге қатысты орнына да байланысты болады. Мәселен, мына сөздеріндегі [а] дауыстыларының созылықтылықтарын салыстыралық:

Дикторлар	Сөздер	Дауысты дыбыстардың созылықтылығы /мсек/		
		Екпінсіз		Екпінді
		1-буын	2-буын	
I	бабаға	115	125	165
II	бабаға	90	100	150
I	шақшақай	60	70	110
II	шақшақай	70	85	100

Көріп отырсыздар, екпінсіз буындардағы дауыстылар бірдей

фонетикалық жағдайда тұрғандықтарына қарамастан өздерінің созылыңқылықтары жағынан бірдей емес. Олар неғұрлым екпіннен алыстаған сайын солгұрлым қысқа айтылып тұр.

Бұл туралы В.А.Богородицкий: "Қысқару сөздің басына қарай күшейе түседі" десе [31/67]. Ғ.Шараф: "Үш буынды сөздердегі дауысты дыбыстардың созылыңқылығы – мейлі ашық буында тұрсын, мейлі түйік буында тұрсын – екпіннен неғұрлым алыстаған сайын, солгұрлым қысқара береді". – дейді [128/36]. А.К.Сыдыковтың қырғыз тілі жөніндегі пікірі де осындай [119/11].

Бірақ қазақ тіліне жүргізген эксперимент бұл заңдылықтың көп ретте сақталына бермейтіндігін көрсетіп берді. Мысалы, балалар /80-70-100/, жапалақ /85-70-90/, дастарқан /90-50-95/, қышқыл-тың /40-30-50/, шатпақтап /60-50-70/, т.б.

Бұл сөздердегі екпінсіз дауыстылардың ішіндегі ең қысқа айтылып тұрған дыбыс, біз жоғарыда айтқандай, екпіннен алыс тұрған буындағы дауысты емес, керісінше, екпінге жақын тұрған буындағы дауысты. Біздің ойымызша, алғашқы үш сөздің /балалар, жапалақ, дастарқан/ бірінші буындардағы [а] дауыстысының сол сөздердің екінші буындарындағы [а] дауыстысына қарағанда созылыңқы айтылу себебі, ол дыбыстардың [б], [ж], [л] үяңдарымен іргелес тұрғандығынан болу керек. Дәл сол сияқты, соңғы екі сөздің /қышқылтың, шатпақтап/ бірінші буындарындағы дауыстылардың сол сөздердің екінші буындарындағы дауысты дыбыстарға қарағанда созылыңқы болуын олардың [ш] ызыңымен көршілес тұрғандығынан іздестірген жөн. Өйткені, қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың созылыңқылығына көршілес тұрған ызыңдардың әсері күшті болады.

Бұл жерде тек ызыңдардың ғана емес, жалпы алғанда, дауыссыз дыбыстардың бәрі де дауысты дыбыстардың созылыңқылығына белгілі дәрежеде әсер ететіндігін айта кетуіміз керек. Осы тұрғыдан қарағанда, кейде көршілес дауыссыздардың әсері екпіннің әсерінен де күшті ме деген ойға қаласың. Өйткені, қазақ тілінде редукция құбылысы көбінесе екпіннен алыс тұрған буындағы дауыстыда емес, қайта екпінге жақын тұрған буындағы дауыстыда жиі ұшырасады. Мыс.: бал^алар, жағ^ана, топ^арақ, қыз^ымет, ор^ыны > орны, т.б.

Осымен біз қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың созылыңқылықтарына, яғни сан жағынан редукциялануына әсер ететін комбина-торлық, позициялық және ассоцилятивтік факторларды аяқтаймыз. Олардың бәрін бір сөзбен – фонетикалық факторлар дейміз.

Алайда дауысты дыбыстардың сан жағынан редуциялануына жоғарыда айтылған фонетикалық факторлардан басқа фонетикалық емес факторлар да әсер ететіндігін ұмытпаған жөн. Біз енді осы "фонетикалық емес" факторлардың кейбіреулеріне тоқталаық.

ҮІІІ. Қазақ тіліндегі дауыстылардың созылыққылығы сөздегі дыбыстардың санына да байланысты болады. Айталық, буын санының да, фонетикалық жағдайларының да бірдейлігіне қарамастан, егер екі сөздегі дауысты дыбыстың бірі бір ғана дауыссызбен көрші тұрса, ондағы дауысты дыбыстың созылыққылығы, дәл әлгідей, бірақ екі дауыссыздың тіркесімен көрші тұрған екінші сөздегі дауысты дыбыстың созылыққылығына қарағанда ұзақтау болады. Мәселен, "күр" /85/ деген сөздегі [ү] дыбысының созылыққылығына қарағанда "күрт" /60/ деген сөздегі [ү] дыбысының созылыққылығы 25 мсек қысқа. Сол сияқты, "бұл" деген сөздегі [ү] дауыстысының созылыққылығы 75 мсек болса, ал "бұлт" сөзіндегі [ү] дауыстысының созылыққылығы 55 мсек. Яғни, аталған сөздердегі [ү] дауыстыларының созылыққылықтары арасында 20 мсектей айырмашылық бар.

Қазақ тіліндегі осы заңдылық туралы айта келіп, У.Ш. Байчұра "ата" сөзіндегі дауыстылар созылыққылығының қосындысы "атта" сөзіндегі дауыстылар созылыққылығының қосындысынан бір жарым ғана артық екендігін көрсетеді [16/100].

ІХ. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың созылыққылығы сөздің бір буынды немесе көп буынды болуына байланысты да түрліше өзгереді.

Егер сөз бір буынды болса, ондағы дауысты дыбыс әжептәуір созылыққы айтылады. Ал дәл сол сөз /буын/ бірдей фонетикалық жағдайда, бірақ көп буынды сөздің құрамында тұрса, онда ол сөздегі /буындағы/ дауысты дыбыстың созылыққылығы алғашқы бір буынды сөздегі дауысты дыбыстың созылыққылығына қарағанда қысқа дыбысталады. Яғни, сөздің буын саны көбейген сайын ондағы дауыстылардың абсолюттік созылыққылығы да азая береді. Мыс.: кыр /80/ - тықыр /30-60/, сық /70/ - күсық /40-60/, сіз /100/ - түпсіз /30-90/, сыр /90/ - қысыр /30-60/, шық /70/ - қылшық /30-65/ - шығыршық /35-55-60/, т.б.

Көрсетілген мысалдардағы бір буынды сөздердегі дауыстылардың /оны екпінді деп білуге болады/ созылыққылықтары екі буынды сөздердің соңғы екпінді буынында тұрған дәл сол дауыстының созылыққылығымен тең емес. Екі жағдайда да бірдей дыбыстардың

қоршауында тұрғандықтарына қарамастан екі буынды сөздердің екпінді буынында тұрған дыбыстардың созылмалылықтары бір буынды сөздердегі дауысты дыбыстардың созылмалылықтарына қарағанда қысқа келеді. Сол сияқты, бірдей жағдайдағы үш буынды сөздердегі дауыстылардың созылмалылықтары екі буынды сөздердегі дауыстылардың созылмалылықтарына қарағанда қысқа айтылады [16/31, 94/23, 51/105-106, 10/154].

Сөздегі буын санының көбею факторы жоғарыда айтылған дыбыстар санының көбею факторымен сай келеді. Егер бұл екі жағдай сөздегі дауысты дыбыстардың созылмалылығын қысқартатын болса, мының сырын сол сөздерге жұмсалатын күш пен қуаттың бөліну заңдылығынан іздестірген жөн.

Ол заңдылық мынандай: сөзде дыбыстар не буындар саны көп болса, ол сөзді айтушы сөйлеу қарқындылығын тездетеді, ал, керісінше, аз болса, онда – баяулатады. Яғни, қандайда болмасын сөздерге жұмсалатын күш пен қуаттың мөлшері бір-бірімен шамалас келеді.

X. Дауысты дыбыстардың созылмалылығына сөйлеу қарқынының да маңызы зор. Мәселен, адам неғұрлым тез сөйлесе, сөздегі дауыстылар солғұрлым қысқа айтылады. Керісінше, жөй сөйлегенде сөздегі дауыстылар анық, айқын айтылып, созылмалы дыбысталады. Бұл құбылыс, тек қазақ тіліне ғана емес, түркі тілдерінің бәріне де, қала берді, бүкіл тіл атаулыға тән [57/191].

XI. Ең соңында, дауыстылардың созылмалылықтары сөздердің экспрессивтік немесе модалдық мәніне де байланысты түрліше өзгереді. Мәселен, қазақ тіліндегі "тырыс" /etistix/ деген сөздің бірінші буынындағы [ы] дауыстысына қарағанда "тырс" /elix-teuix/ деген сөздегі [ы] дауыстысы әлде қайда қысқа айтылатындығына экспериментсіз-ақ көз жеткізуге болады [Чуны VIII пункттегі заңдылықпен шатастырмау керек].

XII. Сол сияқты, тілдегі дауысты дыбыстар адамдардың жеке бастарының ерекшеліктеріне, қала берді, белгілі бір халыққа тән тілдік ерекшелікке²⁰ байланысты әр түрлі созылмалылықта айтыла береді.

20. Мәселен, басқа түркі халықтарына қарағанда оңтүстік түркі халықтары тез сөйлейді. Сондықтан болу керек, олардың тілдеріндегі қысқа дауыстылар басқа түркі халықтарының тілдеріндегі қысқаларға қарағанда қысқарақ /келтерек/ айтылады. – К.Б.

Сөйтіп, қазақ тіліндегі қысқа дауыстылардың сан жағынан редуциялануы, яғни күші жағынан әлсіреп, созылықтылығы жағынан қысқаруы тек екпінсіздікке ғана емес, сонымен бірге басқа да то-
лып жатқан факторларға /біз жоғарыда алардың 12 түрін санап
өттік/ тәуелді екен. Әрине, ол факторлардың әрқайсысы сөздегі
дауысты дыбыстарға жеке-жеке әрекет етпейді және редуция құбы-
лысы үшін алардың бәрі бірдей құнды бола бермейді. Құнды деген
факторлардың басы бір жерде түйісіп, ең қысқа айтылуға, яғни
күшті редуциялануға мәжбүр болатын дауысты дыбыстар – сөз ішін-
дегі /басқы не ортаңғы буындардағы/ қатаңдар мен шұғылдардың немесе
үяңдар мен сонорлардың аралығында жатқан екпінсіз қысқандар. Ал
ең созылықты айтылатын дыбыстар – сөздің абсолюттік соңында ке-
ліп, үяңдар мен ызыңдардан соң тұрған екпінді ашық дауыстылар.
Бұл сияқты мәселелерге біз қорытындыда толығырақ тоқталамыз.

Бұл жерде айтарымыз: эксперимент қортындысына қарағанда,
қазақ тіліне сапалық редуция тән емес екен. Есесіне бұл тілде-
гі екпінсіз дауыстылардың сан жағынан редуциялануы елердіктей.
Олар кейде созылықтылығы жағынан әжептәуір қысқарады, айтылу
күші жағынан әлсірейді. Біз оны дауысты дыбыстардың сандық ре-
дуциясы дейміз.

Үшінші тарау
ТОЛЫҚ РЕДУКЦИЯ

І. Қысқа дауыстылардың түсіп қалуы

Біз II тарауда түркі тілдеріндегі еңгісіз дауыстылардың сан жағынан редукцияланатындығын, бірақ қаншалықты редукцияланса да, олардың сөз құрамынан мүлде түсіп қалмайтындығын айттық та, оны біз сөзбен – жартылай редукция дедік. Ал бұл тараудың міндеті – қысқа дауыстылардың сөз құрамынан түсіп қалуына, яғни толық редукция мәселелеріне тоқталу.

Оның мәні мынада: Егер жартылай редукция кезінде дауысты дыбыс сан жағынан күшті редукцияланғанымен сөз құрамынан ешқандай түсіп қалмайтын болса, толық редукция кезінде дауысты дыбыс өздерінің санын да, сапасын да жоғалтып, нольге тең болатын [46/17, 74/46]. Мыс. азерб. көлин-көліни, башқ. уйун-уйна, гаг. алын-анын, қар. сарын-сарна, қырғ. кийин-кийи, ног. көңүл-көңлү, өзб. угил-угли, ұйғ. айыр-айри, тат. селек-седке, түр. аміг-амгі, түркм. гөвгө-гөвси, тув. арын-арны, хақ. чилін-чилні, мор. көгүс-көгөү, яқ. илин-инни, т.б.

Мұндай мысалдарды түркі тілдерінің қай-қайсысынан болса да көптеп келтіруге болады. Мәселе – мысалда емес – осы құбылыстың сыры мен сипатында, оның өзіне тән ерекшелігінде.

"Дауысты дыбыстардың редукциясы, олардың жүрдек дауыстыларға /беглие гласные/ айналып, сөз құрамынан түсіп қалуы – өте қызықты фонетикалық құбылыс", – дейді Ф.Г.Исмаков [64/50]. Мыналығанда да, түркі тілдеріндегі қысқа дауыстылардың түсіп қалуы тіл тарихында болған қызықты да жүрделі құбылыстардың бірі.

Біз осы құбылыстың сырын ашу, айқиндау мақсатында қазақ тіліндегі орын-орны, мойын-мойны типтегі сөздердің біразын экспериментке түсіріп көріп едік, олардан алынған осциллограмма да, спектрограмма да бізге еш нәрсе көрсете алмады. Яғни, эксперименттік әдіс бұл құбылысты зерттеу үшін қажетсіз болып табылды. Сондықтан да, біз қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың түсіп қалуын зерттеуде салыстырмалы-тарихи әдісті қолландық.

Қысқа дауыстылардың түсіп қалу құбылысы – қазақ тілінің тарихындағы маңызды құбылыстардың бірі. Ол бүкіл түркі тілдері-

не тән. Және де түсіп қалу құбылысы көпшілік түркі тілдеріне ортақ болып келген кейбір сөздерге ғана қатысты. Сондай-ақ, ол белгілі бір фонетикалық жағдайда ғана ұшырасады. Сондықтан да, бұл құбылыстың заңдылықтарымен есептеспейінше, қазақ тілінің басқа салаларында кездесетін құбылыстарды /мысалы, сөздің морфологиялық ерекшелігін, сөз түбіріннің өзгеруін, буын элементтерінің ауысуын, т.б./ дәл түсіндіруге болмайды. Оның үстіне түсіп қалу құбылысы кез келген жерде бола беретін нәрсе емес, оның да өз шарты, өз заңдары бар. Мысалға "жалық" /ет./ сөзін алып қарастыралық. Бұл сөз екі буыннан /жа-лық/ тұрады. Соңғысы бітеу буын /бізге керегі де осы екінші буын/. Мұндағы қысқа дауысты [л] мен [к] дыбыстарының аралығында тұр. Егер сөзге дауыстыдан басталған қосымша жалғанса /жа-лық-ау/, бұл буынның соңындағы [к] дауыссыз қосымшаның басындағы дауысты дыбыспен біте қайнасып, келесі буынның құрамына өтіп кетеді. Ал [л] соноры кері шегініп, сөздің бас буынына ауысады /жал-ы-қау/. Сөйтіп, екпіннің сөз соңына жылжуына байланысты сөз ішіндегі дыбыстар арасында түрлі комбинациялар - ауысулар, кірігулер болады да, екі аралықта жалғыз қалған қысқа дауысты түсіп қалады /жал-қау/.

Бұл - екпінсіз буындағы қысқа дауысты қолайсыз фонетикалық жағдайда тұрғандықтан күшті редукцияға ұшырап, сөз құрамынан түсіп қалды деген сөз.

Кіріспеде біз қысқа дауыстылардың түсіп қалуы туралы айтқанда олардың қалай және қайтіп түсетіндігі туралы жол жөнекей сөз ете кеткенбіз. Солай бола тұрса да, бұл жерде оған аздап тоқтала кетуге тура келеді.

Ол үшін, алдымен қазақ тіліндегі екпінсіз қысқа дауысты түсіп қалатын сөздердің тізімін берелік.

1. [Р] сонорынан кейін: орын - орың, орна; мұрын - мұрың; қарын - қарың; қырын - қырың; ерін - ерің, ернеу; көрін - көрнеу; қырық /саң ес./ - қырқы; қырық /ет./ - қырқады, қырқып; нарық - нарқы; парық - парқы; қорық - қорку, қорқыт, қорқақ; жарық - жарқыра; ырық - ырқы; тұрық - тұрқы; төрік - төрі; сарық - сарқыт; ерік - ерің; үрік - үркен; көрік - көркі, көркем; бөрік - бөркі; түрік - түркі; еріт - ертінді; гүріп - гүрпы, сүріп - сүрпы; өріп - өрпі; ұрыс - ұрып, т.б.

2. [М] сонорынан кейін: құлық - құлқы; халық - халқы;

қалық /ет./ – қалқы, қалқыған, қалқиды; жалық – жалқау; ұлық – ұлғай; мүлің – мүлкі; сілің – сілкі, сілкіну, сілкілеу; келің /ет./ – келу, келіп; кілің – кілу; қалып – қалпы; өліп – өлпе, т.б.

3. [М] сонорынан кейін: ойың – ойна; қойың – қойны, қойнау; қайың – қайны; мойың – мойны, мойнақ; қылың-қыйна; жыйың – жыйна, жиналыс; айыр – айрыл, айрықта; бүйір – бұйрық; қайыр – қайрыл, қайрақ; тәйір – тәйрі; бүйір – бүйрек; ұйық – ұйқы, ұйықта; сыйық – сыйқы; түйір – түйре, түйреуіш; сүйір – сүйіріктей; кейіп – кейпі; пейіл – пейлі, т.б.

4. [У] сонорының кейін: бауыр – бауры, баурайында; ауыр – ауру; жауыр – жаурын; дәуір – дәурен; шуыл – шула; ауыл – аулы; буын – буна; ауыз – аузы; қауыз – қауза; дауыс – даусы; зауық – зауық; қауіп – қауіп, т.б.

5. [Н], [Ң] сонорларынан кейін: жаныш – жаншы, жаншу; шаныш – шаңшы, шаңшу; көңіл – көңлі; төңір – төңрі, т.б.

6. Сол сияқты, [К], [С] қатаңдары мен [З] ұянынан кейін де жоқ емес: шақыр – шақрым, рақым – рақмет; уақыт – уақтылы, қысыр – қысрақ; ресім – ресми; рызық – рызғы, т.б.

Керіп отырғандар, келтірілген екі буынды түбір сөздердің екінші буындарындағы [ы], [у] қысаң дауыстылары дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанған кезде түсіп қалып тұр. Олар зат есімдер болуы мүмкін немесе есім және етістік сөздер болуы мүмкін. Бұл жағнан біркелкілік болуы шарт емес. Ал буын саны жағынан тек екі буынды болып, қысаң дауысты оның екінші буынында тұруы және оған дауыстыдан басталған қосымшаның жалғануы сөзсіз қажет.

Енді жоғарыда келтірілген сөздердің ішінен алты-жетеуін шалық та, оларды басқа түркі тілдерінің материалдарымен салыстырып көреміз. Бұлай ету, әрине, түркі тілдеріндегі қысаң дауыстылардың түсіп қалуы туралы толық, әрі жан-жақты мағлұмат беру үшін және сол жөнінде белгілі бір қортындыға келу үшін пайдалы жұмыс болмақ /3-таблицаға қараңыз/.

Бұл таблицаға үкіле қараған кісі қысаң дауыстылардың түсіп қалуы бұыл түркі тілдеріне ортақ белгілі бір сөздер тобына ғана қатысты екендігін және чуваш тілінен басқа түркі тілдері үшін бұл құбылыстың көрсеткен позицияда тұрақты көрсе екендігін көре алады.

Қысқаша дауыстылардың түрлі тілдеріндегі
түсіп қалуы

кез.	мұрын-мұрны	сыйы-ойына	ауыз-аузы	қарын-қарны	мойын-мойны	орын-орыны
азерб.	бурун-бурну	ойун-ойна	ағыз-ағзы	гарын-гарны	бойун-бойну	-
авг.	мурун-мурду	ойун-ойно	оос-оосы	зарын-зарды	мойын-мойны	-
белк.	бурун-бурну	ойун-ойна	ауыз-аузу	қарын-қарны	бойун-бойну	орун-ору
белк.	морон-морона	уяын-уйна	авыз-авызы	қарын-қарны	құйын-құйыны	ұрын-ұрыны
гаг.	бурун-бурну	-	ағыз-ағзы	-	бойун-бойну	-
қар.	бурун-бурну	-	ауыз-аузу	-	бурун-бурну	-
қ-қалп.	мурын-мурны	ойын-ойна	ауыз-аузы	қарын-қарны	мойын-мойны	орын-орыны
қарғ.	мурун-мурду	ойун-ойно	ооз-оозу	қарын-қарды	мойун-мойну	орун-орду
қым.	бурун-бурну	ойун-ойна	авыз-авызу	қарын-қарны	бойун-бойну	орун-орну
ноғ.	бурын-бурны	ойын-ойна	авыз-авызы	қарын-қарны	мойын-мойны	орын-орыны
өзб.	бурун-бурны	уйын-уйна	оғыз-оғзы	қарын-қарны	бұйын-бұйыны	ұрын-ұрыны
тат.	бурын-бурны	уяын-уйна	авыз-авызы	қарын-қарны	құйын-құйыны	ұрын-ұрыны
тув.	/дунчу/	ойун-ойна	ағыз-ағзы	хирын-хирны	мойун-мойну	орун-орну
тур.	бурун-бурну	ойун-ойна	ағыз-ағзы	қарын-қарны	бойун-бойну	орун-орну
туркм.	бурун-бурны	ойун-ойна	ағыз-ағзы	-	бойун-бойны	орун-орыны
уйғ.	бурун-бурны	ойун-ойна	ағыз-ағзы	керин-керны	бойун-бойны	орун-орыны
хак.	пурун-пуруны	ойын-ойна	вас-васы	қарын-қарны	мойын-мойны	орын-орыны
чув.	/самса/	вайна-вайна	/савар/	/хырам/	/моош/	/вырам/
шор.	пурун-пуруу	ойун-ойна	ағыз-ағзы	-	мойун-мойну	орун-орну
як.	мурун-мунна	-	-	-	/моол/	-

Тек ескерте кететін нерсе мынау: басқа барлық түрі тілдерінде түсіп қалатын ешпінсіз қысаң дауысты башқұрт тілінде бірді-екілі жерде болмаса, көбінесе түспейді, бірақ өте күшті редуцияланады [74/48]. М: морон - морона, қарын - қарын, күнел - күңеле, тауыш - тауышы, вахыт - вахыты, гөмер - гөмерем, т.б.

Проф. Н.К.Дмитриев мұндай жағдайдың құнық тілінде де кездесетіндігін көрсетеді. М: аууз - ав^узуи, ақыл - ақ^ылым [49/63].

Біздің ойынша, бұл ерекшелік аталған тілдерде соңғы кезде болған сияқты. Орфографиялық сөздіктері морфологиялық принципке құралғандықтан сөздің түбірін сақтап жазу идеясы мектепте де болсын, жоғары оқу орындарында да болсын көптеп таратылып, жиі уағыздалғандықтан көпшілік қауым бұл сияқты сөздерді солай жазып және солай айтып кетуі де ғажап емес. Бұл ерекшеліктің көбінесе социализм заманы адамдарының тілінде кездесетіндігі де содан болу керек.

Ендігі жерде қысаң дауыстылардың түсіп қалу құбылысына жан-жақты тоқталалық. Ол үшін мына мәселелердің бағын ашқан жөн:

1. Қысаң дауыстылардың түсіп қалу жағдайлары /құбылыстың жалпы жағы/.
2. Қысаң дауыстылардың түсіп қалу себебі /логикалық жағы/.
3. Қысаң дауыстылардың түсіп қалу мерзімі /тарихи жағы/.
4. Қысаң дауыстылар түсіп қалғаннан кейін сөздегі болған өзгерістер /лекс. жағы/.

Егер осы мәселелердің бәріне түгелдей жауап беретін болсақ, онда біз сөз етіп отырған құбылысты толық қамтыған болып табыламыз.

2. Қысаң дауыстылардың түсіп қалу жағдайлары

Қысаң дауыстылардың түсіп қалу жағдайлары сонау О.Н.Бәтліяғ-
тің еңбегінен /1851/ бастап сөз болып келе жатыр. Ол екі буын-
ды түбір сөздер дауыссыз дыбысқа аяқталып, оның соңғы буындарын-
да қысаң дауыстылардың бірі тұрса, оларға дауыстыдан басталған
қосымша жалғанған кезде, өлгі екінші буындағы қысаң дауыстылар-
дың түсіп қалатындығын көрсеткен [28/404].

Кейіннен Н.Е.Ильминский [67/9-15] мен В.В.Радлов та [138/91-92] түсіп қалу құбылысының жағдайлары деп, осы факторларды келтіреді. Н.Ф.Катанов болса, жоғарыдағы айтылғандарға қоса: "... [л], [р], [н] сонорларының бірі мен басқа бір дауыссыз дыбыстардың аралығында келген қысаң дауысты түсіп қалады", - дейді [70/54].

Бұл мәселеге В.А.Богородицкийдің қосқан үлесі зор болды. Ол түркологтардың ішінде бірінші болып, түсіп қалу құбылысын екпінге және көршілес буындардағы дауысты дыбыстардың сапасына байланыстырады. Әрине, В.А.Богородицкий, сонымен бірге, жоғарыда келтірілген басқа түркологтардың айтқандарын да жоққа шығармайды.

Ол: "Үш буынды сөздің соңғы буыны екпінді болып, бірінші буынында толық дауысты /полный гласный/ тұрса, онда оның ортанғы буынындағы қысқа дауысты /краткий гласный/ түсіп қалады да, сөз үш буыннан екі буынға айналады", - дей келіп, оған қарны /<қарны/, орын /<орын/, есімі /<есімі/ деген сөздерді мысалға келтіреді [29/50].

Басқа түркологтар бұл айтылғандарға еш нәрсе қоса алған жоқ. Бәрі де өздері зерттеуге алып отырған тілдеріндегі бұл құбылысты жоғарыда айтылған жағдайлардың біріне апарып байланыстырады. Тек І.К.Кеңесбаев қана қысаң дауыстының түсіп қалуын өзі тектес дыбыстың сөз соңынан жалғануына байланыстырса [73/284]. Э.В.Савортия оның тек ашық буында ғана түсе алатындығын келтіреді [120/82].

Сөйтіп, түркологтар түсіп қалу құбылысының жағдайлары деп: қысаң дауыстының өз сапасын, көршілес дауыссыздардың сонор болуын, қосымшаның дауысты дыбыстан басталуын, сондай-ақ, дауысты дыбыстың екпінсіз және ашық буында тұруын айтады. Біз бұларға жеке-жеке тоқталамық.

Ең алдымен, қысаң дауыстылардың өз сапасы деген нәрсе өте дұрыс айтылған. Өйткені, ашық дауыстылар мұндай жағдайда ешқашан да сөз құрамынан түспейді. Ал көршілес дауыссыздардың сонор болуы дегенге келсек, бұған аздап дау айтуға болады.

Рас, қысаң дауыстылардың түсіп қалуы көбінесе сонор дауыссыздардың аралығында болады. Бірақ мұны кейбір түркологтар көрсеткендей, түсіп қалу құбылысының бірден-бір шарты деуге болмайды. Өйткені, түсіп қалу тек сонорлар аралығында ғана емес,

сонымен бірге, сонор мен қатаң аралығында да, сонор мен ұяң аралығында да, қала берді, ұяң мен ұяң аралығында да кездесе береді. Мыс: қас. ерік - еркі, үйг. көрік - көркі, қ-қалп. бөрүк - бөркі, тат. халық - халқы; балқ., қар., қ-қалп. аууз - аузу, аузи; түрк., азерб., түр. ағыз - ағзы; тат., ног. авыз - авзы, т.б.

Түркологиялық әдебиеттерде қысаң дауыстылардың түсіп қалуы сөзге қосымша жалғану кезінде болатындығы да дұрыс көрсетілген. Айқындай кететін нәрсе - түсіп қалу түбір сөзге қосымша жалғанған кездің бәрінде бірдей бола бермейді. Ол үшін, қысаң дауысты әні буынды түбір сөздің соңғы түйік буынында келіп, оған қандай да болмасын дауыстыдан басталған қосымша жалғануы керек. Мыс: мойын+ы > мойны - мойын+түрік > мойынтүрік; орын+ы > орны - орын+дық > орындық; ауыз+ы > аузы - ауыз+дық > ауыздық; қарын+ы > қарны - қарын+дас > қарындас, т.б.

Алынған мысалдарда көрсетілгендей, егер түбір сөзге дауыссыздан басталған қосымша жалғанса, онда қысаң дауысты түспейді. Ал дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда, ол дауысты түбір сөздің соңында тұрған дауыссызбен біте қайнасып, екеуі бір буынның құрамына енеді. Сөйтеді де, бұрынғы түйік буында тұрған қысаң дауысты екпінсіз ашық буында келіп, сусып түсіп қалады. Яғни, қысаң дауысты түсіп қалу үшін, оның Э.В.Сэвортян айтқандай ашық буында тұруы шарт.

Сонымен, түркі тілдеріндегі қысаң дауыстылардың белгілі бір жағдайда сөз ішіне қыстырылып, дәл басқа бір жағдайда қыстырылмай, яғни түсіріліп айтылуы көпшілік зерттеушілер тек фонетикалық жағдайлардан, атап айтқанда - көршілес дауыссыздардың сонор болуынан және қысаң дауыстылардың екпінсіз буында тұруынан іздестіреді. Шындығында бұл құбылыс тек осыларға ғана емес, сонымен бірге, түркі тілдерінің морфологиялық құрылысына да байланысты. Түсіп қалу құбылысының көбінесе аффиксация процесі кезінде болатындығы осыған дәлел.

Бұл туралы В.А.Богородицкий былай дейді: "Орыс тіліндегі "жүрдең дауыстыларды" еске түсіретін бұл құбылысты зерттеу үстінде оның алды-артындағы дауыссыздардың сапасына және сөз түрлендіру кезіндегі буындар шегінің алмасуына көңіл аудару қажет" [29/50].

Ең соңында, қысаң дауыстылардың түсіп қалуы үшін аса қа-

жет бір шарт бар. Егер ол шарт сақталынбаса, біз айтқан басқа шарттардың бәрі де түкке тұрғысыз болып шығады.

Еңгіме мынада: жоғарыда айтылған фонетикалық, морфологиялық жағдайлар түгелдей сай келгенімен түркі тілдеріндегі кейбір сөздерде мұндай өзгеріс болмайды: Мыс.: қаз. кiлiм, буйым, дауір, инк, ырым, жарым, білім, айлық, салық, өрік, өлік, сыйлық; тат. тавық, сыйық, сыйыр, сарық, йарық, балық; өзб. денгиз, туңгиз, айгир; түр. көпчүг, отух (иық), зақір (керең), deniz, т.б.

Бұл сөздердегі қысқа дауыстылар түбір сөздердің екінші буындарында тұрғанымен және сонор не ұяң дауыссыздардан кейін келгенімен, оған дауыстыдан басталған қосымша /3-жақ тәуелдік жалғау/ жалғанған кезде, олар ешқашан да түспейді.²¹

Сол сияқты, кейбір сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанған кезде қысқа дауысты бірде түсіріліп, екінші жағдайда сақталынады. Мысалы:

Түсіп қалады:

жалық – жалқау
жайыл – жайлау, жайла

ауыр – ауру

қайыр – қайрақ; қайра

қорық /ет./ – қорқақ,
қорқу, қорқыт

Түспейді:

жалық – жалығу, жалығады
жайыл – жайылым, жайылып,
жайыла /мал жайыла бастады/
ауыр – ауыру /көп ауыруға
болмас/
қайыр – қайырып /кел/,
қайыра /малды қайыра
бастады/
қорық /зат.ес./ – қорығы²²

Қарайды, бұлардың бірін зат есім, екіншісі етістік деліп немесе керісінше. Ал екеуі де зат есім болып келген "қалбет, сымбат" мағынасындағы керік сөзі мен "ұстаға керекті құрал" мағынасындағы керік сөзіне дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанған кезде неге біріншісі – керік болып, екіншісі қысқа дауыстысы түсіп қалады да, екіншісі – керігі болып, екіншісі қысқа дауыстысы түспейді?

21. Егер біз бұл сөздердің екінші буындарындағы қысқа дауыстыларды түсіріп айтқан болсақ, олардың түлғасы да, мағынасы да өзгеріп кеткен болар еді. – Қ.Б.

22. Кейбір сөздерде қысқа дауысты керісінше зат есім сөздерде түсіп қалады да, ал етістік сөздерде түспейді. Қараңыз: ерін /зат ес./ – ернеу; ерін /ет./ – еріну, ерініп, еріне /бастады/. – Қ.Б.

Немесе "пейіл" мағынасындағы құлық сөзі мен "құлақтың құлығы" дегендегі құлық сөздерін алалық. Енеуі де зат есімдер, екеуіне де 3-жақ тәуелдік жалғауы жалғанып тұр. Оның үстіне бұл сөздер дыбыстық құрамы жағынан да бірдей.

Ендіше, неге бұл сөздердің бірінде қысқа дауысты түсіп қалып, екіншісінде сақталынады? Басқа сөзбен айтқанда, егер қысқа дауыстының түсіп қалуына осы айтылған факторлар әсер ететін болса, онда дәл осындай фонетикалық жағдайлары бар сөздердің бәрінде бірдей түсіп қалу құбылысы неге тұрақты түрде іске аспайды?

Мұндай фактінің болуы, біздіңше мынадан ғой деп ойлаймыз: көркі "келбеті", құлқы "пейілі" сөздері атам заманда туып, тілімізде жиі қолданылып келгендіктен тіл тарихында болған түсіп қалу тенденциясына ұшырап, дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанған кезде түсіп қалуы мүмкін. Ал көрігі /ұстанның/, құлығы /құлақтың/ сөздері жоғарғы сөздерге қарағанда бертінде жасалып, оның үстіне күнделікті тұрмыста сирек қолданатын болғандықтан аталған тенденцияға ұшырай алмай қалуы ықтимал.

Егер олай болмаған кінде, тағы да сол бірінші ерте, екіншісінің кеш жасалуына байланысты соңғы сөздердің грамматикалық формаларын алғашқы сөздердің грамматикалық формаларымен патастырмас үшін, тіл иелері бұл сөздерге әдейі мағыналық айырым беріп, екіпінсіз қысқа дауыстыларды олардың бірінде түсіріп, екіншісінде түсірмей айтқан болу керек. ²³

Бірақ, көңіл бөлетін нәрсе – неге "ұстанның көрігі", "құлақтың құлығы" дегендегі көрік, құлық сөздеріндегі қысқа дауыстылар түспей, "сымбат, келбет" мағынасындағы көрік сөзі мен "пейіл" мағынасындағы құлық сөздеріндегі қысқа дауыстылар түскен? Неге көрісінше емес?

Өрине, бұл жерде сол жоғарыда айтылған мағыналық айырым беруге қоса, көрік, құлық сөздерінің тым ерте кезде жасалынып, сөздің қордан берік орын алғандығы және күнделікті тұрмыста жиі қолданылатындығы маңызды роль атқарады.

23. Бұл позициядағы қысқа дауыстының түсіріп-түсірмей айтылуына қарап, кейде сөздердің мағынасын ажыратуға болады. Мыс.: көркі /келбеті/, көрігі /ұстанның/, құлқы /мінезі/- құлығы /құлақтың/, қалпы /әдеті/- қалыбы /мөлшері/, халқы /қазақ/- Халығы /Оспаннның/ т.б. Қараныз.: Сыздықова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында. Алматы, 1959. 17-б.

Мыны былай түсіну керек: тілімізде жиі қолданылатын сөздер мағынасы жағынан өбден тұрақталып, айқындалып кеткендіктен, қысқа дауыстылардың түсіп қалуы сияқты фонетикалық өзгерістер ол сөздердің өбден қалыптасып кеткен мағынасына ешқандай да ақау келтіре алмайды. Сондықтан да, тіл табиғаты мұндай өзгерістерге жол бере береді.

Ендеше, түркі тілдеріндегі қысқа дауыстылардың түсіп қалуы тек фонетикалық, морфологиялық жағдайларға ғана емес, сонымен бірге, сөздердің семантикалық жағына да байланысты екен.

Міне, осы айтылған үш жағдай түгелдей сай келсе ғана түркі тілдеріндегі қысқа дауыстылардың түсіп қалуы іс жүзінде іске аса алады. Болмаса, түсіп қалу құбылысы туралы сөз болуы да мүмкін емес.

3. Қысқа дауыстылардың түсіп қалу себебі

Түркі тілдеріндегі қысқа дауыстылардың түсіп қалу құбылысының себебін анықтау бұл күнде өте қиын нәрсе. Тіпті оны қазіргі күнде табу мүмкін емес десе де болғандай. Өйткені, сонау көне дәуірде болған бұл құбылысқа себеп болған тенденцияның ізі қазіргі уақытта жоғалып та үлгерді.

"Никому никогда не удалось подметить "выпадения" или "исчезновения" гласного /o/ слово доб в словах лба, лбу и т.п. ... Каждый новый член данного языкового общения /каждый новый индивид/ получал готовыми все эти слова. В его голова проникла не только доб, но и лба, и лбу..." – дейді И.Я.Бодуэн де Куртене орыс тіліндегі "беглые гласные" атты құбылыс жөнінде [33/267]. Бұл құбылыстың түркі тілдеріндегі түсіп қалу құбылысына ешқандай да қатысы жоқ. Біз бұл арқылы тек түркі тілдеріндегі түсіп қалу құбылысының да дәл осы тәрізді тым ерте кезде болғандығын ғана айтпақшымыз.

Данек, түсіп қалу құбылысы түркі тілдері жаратылғаннан бері өмір сүріп келе ме, жоқ болмаса, кейініректе пайда болды ма? Егер кейініректе пайда болса, оған не нәрсе себеп болды? Марксизм-ленинизм ғылыми бойынша, себепсіз салдар жоқ. Ендеше ол себеп қайсы?

Көпшілік түркологтар түсіп қалу құбылысының себебін дауыс-

сыз дыбысқа аяқталған екі бұынды түбір сөздерге дауыстыдан басталған қосымшаның жалғануынан [136/21, 67/9, 138/91], немесе екпіннің сол қосымшаға ауысып кетуінен [49/23, 76/38, 77/20] іздестіреді. Екінші біреулер оны түбір соңында тұрған дауыссыз дыбыстың қосымша құрамына өтіп кетуінен [4/26] немесе қысқа дауыстының ашық бұында тұруынан қарастырса [120/92], үшіншілер оны екпінсіздіктен деп біледі [30/49].

Сол сияқты, қысқа дауыстылардың түсіп қалуы көбінесе сонор дауыссыздармен көрші тұрған жағдайда болатындығына қарап, оның себебін сонор дауыссыздардың әсерінен көретін түркологтар да жоқ емес [70/54, 74/48].

Бұл айтылғандардың бәрін дұрыс деп мойындаған күнде аларды қысқа дауыстылардың түсіп қалу себебі емес – шарты, фонетикалық процесс болатын жағдайлар деп білу керек. Өйткені, бұлардың бәрі де қысқа дауыстылардың сөз құрамынан түсіп қалуы үшін қолайлы фонетикалық жағдай болып табылғанымен, оның әуел бастағы маңыз себебі бола алмайды.

Аристотельдің сөзімен айтқанда, "материалсыз және ішкі, ыртқы жағдайларсыз үй салуға болмайды, бірақ ол материалдармен жағдайлар үй салудың себебі емес". Дәл осы тәрізді түркі тілдеріндегі қысқа дауыстылардың түсіп қалуы да белгілі бір жағдайларда іске асады. Бірақ ол жағдайлар қысқа дауыстының түсіп қалуы үшін себеп бола алмайды.²⁴

Рас, аталған жағдайлардың түсіп қалу құбылысы үшін маңызды роль атқаратындығы сөзсіз. Алайда, зімге болса да мына нәрсе жасырын емес: Егер қазақ тілінің ерік сөзіне дауыстыдан асталған қосымша жалғанған кезде ерік болып, бөрік сөзі бөрік болып, мұрын, сыйық, қойын сөздері мұрын, сыйық, қойын болып өзгеруге тиісті болса, онда бұлардан фонетикалық жағынан ешбір иришамшылықтары жоқ серік, ерік, шырын, қиық, шойын сөздері ерік, ерік, шырын, қиық, шойын болып айтылуы керек еді. Бірақ, амал не, тіл фактисы бұл сөздердің серігі, ерігі, шырыны, қиығы, шойыны болып айтылатындығын және солай жазылатындығын көрсетіп отыр.

24. Егер жоғарыда аталған жағдайларды біз себеп деп таппаған болсақ, онда дәл осындай жағдайлар бар жердің бәрінде де түсіп қалу құбылысы болған болар еді. – Қ.Б.

Сөйтіп, түркі тілдеріндегі қысаң дауыстылардың белгілі бір фонетикалық жағдайда түсіп қалатындығын бізге дейінгі зерттеуші-ғалымдардың бәрі де байқаған. Олар мұндай құбылыс болатын фонетикалық жағдайларды да дұрыс көрсеткен. Бірақ, бұл құбылыстың себебі деген мәселені олар жауапсыз қалдырып келген.

Басқа сөзбен айтқанда түркологиялық әдебиеттерден біз қысаң дауыстылардың түсіп қалуы жөнінде жаң-жақты мағлұмат ала аламыз және ондай құбылыстың болу жағдайларын да түгелдей кездестіре аламыз. Ал сол құбылыстың себебі деген мәселеге келгенде, ол әдебиеттер бізді қанағаттандыра алмайды. Тіпті түркологиялық тіл білімін дамытуда белді роль атқарған көрнекті ғалымдарымыздың өздері де бұл мәселе жөнінде көзге түсе алмады.

Егер біз бұл жерде түркі тілдеріндегі қысаң дауыстылардың түсіп қалу себебін айтуға талпынған болсақ, ол, өрине, көзге түсеміз дегендік емес, қайта, керісінше, мәселенің күн тәртібіне қойылысы ғана.

Тілдегі өзгеріс – мейлі фонетикалық жағынан болсын, мейлі грамматикалық жағынан болсын – тілден тыс болуы мүмкін емес. Сондықтан да, оның себебі сол тілдің өзінен, сол тілге тән заңдылықтар мен оның даму барысындағы тенденциялар аясынан іздестіріледі.

Олай болса, түркі тілдеріндегі қысаң дауыстылардың түсіп қалу себебі де сол тілдің өзінде. Яғни, тілдің өзі, оның даму заңдары ондағы өзгерістің себебі болып табылады. Ендеше, біз түркі тілдеріндегі қысаң дауыстылардың түсіп қалу себебін осы тілдердің фонетикалық, морфологиялық жағдайларынан, оның даму барысындағы тенденциялар аясынан іздестірейік.

Ф.Энгельс 1890 жылы 21-22 сентябрьдегі И.Блохқа жазған хатында фонетикалық өзгерістің тек қана тілдік заңдарға бағынатындығын атап көрсеткен болатын ²⁵,

Совет тіл ғылымында редукция мәселесін көбінесе екпін категориясымен байланыстырады: "Редукцияланудың бірден-бір себебі лебізді екпін", – дейді А.А.Реформатский [108/161]. Бұл негізінен заңды да. Өйткені, дауысты дыбыстардың фонетикалық редукциясын да, осының нәтижесінде болатын түсіп қалу құбылысын да

туғызатын нәрсе – фонациялық ауаның қарқындылығына байланысты ерекшеленетін лебізді екпін болып есептеледі.

Лебізді екпін түскен буындағы дауысты дыбыс күшпен айтылып, анық-айқын естіледі. Басқа буындағы дауыстыларға қарағанда ол қарқынды шығып, созылық айтылады. Сөз жасауға қажетті жалпы күш пен қуаттың басым көпшілігі осы екпін түскен буынға жұмсалады да, оның есесіне, көршілес тұрған басқа дыбыстардың үлесіне аз-ақ қалады. Сондықтан да, екпінсіз буындағы дауысты дыбыс өлсіз айтылып, редуцияға ұшырайды; кейде тіпті сөз құрамынан түсіп те қалады.

"Түрік тіліндегі дауысты дыбыстардың редуциясы фонетиканың көптеген басқа проблемалары тәрізді жан-жақты және терең зерттеуді керек етеді. Солай дей тұрсақ та, біздің байқауымызша, түрік дауыстыларының редуциясы орыс тілі дауыстыларының редуциясына қарағанда басқа себептен туған сияқты"; – дейді Л.Н.Старостов [116/115]. Автор мұны түрік тіліндегі *emri* < *emir, moju* < *moju* деген сөздердегі екпінсіз қысқа дауыстылардың түсіп қалуы туралы айтып отыр.

Шындығында да, бұл сияқты фонетикалық құбылысты тек екпінсіздікке ғана байланысты деу дұрыс бола қоймас.

Түрік тілдеріндегі лебізді екпін сөздің соңғы буынына түсіп, басқа буындардағы екпінсіз дауыстыларды әжептәуір редуцияландырады. Бірақ оны қысқа дауыстылардың толық редуцияланып, сөз құрамынан мүлде түсіп қалуына бірден бір себеп дей алмаймыз.

Біздің ойымызша, сөз болып отырған құбылыстың тууына екпіннің лебізділік қасиетінен бірге оның көне түрік тіліне тән сөз басындағы орнының сөз соңына ауысуы да басты роль атқарған сияқты.

Ойымызды дәлелдеп көрелік. Ол үшін, көне түрік тілдерінің екпін ерекшеліктеріне байланысты біраз шегініс жасалық.

Көптеген түріклогтардың /В.Грэнбек, Ф.Е.Корш, Б.Я.Владимирцов, А.Н.Самойлович, Е.Д.Поливанов, т.б./ алғашқы дәуірде түрік тілінің екпінсіз сөздің бас буынына түскен деп білгенін, екінші бір ғалымдардың /Г.Ледерсен/ ол екпін музыкалы еді деп жобалағандығын біз жоғарыда айттық. Негізінен бұл пікірлерге көңіл тоқтатуға болады.

Өйткені жалпы тіл білімінде: қандай да болмасын белгілі бір тілдердің алғашқы дәуіріне үнді /музыкалы немесе тоңикалы/

екпін төн болған, кейін тілдің даму барысында оның орнына лебізді екпін келеді, яғни лебізді екпінге қарағанда үнді екпін алғашқы, - деген пікір бар. Осыған қарағанда, түркі тілдерінің сөз басында тұрған бір кездегі үнді екпінінің лебізді екпінге ауысуы және оның сөз соңына көшуі әбден мүмкін нәрсе.

Енді осы "ауысу мен көшу дегендердің өзіне түрткі болған нәрсе не?" дегенге көлестен бұрын, алдымен осындай ауысу мен көшудің болу мүмкіндігін сөз етелік.

Тіл атаулының қай-қайсысында болса да екпін екі түрлі қызмет атқарады: бірі - сөз мағынасын, екіншісі - сөз жігін айқындау. Түркі тілдері үшін екпіннің басты қызметі сөз жігін ажырату екендігі бізге белгілі. Екпін мейлі сөздің бас бұйымына түссін, мейлі соңғы бұйымына түссін, әйтеуір сөз жігін толық ажырата алады.

Көне түркі тілінде екпіннің бас бұйымда болуы, біріншіден, екпінді бұл қызметінен айырмайды, екіншіден, В.Котвич [83/19] пен Н.А.Басханов [22/79] көрсеткендей, алтай тілдерінің алғашқы деуірі үшін бір ғана дауыстыдан және бірнеше дауыссыздан тұратын дыбыстар комплексі арқылы жасалған бір бұйымды түбір сөздер төн болса, ол сөздерде екпін, сөз жоқ, аялсыздан бірінші бұйымда болып шығады. Көне ол жалғыз дауыстының музыкалы түрде айтылуы да ғажап емес.

Олай болса, сонау ерте кезден бастап айтылып келе жатқан көне түркі тілінде екпіннің бас бұйымда болуы, оның үнді /музыкалы/ екендігі оияқты пікірлердің бұл күнде "заңға" айналатын уақыты жетті. Біздің өз пікіріміз осы тұрғыда.

Бұл жерде алтай тілдерін зерттеуші В.Котвичтің мына пікіріне тоқтала кеткен жөн: "Можно предполагать, что и такие тюркские слова, как *bulut* "облако", *taraq* "кислое молоко" /?/, тоже имели первоначально форму *bult*, *targ*; ср. *yurt* "страна, отчизна" [83/35]. Одан өрі: "Устраняя из употребления типа ГСС, ГСС алтайские языки стремились отделить друг от друга два согласных звука каким-нибудь гласных или же добавить гласный звук в конце слога, то есть изменить тип /С/ГСС в /С/ГСГС или /С/ГССГ, иначе говоря, образовать на месте одного слога-два. Возможно, что тюркские языки избрали первый путь: /С/ГСС>/С/ГСГС, а монгольские языки - второй путь: /С/ГСС>/С/ГССГ" [83/35].

В.Котвичтің пікірінше, алтай тілдері, оның ішінде түркі

тілдері дамуының бастапқы дәуіріне күн, жер, тау, тас, т.б. сол сияқты көптеген бір буынды сөздерге қоса, бұлт, мұрт, күрт, күнт, мұрт, бұлк, қырк, кілт формалы бір буынды сөздер де тән болған көрінеді.

Бұл пішірдің белгілі дәрежеде дұрыстығы бар деп тапқан күнде, біздің жоғарыда айтқан ойымыз /екпіннің сөз басында тұруы/ түсініктірек бола түседі. Сол сияқты, қазіргі орын, мұрын, қарын, ерін, бөрік, ерік, т.б. сөздері бір кезде орн, мұрн, ерн, бөрн, ерк болып дыбысталған деп ойлауға өбден болады.

Олай дауыміздің себебі – бастапқы кезде екпіннің сөз басында тұруына байланысты сөздің соңғы жақтарында дауысты дыбыстың болу-болмауы маңызды роль атқармаған. Кейін тіл дамуының барысында – агглютинация құрылысының жетілуіне байланысты – сөз басындағы үнді екпіннің лебізді екпінге ауысуы, оның сөз соңына көшуі, мұндай сөздердің соңында да дауысты дыбыстың болуын қажет етті. Жоғарыда аталған сөздер өздеріне тағы да бір дауысты дыбысты /өлбетте қысқа дауысты дыбыстардың біріні/ қосып алып, қазіргідей орын, мұрын, қарын, ерін тәрізді екі буынды сөздерге айналады. Мұндай жағдайда, сөз жоқ, екпінді дауыстының күнделікті арта түседі, оның сөз құрамында болуы міндетке айналады.

Негізгі сөздің қорға жататын орын, мұрын, қарын, ерін сияқты сөздер ғасырлар бойы қолданылып келді және тілімізде қаңа сөздер жасалуына негіз болды. Осы мақсатта түркі тілдеріне тән жалғамалылық құрылыстың негізінде бұл сөздерге аффикстер қосылу керек болды, солай істелді де. Бұрынғы екі буынды сөз үш буынды сөзге айналып, жаңа дәстүр бойынша, екпін тағы да соңғы буынға көшті.

Сөйтіп, бір кездегі екпіннің орын жылжытуынан пайда болған қысқа дауысты, тағы да оол екпіннің орын жылжытуынан қайта үсіп қалып, сөз өзіне жат емес формаға: орын, мұрын, ерін болып өзгерді.

Қолда бар материалдарға және басқа көптеген жанама фактілерге сүйене отырып, мынадай жоба жасауға болады: Көне түркі тіліне үнді екпін тән болған. Кейін тілдің даму барысында бұл үнді екпін лебізді екпінге ауысты да, араға біраз уақыт салып арып, ол сөздің басынан соңына қарай көшті. Сөйтіп, бұл ауынулар тілде көптеген фонетикалық өзгерістер туғызуға себеп болды.

Олардың қандай өзгерістер екендігі туралы жобалар да жоқ емес. Мәселен, И.А.Батыанов пратүркі тіліндегі бірінші буында кездесетін созылмалық /долгий гласный/ сөз басындағы үнді екпінге байланысты туды деп білсе [25/40-42], Э.Г.Киенбаев: сол үнді екпіннің өзгеруіне байланысты башқұрт тіліндегі сөздердің бірінші буындарындағы созылмалық жоғалды, - дейді. Бұған қоса ол башқұрт тіліндегі ашық /о, ö, ä/ дауыстылардың қысқа /у, ү, і/ дауыстыларға тарылуы да осы өзгеріске байланыстырады [74/65]. Сол сияқты, Г.Шараф та татар тіліндегі осындай тарылудың себебі үнді екпіннің лебізді екпінге ауысуына байланысты екендігін айтады [128/240-243]. Ал М.Рясянен болса: "Сөздің басқы буынындағы алғашқы /лебізді - и.э./ екпін прогрессивтік ассимиляция мен дауысты дыбыстардың гармониясын туғыза, соңғы буындағы екпін, керісінше, дауыстылардың редукциясы мен элизиясын туғызды" - деп жазды [111/43].

Қысқасы, түркі тілдерін зерттеушілердің көпшілігі пратүркі тілінде екпіннің бірінші буында болғандығын, оның үнді екендігін және кейіннен ол екпіннің лебізді екпінге ауысқандығын теріс дей алмайды. Ендеше, пратүркі тіліне тән сөз басындағы үнді екпіннің лебізді екпінге ауысып, кейіннен оның сөз соңына көшуі қазіргі түркі тілдерінде кездесетін қысқа дауыстылардың түсіп қалуы құбылысына да себеп болды дей аламыз.

Басқа сөзбен айтқанда, түркі тілдеріндегі түсіп қалу құбылысына бірдең-бір себеп болған нәрсе - көне екпіннің түрі мен орнының өзгеруі. Ал бұл өзгеріске түрткі болған нәрсе - түркі тілдерінің ішкі даму заңы, оған тән агглютинация құрылысы; осы құрылымның дамип, одан өрі жетілуі.

Бұл жағдай түсіп қалу құбылысы түркі тілдерінің отруктура-он жағынан нормалануы кезінде пайда болғандығын көрсетеді.

Жоғарыда біз түркі тілдеріндегі орын, мойын, ерін, қарын, ауыз типтес сөздердің екінші буындарындағы қысқа дауыстылардың кейіннен қосылғандығын айтқан едік. Бұл жерде ол сөздердің әуел бастағы формасының қайта қалыптасқандығын айтпақшымыз. Яғни, бір кездегі сөз соңында қатар тұрған екі дауыссыздың арасына қыстырылған қысқа дауысты сөзге дауыстыдан басталған қосымша жалғанған кезде қайтадан түсіп қалып отыр.

"Түсіп қалатын қысқа дауысты - түбір құрамындағы дауысты емес, қосымша құрамындағы дауысты, - деп жорамалдауға болады.

Мәселен, азербайжан тілінің "көлин" сөзін аламыз. Оның түбірі - "көд", ал, "ин" - сөз тудырушы аффикс. Бұл қазіргі кезде өлі жұрнаққа айналып, түбір құрамына ауысып кеткен. Сөз ішінен негізінен осы аффикс құрамындағы дауысты дыбыс түседі", - дейді Г.Ахмедов [4/25-26].

Бұл айтылғандарға қарағанда, түркі тілдеріндегі түсіп қалу құбылысы тіл дамуының белгілі бір заңдылықтарына негізделгендігі анық. Ондай заңдылықтардың бірі деп, біз мынасы келтіреліміз: Мән-мағынаға /коммуникацияға/ ие дыбыстар әр уақытта сақталынады, ал мән-мағынадан айырылған яғни коммуникациясын жоғалтқан дыбыстар редуцияға ұшырайды немесе түсіп қалады. Сол сияқты, фонетикалық редуцияға, өдетте, функциялық, грамматикалық мағына атқармаған дыбыстар түседі. Өйткені функциялық мағына дыбыстарды заңды түрде болатын фонетикалық редуциядан сақтап қалады [56/83-85].

Олай болса, түркі тілдеріндегі қысқа дауыстылардың түсіп қалуының мәні - оның сол позицияда функциялық та, грамматикалық та мағына атқармағандығында ғой деп ойлаймыз.

Алғаш бір-екі сөз көлемінде болған бұл құбылыс кейіннен аналогия²⁶ ретінде көптеген сөздерді қамтуы мүмкін. Айталық: алдымен "орын" сөзі "орны" болып өзгерді делік. Уақыт ілгері жылжыған сайын бұл құбылыс осы тәрізді басқа сөздерді, атап айтқанда, бұл сөздерден дыбыстық құрамы жағынан ешбір айырмашылығы жоқ - мұрны, қарны, әріні сөздерін қамтиды. Содан кейін барып, бұл типтегі басқа сөздерге, яғни "й" мен "н" /мойны, қойны, ойна, т.б./, "у" мен "р" /дәуір, ауру, дәурән, шула, аулы, т.б./, "ң" мен "л" /көңіл, төңір/ сонорларының аралығына жайылады. Ақырында бұл құбылыс сонор дауыссыздарынан кейінгі жерде жалпы қағидаға айналады. Мыс: күлкі, сілілі, аузы, кейпі, дауыс, жаңбы, т.б.

Бұл жерде аталған құбылысқа ең бірінші рет қай сөз ұшырады? - деген сұраққа дәл жауап беру оңай емес. Өйткені, қайткенде де ондай сөздердің қатарына үлкенділігі тұрғыста жиі қолданылатын: қары, қойны, мойны, орын, мұрны, әріні тәрізді сөздердің жірәтінділігі анық.

26. Дыбыстық өзгерістері аналогияның ролі ерте кезден-ақ белгілі болған және ол тіл білімінде мойындалған нәрсе. Қараңыз: Агаев Э.Б. Введение в языковедение, Ереван, 1960, с. 162.

Егер біз түркі тілдеріндегі түсіп қалу құбылысы алдымен бір-ақ сөзде болды, содан кейін барып фонетикалық жағынан бірдей басқа сөздерді қамтиды дейтін болсақ, бұл, әрине, түсіп қалу құбылысы барлық алаңдарда және барлық жерде бірдей, бір мезгілде болды дегендік емес. Ол алдымен жеке адамның тілінде ұшырасып, сол арқылы басқа алаңдарға, ақырында бүкіл халыққа таралуы мүмкін. Сол сияқты, территориясы жағынан да алдымен белгілі бір жерде туып, содан кейін басқа жерлерге ауысқан болуы керек.

Тіпті, біз түсіп қалу құбылысының себебі деп тауып отырған пратүркі тіліндегі сөз басындағы епіннің сөз соңында ауысуының өзі бірден бола қалған нәрсе емес. Оның біртіндеп іске асып, біраз уақыт аралығында оозылғандығы хақ. Олай болса, түсіп қалу құбылысы да бірден бола қалған жоқ. Ол біртіндеп жүзеге асып, біраз жылдарға созылған. Епіннің сөз соңына ауысуына байланысты туған бұл құбылыс кейіннен епін орны тұрақталған соң, ол да белгілі дәрежеде тұрақталған сияқты.

Сөйтіп, бір кезде белгілі бір себептен туған комбинаторлық-позициялық өзгеріс, біздер үшін тарихи өзгеріс болып отыр. Өйткені, біздер "еріні" емес, "арні" деп айтатын болсақ, [ɛ]/қысанын [p] мен [n] сонорларының аралығында тұрғандығынан немесе епінсіз буында келгендігінен түсіріп тұрғымыз жоқ. Бізден бұрынғылардың бәрі солай айтқандықтан, кейінгі ұрпақ - біз де солай айтып жүріз [126/40].

Ендеше, қазіргі заман адамдары үшін бұл құбылыстың қажетті фонетикалық өзгерістен гөрі, әдет немесе дағды, яғни тарихи құбылыс болып табылуы - ғылыми ақиқат.

4. Қысаң дауыстылардың түсіп қалу мезгімі

Түркі тілдеріндегі қысаң дауыстылардың түсіп қалуы тілмен бірге пайда болған құбылыс емес. Ол - кейіннен - тілдің даму барысында туып, онымен бірге жасасып келе жатқан нәрсе. Оның да пайда болуы, дамуы, аяқталу кезеңдері бар. Біз ендігі жерде осы мәселелерге тоқталалық.

Егер қысаң дауыстылардың түсіп қалуы белгілі бір себептен туды дейтін болсақ, онда оның уақыттан тыс болуы мүмкін емес.

Олай болса, бұл құбылыстың мерзімін анықтау – қажетті мәселе-
лердің бірі.

Түркі тілдеріндегі қысаң дауыстылардың түсіп қалуы туралы
айта келіп, В.А.Богородицкий былай дейді: "Казан-татар тілінде-
гі қарын>қарын типті сөздерін алтай тіліндегі қарын>қарды,
урияңхай тіліндегі қырын>қырын сөздерімен сәйкес келетіндігін
салыстырыңыздар... Бұлардың мерзімі деген мәселе арнайы зерттау-
ді қажет етеді" [29/52].

Түсіп қалу құбылысының қай кезде болғандығын анықтау мақса-
тында біз оны көне түркі жазба ескерткіштерінің тілінен қарас-
тырып көріп әдік. Іздену қортындысы мынаны көрсетті:

XIX ғасырдың аяғында жазылған В.В.Радловтың "Солтүстік
түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары" деген еңбегінде
мына дауыстылардың түсіп қалуы жиі байқалады. Мыс.: бојун
/ч. УМ. 237/ – бојну /ч. УМ. 498/, моіны /ч. I. 25/, орун /ч.
9/ – орну /ч. М. 142/, орны /ч. ІУ. 45/, мурун /ч. У. 178/-
урны /ч. М. 10/, кону /ч. М. 340/ – кону /ч. М. 386/;
ојун /ч. УМ. 497/ – којну /ч. УМ. 461/, којны /ч. ІУ. 81/;
қарын /ч. М. 56/ – қарын /ч. УМ. 187/; қырын /ч. У. 70/ – қырын
/ч. У. 91/; ојун /ч. Х. 76/ – ојна /ч. Х. 76/, ойна /ч. ІУ.
/; еркі /ч. У. 84/; таңрі /ч. М. 5/ т.б. [103].

Мындай құбылыс XIII–XIV ғасырларға жататын "Түрікше-арабша
сөздікте" де бар: ојун /079/ – ойна /076/, таңрі /087/, қыран
/105/ т.б. [95]. Одан арғы XI ғасырға тән "Кутадгу били" пен
Ахмуд Кашкардің "Диуани лугат ат-түрік" атты сөздігінде де
көзделеді: оғип /265/ – оғип /258/, көңіл /269/ – көңлі (249),
оңлұң (252), білің (247) – білгі (248), бојун – бојну (245),
будун (245) – будну (246), ілік – ілкі (247), оулуғ (243) – оулуғ
(245), көркі (253), оуіл – оулу (264), т.б. [92].

Сөз болып отырған құбылыс Орхон жазу нұсқасына жататын
XI ғасырдағы Тонькуи пен Күл-Тегін ескерткіштерінің тілінде де
көрінеді. Мыс.: оуіл – оулу, бујуғ – бујуғ, будун – будну
"алық", т.б. [27/85].

Сөйтіп, егер біз түркі тілдерінің ертедегі жазу нұсқаларын
ырықша тәптіштеп зерттеген осы ғалымдарының /П.М.Мелоранский,
Е.Малов, И.А.Батманов, А.М.Щербак, т.б./ осы ескерткіштерде-
гі сөздерді негізінен дұрыс транскрипциялағандықтарын мойында-
сақ, онда қысаң дауыстылардың түсіп қалуы XIX ғасырға жататын

В.В.Радловтың "Солтүстік түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқаларын" былай қойғанда, ХІІІ-ХІҮ ғасырлардағы көне қыпшақ тілінің мұралары болып есептелінетін "Түрікше-арабша сөздік" пен "Қодехо Қуманикусте" де, ХІ ғасырға тең "Қудатту билик" пен Махмұт Қашқаридың "Диуани Лұғат-ат-түрік" атты сөздігінде де кездеседі екен. Бұл құбылыс, қала берді, ХІІІ ғасырдағы Тоньюхун пен Құл-Тегін ескерткіштерінің тілінде де жоқ емес сияқты.

Егер ХІІІ ғасыр түсіндағы түркі тайпаларының тілінде қысқа дауыстылардың түсіп қалуы бар болса, онда аталған құбылыстың оған дейінгі дәуірлерде жасалғандығы анық.

Ендеше, бұл құбылыс қашан болды?

Түсіп қалу құбылысының қазіргі кездегі /чуваш тілінен басқа/ барлық түркі тілдеріне тең екендігіне және ол құбылыстың белгілі бір сөздер тобына ғана қатысты екендігіне қарап: түркі тілдеріндегі түсіп қалу құбылысының негізгі /басты/ себебі біреу-ақ, ол түркі тайпаларының тіліне бірдей және бір мезгілде әсер еткен, - деп жобалауға болады.

Олай болса, бұл себеп түркі халықтары қазіргідей жіктелмей, бір ғана негіз-тіл /язык-основа/ көлемінде тұрған кезінде, яғни жалпы түркілік тіл тұтастығы кезінде әсер еткен болу керек. Болмаса, түркі тілдеріндегі түсіп қалу құбылысына байланысты осыпшлықты ұқсастықтың болуы мүмкін емес.

Егер біз түсіп қалу құбылысының негізгі себебі - пратүркі тіліндегі сөз басында тұрған үнді екпіннің лабізді екпінге ауысуы мен оның сөз соңына көшуі десек, ал оның мерзімі осы өзгерістің мерзіміне сай келеді, соның жемісі болып табылады.

Екпіннің сөз соңына ауысуы, сөз жоқ, барлық түркі тілдерінде бір мезгілде болды. Дәлірек айтқанда, бұл процесс тым ерте кезде, яғни түркі халықтары қазіргідей бөлінбей, бір ғана негіз-тіл көлемінде қатынас жасасып тұрған кезінде іске асты. В.Котвич бұл жөнінде: "Екпіннің соңғы буына жылжуы пратүркі тілінің диалектілерге /тілдерге - К.Б./ жіктелмей тұрған кезінде болуы мүмкін. Өйткені барлық диалектілерде екпін сөздің соңғы буынына түседі", - дейді [83/38].

Н.А.Баскаков түркі тілдерінің дамуын ірі-ірі алты дәуірге бөледі: алтай /?/, хун /Ү ғ. дейін/, көне түркі /Ү-Хғ./, орта түркі /Х-ХҮғ./, жаңа түркі /ХҮ-ХХғ./, ең жаңа түркі [22/113].

Қысқа дауыстылардың түсіп қалуы осы дәуірлердің қайсысында болды?

Біздің ойымызша, бұл құбылыс алтай дәуірінде /хун дәуіріне дейін/ болған жоқ. Өйткені ол кезде қазіргі күндегі алтай тілдері бір-бірінен әлі де бөліне қойған жоқ болатын. Олар тағыз бірлікте болып, бір ғана қоғамға қызмет етті.

Егер қысқа дауыстылардың түсіп қалуы алтай дәуірінде болған болса, онда бұл құбылыс жоғарыда аталған алтай тілдерінің бөлінде де кездескен болар еді. Алайда, тіл фактысы мұны дәлелдемей отыр. Түсіп қалу құбылысы олардың бірінде, мәселен, түркі тілдерінде бар да, ал екіншілерінде – мәселен, моңғол, тунгус-маньчжур тілдерінде жоқ. Оның үстіне, қазіргі күндегі алтай тілдерінде екпін орнының ер түрлі болуы да /Екпін түркі тілдерінде соңғы буынға, ал моңғол тілінде бірінші буынға түседі/, сөз етіп отырған құбылыстың алтай дәуіріне жатпайтындығын көрсетеді.

Олай болса, түсіп қалу құбылысы хун дәуірінде /Ү ғ. дейін/ болды деп жобалаймыз. Өйткені, хун дәуірінде түркі тайпалары әлі ыдырай қойған жоқ болатын. Олар оғуз-қарлұқ-қыпшақ бірлігінде /одағында/ болып, бір тілде сөйлеген [22/113-122]. Екпіннің сөз соңына жылжыуы да, қысқа дауыстылардың түсіп қалуы да, міне, осы кезде болды.

Қазіргі кезде түркі тілдерінің бөлінде де екпіннің сөз соңында тұратындығы, олардағы екпінсіз қысқа дауыстылардың белгілі бір фонетикалық жағдайда түсіп қалатындығы және оның чуваш тілінен басқа барлық түркі тілдеріне ортақ кейбір сөздерде ғана кездесетіндігі – түсіп қалу құбылысының бір тіл көлемінде және бір мезгілде, бір ғана сабаптің әсерінен болғандығын көрсетеді.

Сөйтіп, түркі тілдеріндегі түсіп қалу құбылысы шамамен III–IV ғасырларда болды дейміз. Қазіргі кезде жеке-жеке тіл болып саналатын түркі тілдерінің сол дәуірде бір географиялық ортада, бір тіл тұтастығы жағдайында болу фактысының өзі-ақ біздің бұл пікіріміздің дұрыстығын дәлелдей алады. Өйтпесе, түркі тілдерінде түсіп қалу құбылысына байланысты осыншалықты ұқсастықтың болуы мүмкін емес.

Бұл жерде айта кететін нәрсе – өз кезінде өрехеті күшті болып, әжептәуір сөздерді қамтыған бұл құбылыстың кейіннен бөсеңсіп қалғандығы байқалады. Біздің ойымызша, екпіннің сөз соңына ауысуына байланысты туған түсіп қалу құбылысы кейін

өкіпін орын тұрақталған соң, ол да бөлгілі дәрежеде тұрақталған болу керек.

Дегенмен де, түсіп қалу құбылысы аналогия ретінде кейінгі дәуірлерде де болғанға ұқсайды. Оған дәлел - арабтың өмір, ақл, уақыт, піір, есім, ілім сияқты сөздері түркі тілдеріне енген кезде /XIV-XV ғасырлардан бастап/ өздеріне қысаң дауыстылардың бірін қабылдап: өмір, ақыл, уақыт, пікір, асım, ілім түрінде айтылды. Кейін бұл сөздерге жалғау-жүріяқ қосылғанда, әлгі қысаң дауыстылар қайтадан түсіп қалып отырған. Мыс. азерб. ақыл - ақлым, исим - исми, өмір - өмирі; түр. isim - ismi, akıl - akli, şehir - şehri, vakit - vakti, ömür - ömrü; түркм. асыл - аслы, пасыл - паслымыз, несил - неслимиз; башқ. ғилем - ғилми, синиф - синфи; тат. вақыт - вақты, исем - исме, өмир - өмирі; өзб. ақыл - ақлы, фикир - фикри, өмір - өмиримиз, хукум - хукми, илим - илми, исим - исими, т.б.

5. Қысаң дауыстылар түсіп қалғаннан кейін сөздегі болған өзгерістер

Біз жоғарыда түркі тілдеріндегі қысаң дауыстылардың қандай жағдайда, қалай, қайтып түсетіндігіне тоқталғанымызбен қысаң дауысты түсіп қалғаннан кейін сөздегі болған өзгеріс туралы ешнәрсе айтқан жоқ болатынбыз. Ендігі жерде осы мәселе туралы бір-екі ауыз айта кетелік.

Қысаң дауыстылардың түсіп қалуы сөздердің мағыналық жағына кесірін тигізбегендігі былай тұрсын, қайта, керісінше, өздердің фонетикалық және морфологиялық құрылысына мәнді өзгерістер енгізіп, оның ықшамдалуына себін тигізеді. Айталық, қысаң дауысты түсіп қалды, сөз буын құрамы жағынан қайта жасалды, саны жағынан қысқарды, түбір тұлғасы жағынан өзгерді.

Бұл тұрғыдан қарағанда, қысаң дауыстылардың түсіп қалу құбылысын зерттеп білудің теориялық та, практикалық та маңызы өте зор. Проф. А.Поцелуевский бұл жөнінде түрікмен тілі туралы жазған еңбегінде: "Дыбыстардың түсіп қалуы тілдің морфологиясын жаңа формалармен байытатын прогрессивті фактор болып табылады", - деп жазды [102/52].

Мысал ретінде түркі тілдеріндегі "ерін" сөзін алып қарас-

тыралык. Егер оған тәуелдік жалғауы жалғасақ: қаз. ерні, ног. эрні, қ-қалп., балқ. ерни, тат., башқ. ирне, хақ. ирні, тув., қырғ., алт. эрни ~ эрди т.б. – болып дыбысталады.

Қысқа дауысты түскенге дейін бұл сөздің фонетикалық, морфологиялық бейнесі е-рің түрінде, яғни бірінші буыны ашық, екінші буыны бітеу болатын. Оған дауыстыдан басталған қосымша жалғанғаннан кейін сөз е-рі-ні тәрізді үш буынды болуы керек еді. Бірақ олай болмай, сөз ішіндегі екіншісіз қысқа дауысты түсіп қалды да, ер-ні болып өзгерді. Бұрынғы бір өңкей ашық болып келген үш буынды сөз /е-рі-ні/ біркелкі түйік буынды сөзге /ер-ні/ айналды. Егер бұл сөзге грамматикалық талдау жасасақ: "і" – 3-жәк тәуелдік жалғауы, "ерн" – сөз түбірі.

Бұл жағынан алып қарағанда, түркі тілдеріндегі қысқа дауыстылардың түсіп қалуы орыс тіліндегі оон-сна, день-дня дегендердегі [o], [e] дауыстыларының түсіп қалуынан ешқандай да айырмашылығы жоқ деп, оларды "тұрақсыз дауыстылар" /беглые гласные/ дауішлер де /Н.И.Ильинский, Н.К.Дмитриев, Ф.Г.Исхаков/, айтылуы қиын қатар келген екі дауыссыздың арасын "дөнекерлеуші, жалғастырушы дауыстылар" /ставочные, соединительные гласные/ деп атаушылар да /О.Н.Бәтлингі, В.В.Радлов, Г.И.Рамстедт, т.б./ шынықтыққа өлде қайда жақындайды.

Қысқа дауыстылардың түсіп қалуы сол сөздегі көршілес тұрған дауыссыз дыбыстарға да түрлі өзгерістер енгізді. Бұл өсіресе, түсіп қалу құбылысы кең жайылған салтүстік-шығыс түркі тілдерінде жиі кездеседі [138/91-92, 70/53, 111/43]. Мыс.: яқ. ағис+ыс > ахыс "өзгізінші", сарын+ым > саным "иығи", илин+им > инним "алдыңғы жағым", мурун+а > муна "мұрны"; тув. эгин+и > экти, келин+и > кенни, ағыс+и > ағын, келун+у > конну, ижин+и > ишти, алын+и > анни; мор. көгүс+у > көгүсү, мойун+у > мойду, пурун+у > пурду, орун+у > орду; қырғ. қарын+и > қарды; алт. келин+и > келди; гаг. алын+и > анни "маңдай", т.б.

Бұл, әрине, түсіп қалу құбылысы болғаннан кейінгі дәуірде түркі тілдерінің жеке-жеке дамығандығының көрінісі болуға тиіс.

Сөйтіп, дауыстыдан басталған қосымша жалғанған кезде түбір сөздің соңғы буынындағы қысқа дауысты түсіп қалып, онымен көршілес тұрған дауыссыз дыбыстар басқа дауыссыздарға ауысып кетсе де, сөз әуел бастағы мағынасын ешқашан да өзгертпейді. Бұл түсіп қалу құбылысы, барлық фонетикалық өзгерістер сияқты, сөздің мағыналық жағына кесірін тигізбейді деген сөз.

Ендеше, қысаң дауыстылардың редукцияланып түсіп қалуы түрлі тілдерінің тарихымен диалектикалық байланыста. Ол сөздердің морфологиялық структурасын ықшамдап, дыбыстық құрамын жаңылдетті. Айтуға оңай, қолдануға ыңғайлы сөздер жасауға мүмкіндік туғызды. Мұның бәрі тіл дамуының қажетті заңдары болып табылады.

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Сөйтіп, біз қазақ тіліндегі қысаң дауыстылардың белгілі бір фонетикалық жағдайда сан жағынан редуцияланатындығын, кейде сол редуцияланудың салдарынан олардың сөз құрамынан мүлде түсіп қалатындығын сөз еттік. Олардың бірін "жартылай редуция", екіншісін "толық редуция" деп атадық.

Жартылай редуция кезінде қазақ тіліндегі дауыстылар күші жағынан әлсіреп, созылықтылығы жағынан қысқарады. Бірақ, ешқашанда сөз құрамынан түсіп қалмайды. Ал толық редуция кезінде дауысты дыбыстар күші жағынан әлсіреуіне қоса, созылықтылығы жағынан нольге дейін қысқарып, сөз құрамынан мүлде түсіп те қалатын.

Редуция тек екпінсіз буында кездеседі және лебізді екпіннің әсерінен жасалынады. Сөз екпінді қарқынға емес, музыкалы үнге не тілдерде редуция құбылысы болмайды.

Дауысты дыбыстардың редуциялану дәрежесі мен характері сол тілге тән сөз екпіннің күші мен ерекшелігіне байланысты әрқалай болады. Айталық, екеуіне де лебізді екпін тән екендігіне қарамастан орыс тілі мен қазақ тіліндегі редуция құбылысы бірдей емес. Орыс тіліндегі лебізді екпін әжептәуір қарқынды. Сондықтан да, ондағы редуция күшті болады. Ал қазақ тіліндегі екпінге келсек, ол орыс тіліндегі екпінмен салыстырғанда қарқынды емес. Осыған байланысты ондағы редуция құбылысы айтарлықтай үлкен дәрежеде байқалмайды.

Сол сияқты, редуция құбылысы екпіннің ерекшелігіне де байланысты. Егер екпінді дауысты айтылу күші жағынан ерекшеленсе, онда екпінсіз дауысты өзіннің күші жағынан редуцияланады. Ал екпінді дауысты созылықтылығы жағынан ерекшеленсе, онда екпінсіз дауысты созылықтылығы жағынан редуцияланады.

Есте болатын нәрсе, дауысты дыбыстардың күші мен созылық-
қылығы бір-бірімен тығыз байланыста. Егер екпінсіз бұндағы
дауысты дыбыс созылыққылығы жағынан редуцияланатын болса, ол
сонымен бірге күші жағынан да редуцияланады. Сондықтан да,
біз бұл екі күйді бірлікте алып қарап, оны сандық редуция не-
месе жартылай редуция дептік.

Редуция құбылысының бұл түрінің редуциялану дәрежесі тек
экпін ерекшелігіне ғана емес, сонымен бірге басқа да татып жат-
қан фонологиялық, фонетикалық және фонетикалық емес факторлар-
ға байланысты. Олардың ішіндегі ең жалпы және мәнді фактор бо-
лып саналатындары мыналар:

1. Қазақ тіліндегі қысаң дауыстылардың созылыққылығы олар-
дың өз сапасына байланысты: ауыз қуысының кең ашылуынан жасал-
ған ашық дауыстыларға қарағанда ауыз қуысының тар ашылуынан жа-
салған қысаң дауыстылар келте айтылып, қысқа дыбысталады.

2. Дауысты дыбыстардың созылыққылығы көршілес дауыссыздар-
дың сапасына байланысты түрліше өзгереді: үяң дауыссыздармен
көрші тұрған қысаң дауыстыға қарағанда қатаң дауыссыздармен
көрші тұрған қысаң дауысты қысқа айтылады, немесе ызың дауыссыз-
дармен көрші тұрған қысаң дауыстыға қарағанда шұғыл дауыссыздар-
мен көрші тұрған қысаң дауысты қысқа болады. Сондықтан да, әрі
шұғыл, әрі қатаң болып келген екі дауыссыздың арасында келген
қысаң дауысты басқа барлық жағдайларға қарағанда қысқа дыбыс-
талады.

3. Дауысты дыбыстың созылыққылығы өзі тұрған бұынның тү-
ріне де тәуелді: ашық бұында тұрған қысаң дауыстыға қарағанда,
түйік не бітеу бұында тұрған дауыстылардың созылыққылығы қысқа.
Бұл айырмашылық, өсіресе, сөз ішінде анық көрінеді.

4. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың созылыққылығы тек
өзі тұрған бұынның ашық-түйік болуына байланысты емес, сонымен
бірге, көршілес бұынның ерекшелігіне байланысты да түрліше бо-
лады. Айталық, көршілес бұынның бітеу не түйік болуы біз зерт-
теуге алып отырған бұындағы дауысты дыбысты созылыққы етеді,
керісінше, ашық болуы – қысқартады.

5. Дауысты дыбыстың созылыққылығы сол сияқты көршілес
бұында тұрған дауысты дыбыстың сапасына да тәуелді: егер көрші
бұында ашық дауысты тұрса, біз зерттеуге алып отырған қысаң
дауысты қысқа дыбысталады; керісінше, көрші бұында қысаң дауыс-

ты тұрса, онда әлгі қысаң дауысты алғашқыға қарағанда созылыққы айтылады.

6. Дауысты дыбыстың созылыққылығы сөздегі алатын орнына да байланысты: бірдей фонетикалық жағдайда тұрған сөз аяғындағы дауыстыға қарағанда, сөздің абсолюттік басында тұрған дауысты дыбыс қысқа айтылады. Дәл сол сияқты, сөздің абсолюттік басында тұрған дауыстыға қарағанда сөз ішінде тұрған дауысты дыбыс қысқа дыбысталады. Бұл жағдай, әрине, көршілес дауыссыздардың әсері деген факторға сай келеді.

7. Дауысты дыбыстардың созылыққылығы сөздегі дыбыс я буын санының аз не көптігіне де байланысты: бір буынды сөздердегі дауысты дыбыстарға қарағанда көп буынды сөздердегі дауысты дыбыстар қысқа айтылады; немесе бір ғана дауыссызбен іргелес тұрған дауыстыға қарағанда әлі не үш дауыссыздың тіркесімен іргелесіп тұрған дауысты дыбыс қысқа дыбысталады.

8. Ең соңында, дауыстылардың созылыққылығы сөйлеу қарқынына да тәуелді: жылдам сөйлеу кезіндегі дауыстылар дәй сөйлеу кезіндегі дауыстыларға қарағанда қысқа, т.б.

Бұл факторлардың ішінде түркі тілдері үшін бастысы да, басы емесі де бар. Яғни, дауысты дыбыстардың созылыққылығына күшті әсер етіп, оны қысқартатын факторлар немесе онша күшті әсер тпей, аздап ғана созылыққы ететін факторлар болады.

Жоғарыдағы аталған факторлардың ішіндегі ең күшті әсер етіп, дауысты дыбысты созылыққылығы жағынан қысқартатын факторлар деп, із, ең алдымен, дауысты дыбыстың өз сапасы мен көршілес дауыссыздардың сапасын айтамыз. Индоевропа тілдері үшін күшті фактор олып табылатын екпіннің әсері түркі тілдерінде онша үлкен емес. Ол, шамамен, түркі тілдеріне тән лебізді екпіннің күшті қарқынды/ емеотігінен болу керек.

Өдетте, аталған бұл факторлар тілімізде жама-жама өрехет тпейді. Сөйлеу процесі кезінде олардың бірнешеуінің басы бір ерге түйісуі мүмкін. Мұндайда, әрине, дауысты дыбыстың созылыққылығы бұрынғыдан да гөрі қысқара түседі.

Біз қазақ тіліндегі аталған факторлардың басы түйіскен ер деп: кісі, тықыр, күштір, күтім, түсім, қуық, пішін, шыты, ктін, күтыр тәрізді екі буынды сөздердің бірінші буындарындағы фонетикалық жағдайды атаған болар едік. Өйткені, бұл жағдайдағы қысаң дауыстылар әрі екпінсіз буында, әрі қатаң дауыссыздардың

аралығында /коршауында/ келіп, көмескіленіп тұр. Алынған осциллограммаларға қарасақ та, бұл позициядағы дауыстылардың күші жағынан әлсіз, созылықтылығы жағынан өте қысқа екендігін көреміз. Кейде әуелі бұл позициядағы қысаңдар әжептеуір көмескіленіп, осциллограммада дауыссыздар тәрізді "сызық" қана қалдырады. Оның созылықтылығын есептеу бұл жерде өте қиын. Солай бола тұрса да, қысаң дауыстыларды бұл позицияда мүлдем жоғалып кетті деуге болмайды.

Сол сияқты редуцияланған дыбыстар деп – бірі, білім, бірақ тәрізді екі буынды сөздердің бірінші буындарындағы /уяң мен сонорлардың аралығында тұрған/ қысаңдар мен мағына, қызмет, топырақ, қабілет, төңірек, тұлғала, шоырап, абырой, қалтыра, ақыры, атырау, қазына, қасірет, қатынас, қоңырау, омырау, тоқырау тәрізді үш буынды сөздердің ортаңғы буындарындағы қысаң дауыстыларды да /б, з, ғ; м, л, н; к, т, п, с, ш дауыссыздары мен р, м, н, л сонорларының аралығында тұрған/ алуға болады. Олардың бұл жағдайда күшті редуцияланғандығы соншалықты, кейде қысаң дауыстылар осы позицияда бар ма, жоқ па деген мәселенің өзін анықтау қиынға түседі.

Алайда, көрсетілген жағдайларда қысаң дауыстылардың ешқашан да түсіп қалмайтындығын біз жоғарыда айттық. Олардың толық редуцияланып, сөз құрамынан түсіп қалуы аталған позициялардан мүлде басқа жерде, яғни бүкіл түркі тілдеріне ортақ болып келген санаулы сөздерде ғана және белгілі бір ерекше фонетикалық жағдайларда ғана кездеседі.

Бұл позициядағы қысаңдардың түсіп қалуы зерттеушілердің бірі де байқаған. Бірақ ол құбылыстың қашан, қалай және не себептен болғандығын ешкім де сөз еткен емес. Біз өз әлімізше осы мәселелерге жауап іздестіруге тырыстық.

Қысаң дауыстылардың түсіп қалу құбылысы кез келген жерде бола беретін нәрсе емес. Оның да өз заңы, өз жағдайлары бар. Біз III тарауда ондай жағдайлардың үш түрін, атап айтқанда: фонетикалық, морфологиялық және лексикалық жағдайларын көрсеттік.

Аталған құбылыс көбінесе екпінсіз буында, [р], [л], [н], [у], [н], [ң] сонорларынан кейін көп үшырасады. Сол сияқты, [з] уяңы мен [к], [с] қатаңдарынан кейін де жоқ емес. Мұны біз түсіп қалу құбылысының фонетикалық жағдайлары дептік.

Ал морфологиялық жағдайы деп – соңғы буынында қысаң дауыс-

тысы бар әмі бұныды түбір сөздерге дауысты дыбыстан басталған қосымшаның жалғануын айтамыз.

Қысаң дауыстының түсіп қалуы үшін, морфологиялық жағдайдың маңызы өте зор. Өйткені, ол жағдайда екпін қосымшаға ауысып кетеді де, сөз ішіндегі дыбыстар арасында түрлі комбинациялар болады. Сөйтеді де, ашық бұныда тұрған екпінсіз қысаң дауысты редуцияланып, түсіп қалады.

Бұл жағдай, әрине, түркі тілдерінің тарихымен таныс адамдарға ежелден-ақ белгілі және чуваш тілінен басқа түркі тілдерінде түсіп қалу құбылысы көрсетілген позицияда тұрақты нәрсес.

Мысалы үшін, айталық, редуцияланып түсіп қалу құбылысы белгілі бір сөздерде, мәселен, орын, мойын, ауыз, әрік, халық деген сөздерге дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанған кезде байқалатын болса, онда дәл осы бағыттағы фонетикалық өзгеріс басқа ондаған сол сияқты сөздерде де бар деп ойлауға, тіпті бар екендігіне көз жеткізуге болады.

Бірақ, түсіп қалу құбылысының сырын тек екпінсіз бұныдағы қысаң дауыстылардың сонор дауыссыздармен іргелес тұрғандығынан немесе дауыстыдан басталған қосымшаның жалғануынан ғана іздеуге болмайды. Оны тіл білімінің басқа да салаларымен байланыстыру керек.

Өңгіме мынада: жоғарыда айтылған фонетикалық, морфологиялық жағдайлар түгелдей сай келгенімен, кейбір сөздерде қысаң дауыстының түсіп қалуы ұшыраспайды. Яғни түсіп қалу құбылысы, негізінен, пратүркі тіліне тән бір топ байырғы сөздерде ғана кездесіп, ал тілімізде сирек қолданылатын немесе кейінгі дәуірлерде жасалған сөздерде болмайды. Неге олай?

Оның себебі – негізгі сөздің қор болып табылатын байырғы сөздер тілімізде тым ертеден бері келе жатқандықтан тіл тарихында болған әрбір өзгерісті басынан кешірмеуі мүмкін емес. Олар күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын болғандықтан мағынасы жағынан өбден тұрақталып кетеді де, түрлі фонетикалық өзгерістерге жол бере береді. Яғни, байырғы сөздердің мағынасы жағынан өбден айқындалып, тұрақталып кетуінің өзі – түрлі фонетикалық өзгерістерге алғы шарт болып табылады.

Ендеше, қысаң дауыстылардың түсіп қалуы фонетикалық, морфологиялық жағдайларға қоса, сөздердің лексикалық /семантикалық/ жағына да байланысты екен.

Түсіп қалу құбылысының лексикалық жағдайы деп – қысқа дауыстылардың көбінесе түркі тілдеріне ортақ байырғы сөздерде, олардың ішінде әсіресе ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданылып, мағынасы жағынан өбден тұрақталып кеткен кейбір және сөздерде түсіп қалатындығын айттық.

Есте болатын нәрсе, бұл айтылғандардың бәрі түсіп қалу құбылысының себебі емес, шарттары ғана. Оның себебі деп – біз пратүркі тіліне тән сөз басындағы үнді екпіннің лабіезді екпінге ауысуы мен оның сөз соңына жылжуын айтамыз.

Екпіннің сөз соңына ауысуы сол позицияда дауысты дыбыстың айтылуы қажет етті. Солай істелді де. Мәселен, пратүркі тіліндегі балқ, келі, кілі, жүлқ, қалқ, қалп, құлқ формалас түбір сөздер екпіннің сөз соңына ауысуына байланысты балық, келік, кілік, жүлік, қалық /қалқу/, қалып, құлық болып, яғни түбір сөздің соңындағы қатар тұрған екі дауыссыздың аралығында қысқа дауыстылардың бірі қыстырылып айтылады. Кейіннен ол сөздерге дауыстыдан басталған қосымша қосылған кезде, әлгі қыстырылған қысқа дауысты қайтадан түсіп қалып, сөз әуел бастағы формасын: балқ+и, келі+і, кілі+і, жүлқ+и, қалқ+и, қалп+и, құлқ+и болып қайта қалыптасады.

Әрине, қандай да болмасын белгілі бір фонетикалық құбылыстың себебі туралы сөз етілгеннен кейін, оның болу мерзімі деген мәселеге де тоқталмасқа болмайды.

Біз түркі тілдеріндегі қысқа дауыстылардың түсіп қалу құбылысын шамамен III–IV ғасырда болды деп жобаладық. Өйткені, бұл дәуірде түркі тайпалары қазіргідей жіктелмей, бір географиялық ортада өмір сүріп, бір негіз-тіл көлемінде қатынас жасасатын.

Егер түсіп қалу құбылысының себебі біреу ғана, ол түркі тайпаларына бірдей және бір мезгілде әсер еткен дейтін болсақ, онда біз себебі деп тауып отырған екпіннің сөз соңына көшуі тең III–IV ғасырларда ғана іске асты. Оған дәлел ретінде біз қазіргі түркі тілдерінің бәрінде де екпіннің сөз соңында тұратындығын келтіреміз.

Сөйтіп, түсіп қалу құбылысы белгілі бір себептен, белгілі бір мезгілде болды. Алғаш екі-үш сөздің көлемінде іске асқан бұл құбылыс кейіннен аналогия ретінде көптеген сөздерге жайылып, аталған фонетикалық, морфологиялық, лексикалық жағдайда тұрақты құбылысқа айналған.

Түсіп қалу құбылысының сөз мағынасына зиянын тигізбейтіндігі былай тұрсын, тіпті кейбір жеке сөздер үшін оның сымбаттылық пен үндестік бергендігі де даусыз. Айталық, қысқа дауысты редуцияланып түсіп қалғаннан кейін, сөз тек дыбысталуды жағынан ғана емес, морфологиялық құрылымы жағынан да, буын түрі жағынан да қайта жасалып, бұрынғыға қарағанда өлде қайда ықшамдалды. Мысалға түркі тілдерінің бөрінен де бар мына сөзді келтірейік: азерб., түр., түркі, арзы, ног., тат. арзы, қар., балқ. аўзу, алт., кырг. оозы ~ оозу, шор. ахсы, хак. ахсы, қаз., қ-қали. аузы т.б.

Көне түркі тіліндегі "арыз" сияқты сөздерге "ы" қосымшасы жалғанған кезде, түбір сөздің соңғы буынындағы қысқа дауысты редуцияланып түсіп қалды да, сөз бұрынғыға қарағанда өлде қайда ықшамдалды. Ол буын саны жағынан да, түрі жағынан да басқаша құралып, фонетикалық тұлғасын әжептеуір өзгертті /арыз+ы> а-ғы-зы> ағ-зы/.

Бұл жағынан алып қарағанда, түсіп қалу құбылысы көне дәуірде – түркі сөздерінің структурасы жағынан нормалануы кезінде – пайда болған сияқты. Яғни, оны біз тіл құрылымын жетілдіру қажеттілігінен туған деп қараймыз. Ал ол қажеттілік қатынас құралы болып қызмет атқаратын және ойыншыды баянды ететін тілдің өз жаратылысынан шығады.

Олай болса, түркі тілдеріндегі қысқа дауыстылардың редуцияланып түсіп қалуы – тіл дамуы ішкі заңдарының бір көрінісі деп білеміз. Өйткені, тіл дамуының ішкі заңдары тілдің қажеттіліктерден шығады; тілді жетілдіруге, дамытуға бағытталған тенденциялар аясында туады. Редуцияланудың, редуцияланып барып түсіп қалудың мұндай қасиеттерден күр алақан емес екендігі бөрімізге де аян.

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі қысқа дауыстылардың күші жағынан өлсіреп, созылықтылығы жағынан қысқаруы, яғни жартылай редуцияға ұшырауы үшін қажетті факторлар мыналар:

I. Фонологиялық факторлар:

1. Дауысты дыбыстардың өз сапасы.

а/ созылық және қысқа дауыстылар;

б/ ашық және қысқа дауыстылар.

II. Фонетикалық факторлар:

1. Комбинаторлық әсер.

а/ көршілес дауыссыздардың сапасы.

2. Позициялық әсер.

а/ буын түрі /ашық, бітеу, тұйық болу/;

б/ сөздегі орны /басы, ортасы, аяғы/;

в/ екпінсіздік;

г/ дауысты дыбыстың екпінге қатысты орны.

3. Ассимилятивтік әсер.

а/ көршілес буынның түрі;

б/ осы буындағы дауысты дыбыстың сапасы.

III. Фонетикалық емес факторлар:

1. Сөздегі дыбыс пен буын санының көптігі;

2. Сөйлеу қарқыны;

3. Сөздің не әйлемнің әмфативалық /экспрессивтік/ модалық жағы;

4. Әрбір тілдің өзіндік әрекетшілігі.

Ал қысқа дауыстылардың түсіп қалуы үшін, яғни толық редуцияға ұшырауы үшін қажетті факторлар мыналар:

1. Қысқа дауыстылардың өз сапасы;

2. Көршілес дауыссыздардың әсері;

3. Екпінсіздік;

4. Сөздің морфологиялық түрленуі /дауысты дыбыстан басталған қосымшаның жалғануы/;

5. Түрлі тілдеріне ортақ байырғы сөздер және олардың қолданылу жиілігі.

Қысқа дауыстылардың қартайлай редуциялануы мен толық редуциялануы үшін қажетті факторларды бір-бірімен салыстыру олардың абсолютті бірдей емес әуендігін көрсетеді. Ендеше, қартайлай редуция комбинаторлы-позициялық өзгеріс болып, ал толық редуция өз кезінде комбинаторлы-позициялық өзгеріс болғанымен қазіргі күн үшін тарихи /немесе спонтандық/ өзгеріс болып есептелінеді.

Алайда, біз бұл екі түрлі өзгерісті бір құбылыстың екі жағы ретінде бірлікте алып қарастырамыз. Өйткені, дауысты дыбыстардың қартайлай редуциялануы да, олардың толық редуцияланып, сөз құрамынан мүлде түсіп қалуы да тап екпінсіз буындарда кездеседі және көбінесе қысқа дауыстыларға ғана тән.

Олай болса, қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редуция-

лануы деп – қолайсыз фонетикалық жағдайда тұрған дауысты дыбыс-
тардың әлсізденуіне байланысты, біріншіден, оның күші жағынан
әлсіреп, кемесіленуін; екіншіден, оның созылмалығы жағынан
қысқарып, келте айтылуын; үшіншіден, осы айтылғандардың нәтижесі
ретінде кейде сөз құрамынан мүлде түсіп қалуын айтамыз.

Кыскартылып алынган сөздөр

азерб. – азербайжан

алт. – алтай

балқ. – балқар

башқ. – башқұрт

гаг. – гагауыз

каз. – казак

кар. – карaim

қ-қалп. – қарақалпақ

қым. – қумық

қырг. – қырғыз

ноғ. – ноғай

өзб. – өзбек

тат. – татар

тув. – тува

тір. – тірік

тірікм. – тірікмен

үйг. – үйғыр

хак. – хакас

чув. – чуваш

шор. – шор

як. – якут

ЛИТЕРАТУРА

1. Аббев В.И. О фонетическом законе. - В кн.: Язык и мышление. Л., 1933, ч. I.
2. Абдуллаев Ш.М. Место и природа словесного ударения в современном азербайджанском языке: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Баку, 1964.
3. Алектрли Г. Природе ударения слова в азербайджанском и русском языках. - Тр. Азерб. гос. ун-та, 1949, вып. 3. Сер. филол.
4. Алектрли Г. Азербайджанское и русское ударение. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. М., 1946.
5. Аралбаев Ж. Казіргі қарақалпақ тілінің фонетикалық жүйесі. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алматы, 1949.
6. Аралбаев Ж. Қарақалпақ тілінің дауысты фонемалары. - Изв. АН КазССР. Сер. филол. и искусств., 1958, вып. I-2.
7. Аралбаев Ж. Вокализм казахского языка. Алма-Ата, 1970.
8. Аралбаев Ж., Джунисбеков А. Об ударении в казахском языке. - Изв. АН КазССР. Сер. обществ., 1968, № 6.
9. Артемов В.А. Экспериментальная фонетика. М., 1956.
10. Атамирзаева С. Звуковой состав неманганского говора узбекского языка. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1963.
11. Атамирзаева С. Экспериментально-фонетическое исследование неманганского говора узбекского языка. Ташкент, 1974.
12. Хатов Г.Х. Об ударении в языке оибирских татар в связи с ударением в современном татарском литературном языке. - В кн.: Проблемы тюркологии и истории востоковедения. Казань, 1964.
13. Ахматов Т.К. Звуковой строй современного киргизского литературного языка. Фрунзе, 1968, ч. I.
14. Ахундов А.А. Система фонем современного азербайджанского языка: Автореф. дис. ... докт. филол. наук. Баку, 1964.

15. Ашмарин Н.И. Материалы для исследования чувашского языка. Казань, 1898, ч. I-2.
16. Байчура У.Ш. Звуковой строй татарского языка. Казань, 1959. Ч. I.
17. Байчура У.Ш. Звуковой строй татарского языка в связи с некоторыми другими тюркскими и финно-угорскими языками. Казань, 1961. Ч. 2.
18. Барашков П.П. Звуковой состав якутского языка. Якутск, 1953.
19. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. М., 1952. Т.2, ч. I.
20. Баскаков Н.А. Ногайский язык и его диалекты. М.; Л., 1940.
21. Баскаков Н.А. Уйгурский вокализм. - Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. М., 1955, Т. I.
22. Баскаков Н.А. Введение и изучение тюркских языков. М., 1962.
23. Баскаков Н.А., Инкижекова-Трекул А.И. Фонетические особенности хакасского языка и его диалектов. - Тр. ИЯ АН СССР. М., 1954. Т. 4.
24. Батманов И.А. Грамматика киргизского языка. Фрунзе, 1936.
25. Батманов И.А. Фонетическая система современного киргизского языка. Фрунзе, 1946.
26. Батманов И.А. Современный киргизский язык: Изд. 4-е. Фрунзе, 1963. Вып. I.
27. Батманов И.А., Арагачи З.Б., Бабушкин Г.Ф. Современная и древняя Енисейка. Фрунзе, 1962.
28. Бётлинг О.Н. О языке якутов. - Уч. зап. Имп. Академии наук, 1853, т. I, вып. 4.
29. Богородицкий В.А. Этюды по татарскому и тюркскому языкознанию. Казань, 1933.
30. Богородицкий В.А. Введение в тюркско-татарское языкознание. Казань, 1922. Ч. I.
31. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. Казань, 1934.
32. Богородицкий В.А. О крымско-татарском наречии. Казань, 1903.
33. Бодуэн де Куртене И.А. Избранные труды по общему языкознанию. М., 1963, Т.2.
34. Бондарко Л.В. Осциллографический анализ речи. Л., 1965.

35. Бондарко Л.В. К вопросу об акустическом составе русских ударных гласных. - Вестн. ЛГУ, 1961, № 2.
36. Боровков А. Учебник уйгурского языка. Л., 1935.
37. Ваареск П.К. Вопросы фонетики. Таллин, 1962, Т. I.
38. Владимирцов Б.Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и халхасского наречия. Л., 1929.
39. Вопросы диалектологии и истории марийского языка. Йошкар-Ола, 1964.
40. Вопросы методики сравнительно-исторического изучения индоевропейских языков. М., 1956.
41. Вопросы языка и литературы. М., 1959.
42. Даулетов А. Вокализм каракалпакского языка. Самарканд, 1976.
43. Джунисбеков А. Гласные казахского языка. Алма-Ата, 1972.
44. Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. Алма-Ата, 1980.
45. Джунисбеков А. Есть ли словесное ударение в казахском языке? - В кн.: Звуковой строй языка. М., 1979.
46. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. М.; Л., 1948.
47. Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. М., 1962.
48. Дмитриев Н.К. Строй турецкого языка. Л., 1939.
49. Дмитриев Н.К. Грамматика кумыкского языка. М.; Л., 1940.
50. Дмитриев Н.К. Вставка и выпадение гласных и согласных в тюркских языках. - Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. М., 1955. Т. I.
51. Дьячковский Н.Д. Вокализм якутского языка. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Л., 1966.
52. Дьячковский Н.Д. Звуковой строй якутского языка. Якутск, 1971.
53. Егоров В.Г. Современный чувашский литературный язык в сравнительно-историческом освещении. Чебоксары, 1954, ч. I.
54. Есентемирова А.А. К вопросу об акустических компонентах словесного ударения в казахском языке. - Изв. АН КазССР. Сер. филол., 1976, № I.
55. Есентемирова А.А. О фонетической природе казахского словесного ударения. - В кн.: Вопросы казахской фонетики и фонологии. Алма-Ата, 1979.
56. Жирмуновский В.М. Внутренние законы развития языка. - Тр. ИЯ АН СССР, 1954, т. 4.

57. Зиндер Л.Р. Общая фонетика. Л., 1979.
58. Зиндер Л.Р. О звуковых изменениях. - Вопросы языкознания, 1957, № 1.
59. Зиндер Л.Р. Влияние темпа речи на образование отдельных звуков. - Ученые записки ЛГУ, 1964, № 325, вып. 69.
60. Зайончковский А. К вопросу о структуре корня в тюркских языках. - Вопросы языкознания, 1961, № 2.
61. Зиновьев В.Н. О ритмико-мелодической структуре казахского языка. - Изв. АН КазССР. Сер. лингв., 1948, № 77, вып. 5.
62. Исабеков М.М. Количественная характеристика гласных звуков в современном киргизском литературном языке: Автореф. дис... канд. филол. наук. Фрунзе, 1971.
63. Исаяев М.К. К вопросу о фонетической структуре слова в казахском языке: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1970.
64. Исхаков Ф.Г. Тувинский язык. М.; Л., 1957.
65. Исхаков Ф.Г. Характеристика отдельных гласных современных тюркских языков. - Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. М., 1953. Т. I.
66. Исхаков Ф.Г., Палымбаев А.А. Беглые гласные в татарском и некоторых других тюркских языках. - Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. М., 1955. Т. I.
67. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861.
68. Калиев Б.К. К вопросу о длительности узких гласных звуков в каракалпакском языке (на основе экспериментальных данных). - В кн.: Филологический сборник. Алма-Ата, 1967. Вып. 6-7.
69. Калиев Б.К. Редукция узких гласных звуков в казахском и каракалпакском языках: (Экспериментальное изучение): Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1967.
70. Катаров Н.Ф. Опыт исследования урянхайского языка. - Уч. зап. имп. Казан. ун-та, 1899, кн. II.
71. Кенесбаев С.К. К вопросу о закономерностях акцентуации в казахском языке. - В кн.: Вопросы казахской филологии. Алма-Ата, 1964.
72. Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің екпін категориясы туралы. - Изв. АН КазССР. Сер. лингв., 1948, № 77, вып. 5.
73. Кеңесбаев І.К., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1962.

74. Киекбаев Ж.Г. Башкорт теленен фонетикасы. Өфе, 1958.
75. Киекбаев Ж.Г. Фонетика башкирского языка: Автореф. дис. ... докт. филол. наук. М., 1959.
76. Киссен И.А. Краткий очерк фонетики русского языка в сопоставлении с фонетикой узбекского языка. Ташкент, 1952.
77. Клименко А.А. Элементы фонетики узбекского языка. Ташкент, 1958.
78. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.; Л., 1956.
79. Кононов А.Н. Грамматике современного узбекского литературного языка. М.; Л., 1960.
80. Корнилова О.С. Гласные фонемы якутского и французского языков. (Экспериментально-фонетическое исследование). Автореф. дис. ... канд. филол. наук. М., 1959.
81. Корш Ф.Е. Слово "балдак" и долгота гласных в турецком языке. - Живая старина, 1909, кн. 70-71, вып. 2-3.
82. Корш Ф.Е. Древнейший народный стих турецких племен. - Зап. Вост. от-ния Импер. арх. об-ва, 1909, т. 19, вып. 2-3.
83. Котвич В. Исследование по алтайским языкам. М., 1962.
84. Котлеев В.И. Акустические признаки чувашского словесного ударения. - Советская тюркология, 1981, № 4.
85. Куназ А.Ч. Звуковая система современного тувинского языка. Кызыл, 1957.
86. Кязимов Ф.А. Система гласных фонем азербайджанского языка. - Изв. АН СССР. Отделение литературы и языка, т. II, 1952, вып. 4.
87. Кязимов Ф.А. Азербайджанские гласные в сравнении с английскими. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. М., 1951.
88. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954.
89. Қалиев Б. Түркі тілдеріндегі қысаң дауыстылардың түсіп қалуы туралы. - Вестн. АН КазССР, 1966, № 2.
90. Қалиев Б. Екіпін категориясына байланысты түркі тілдеріндегі фонетикалық құбылыстар. - Қазақ тілі мен әдебиеті мәселелері. Алматы, 1966, 4 шығ.
91. Қалиев Б. Қарақалпақ тіліндегі дауысты дыбыс редукциясы. - Изв. АН КазССР. Сер. обществ., 1967, № I.
92. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.; Л., 1951.

93. Мартине А. Принцип экономии в фонетических изменениях. М., 1960.
94. Махмудов А. Словесное ударение в узбекском языке. Ташкент, 1960.
95. Мелиоранский П.М. Араб филолог о турецком языке. Спб., 1900.
- 95а. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Т. I. Спб., 1894.
96. Моллеев А. Акустическая характеристика ударных и безударных гласных в двухсложных словах туркменского языка. Ашхабад, 1980.
97. Одеков А.А. Сравнение гласных туркменского и английского языков (на основе экспериментальных исследований): Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Ашхабад, 1964.
98. Орусбаев А. Киргизская акцентуация. Фрунзе, 1974.
99. Павлов Д.А. Состав и классификация фонем калмыцкого языка. Элиста, 1963.
- 99а. Поливанов Е.Д. К вопросу о родственных отношениях корейского и "алтайских" языков. - Изв. АН СССР. Сер. 6, 1927, № 15-17.
100. Поливанов Е.Д. Некоторые фонетические особенности каракалпакского языка. Тр. Хорезм. экспедиции. Ташкент, 1933.
101. Потапова Т.Д. Об ударении в турецких топонимах. - Советская тюркология, 1978, № 5.
102. Поце дувеский А.П. Фонетика турецкого языка. Ашхабад, 1936.
103. Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен: Спб., 1866-1899. Ч. I-8.
104. Раимбекова М. Длительность гласных в казахском языке: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1968.
105. Раимбекова М. Об ударении в казахском языке. - Изв. АН КазССР. Сер. обществ., 1971, № 6.
106. Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. М., 1957.
107. Рамстедт Г.И. Сравнительная фонетика монгольского письменного языка и халхаско-ургинского говора. Спб., 1908.
108. Реформатский А.А. Введение в языкознание. М., 1960.
109. Решетов В.В. Узбекский язык. Ташкент, 1959. Т. I.
110. Решетов В.В. Основы фонетики и грамматики узбекского языка. Ташкент, 1961.

- III. Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955.
- II2. Самойлович А.Н. Краткая учебная грамматика современного османско-турецкого языка. Л., 1925.
- II3. Сапаев А. Словесное ударение в туркменском языке: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Ашхабад, 1967.
- II4. Сапаев А. Акустические характеристики словесного ударения в туркменском языке. - Ученые записки МГПИИЯ, 1971, т. 60.
- II5. Серебренников Б.А. О взаимосвязи языковых явлений и их исторических изменений. - Вопросы языкознания, 1964, № 3.
- II6. Старостов Л.Н. Об ударении в турецком языке. - Тр. Военно-го ин-та иностранных языков, 1953, вып. 2.
- II7. Степанова Е.Н. Звуковой состав чувашского языка в сравнении с немецким. - Ученые записки I-го МГПИИЯ, 1954, т. 8.
- II8. Степанова Е.Н. Звуковой состав чувашского языка в сравнении с немецким. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. М., 1951.
- II9. Сыдыков Ж.К. Безударный вокализм в киргизском языке. Фрунзе, 1978.
- II0. Сэвертян Э.В. Фонетика турецкого литературного языка. М., 1955.
- II1. Талипов Т. Описание гласных фонем и их оттенков в современном уйгурском литературном языке. - Тр. Ин-та яз. и л-ры АН КазССР, 1963, т. 3.
- II2. Талипов Т. Гласные звуки уйгурского и казахского языков. Алма-Ата, 1968.
- II3. Татубаев С. Об ударении в двухсложных словах казахского языка. - Советская тюркология, 1973, № 3.
- II4. Трофимов М.И. О соотношении между ударением и редукцией гласных в современном уйгурском и других тюркских языках. - Советская тюркология, 1981, № 3.
- II5. Трубецкой Н.С. Основы фонологии. М., 1960.
- II6. Убрятова Е.И. Опыт сравнительного изучения фонетических особенностей языка населения некоторых районов Якутской АССР. М., 1960.
- II7. Черкасский М.А. Тюркский вокализм и сингармонизм. М., 1965.
- II8. Шараф Г. Сонорная длительность татарских гласных. - Вестник научного общества татароведения. Казань, 1928, № 8.

129. Шаумян С.К. Проблемы теоретической фонологии. М., 1962.
130. Шварцман В.М. Некоторые вопросы казахского вокализма...
- Изв. АН КазССР. Сер. филол. и искусств., 1960, вып. 2(15).
131. Щерба Л.В. Фонетика французского языка. М., 1948.
132. Щерба Л.В. Русские гласные в количественном и качественном отношении. Л., 1912.
133. Щербак А.М. О тюркском вокализме. - В кн.: Тюркологические исследования. М.; Л., 1963.
134. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970.
135. Ярцева В.Н. О внутренних законах развития языка. - Изв. АН СССР, Отделение литературы и языка, 1952, т. II, вып. 3.
136. Böhrling O. Über die Sprache der Jakuten. Grammatik, Text und Wörterbuch. Spb., 1851.
137. Gronbeck K. Der Akzent im Türkischen und Mongolischen. ZDMG, 1940, XCIV.
138. Radloff W. Phonetik der nördlichen Türksprachen. Leipzig, 1882.

М А З М Ү Н Н

Кіріспе- - - - -	3
Мәселенің қойылысы, методологиялық принципі, зерттеу әдісі- - - - -	4
Редукция құбылысының зерттелуі- - - - -	9
<u>Бірінші тарау. РЕДУКЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР</u> - - - - -	20
1. Дауысты дыбыстар және олардың қасиеттері мен ерекшеліктері- - - - -	20
2. Редукция дегеніміз не? - - - - -	26
3. Қазақ тіліндегі еяпін туралы- - - - -	29
4. Еяпін мен редукция құбылысының байланысы- - - - -	35
<u>Екінші тарау. ЖАРТЫЛАЙ РЕДУКЦИЯ</u> - - - - -	46
1. Қазақ тіліндегі сапалық редукция мәселесі- - - - -	48
2. Қазақ тіліндегі сандық редукция- - - - -	57
<u>Үшінші тарау. ТОЛЫҚ РЕДУКЦИЯ</u> - - - - -	73
1. Қысаң дауыстылардың түсіп қалуы- - - - -	73
2. Қысаң дауыстылардың түсіп қалу жағдайлары- - - - -	77
3. Қысаң дауыстылардың түсіп қалу себебі- - - - -	82
4. Қысаң дауыстылардың түсіп қалу мерзімі- - - - -	90
5. Қысаң дауыстылар түсіп қалғаннан кейін сөздегі болған өзгерістер- - - - -	94
Қорытынды- - - - -	97
Қысқартылып алынған сөздер- - - - -	106
Литература - - - - -	107

Байынқол Қалиғлы Қалиев

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ

РЕДУКЦИЯСЫ

(Әксперименталды-фонетикалық верттеу)

Қазақ ССР Ғылым академиясы

Тіл білімі институтының Ғылыми Советі басылуға
бекіткен.

Редакция меңгерушісі М.А.Рашев

Редакторы К.Шалқаров

Керкемдеуші редакторы А.Б.Мальцев

Суретшісі В.Н.Воеводского

ИБ № 1575

Подписано в печать 11. (07) 1983 г.

УГ 10153. Формат 60х84 1/16. Бум. тип. №2.

Офсетная печать. Усл. п.л. 6,7.

Уч.-изд. л. 6,9 Тираж 500. Заказ 3

Цена 1 р. 10 к.

Издательство "Наука" Казахской ССР

480100, г. Алма-Ата, Пушкина, III/113

Типография издательства "Наука" Казахской ССР
480021, г. Алма-Ата, Шевченко, 28.